

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 008:004.738.5

Қолжазба құқығында

ОСЕРБАЕВ ЕЛДОС НҰРЛАНҰЛЫ

«Кибербуллинг мәдени девиацияның формасы ретінде»

8D03102 – «Мәдениеттану»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
философия ғылымдарының докторы,
профессор Т.Х. Ғабитов

Шетелдік ғылыми кеңесші
Стратегия академиясының
қауымдастырылған профессоры,
PhD Анджан Гош (Индия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....	3
КІРІСПЕ.....	5
1 АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ МӘДЕНИ ДЕВИАЦИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	28
1.1 Мәдени девиация: түсінігі, құрылымы және жіктелуі.....	28
1.2 Мәдени девиацияның типологиясы және қоғамдағы көріністері.....	44
1.3 Кибербуллинг мәдени девиацияның заманауи формасы ретінде.....	61
2 ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТ МӨНМӨТІНІНДЕГІ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	75
2.1 Кибербуллинг коммуникацияның жаңа модельдері мен жеке тұлғаның виртуалды кеңістікте өзін-өзі қорғау тәсілдері.....	75
2.2 Кибербуллинг құбылысының өрістеуіне әсер ететін заманауи факторлар.....	81
3 МӘДЕНИ ДЕВИАЦИЯНЫ ШЕКТЕУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ВИРТУАЛДЫ МӘДЕНИЕТ.....	96
3.1 Түркия, Ресей және Қытай мысалындағы мәдени девиацияны анықтау мен шектеу тәжірибесі.....	96
3.2 Қазақстандық виртуалдық мәдениеттегі кибербуллингтің ерекшеліктері.....	103
ҚОРЫТЫНДЫ.....	111
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	119

АНЫҚТАМАЛАР

Грифферлер – онлайн ойыншылар арасындағы кибербуллингтік әрекеттер, олар түрлі кері лексиканы пайдаланып, алаяқтық әрекетке де барады.

Девияция (лат. deviatio – «ауытқу») – әлеуметтануда және психологияда қоғамда орнатылған нормалар мен құндылықтардан ауытқуын білдіретін ұғым. Ол жеке тұлғаның немесе топтың әлеуметтік жүйедегі стандарттарға сәйкес келмеген мінез-құлқын сипаттайды.

Жалған идентификация – басқа адамның жеке парақшасын бұзып кіру арқылы өзге тұлғалармен негативті сарында ақпарат алмасады, жалған және зорлық-зомбылыққа толы ақпараттар таралады.

Кибербуллинг (ағыл. cyberbullying) – бұл интернет арқылы немесе цифрлық технологияларды пайдалана отырып, бір тұлғаны әдейі қорлау, қорқыту, ұятты ету немесе әлеуметтік оқшаулау үрдісі. Оның дәстүрлі буллингтен айырмашылығы – «құрбанға» кез келген уақытта, кез келген жерден қол жеткізуге болады әрі контент тез таратады.

Киберхаррасмент – (ағыл. harassment, орыс. притеснение, қазақша «шеттету») – нақты бір тұлғаға бағытталған буллингтік әрекет. Харрасмент жеке қарым-қатынаста кең таралады, негізгі ерекшелігі ұзақ уақыт бойы қайталанатын бір тұлғаға бағытталған топтың қысымы.

Киберсталкинг – бұл кезде буллер тікелей жәбірленушіге немесе оның отбасына арнайы жоспарлы түрде қорқытулар мен зәбір көрсету жоспарын іске асырады.

Мәдени девияция – бұл қоғамда қалыптасқан дәстүрлі мәдени-әлеуметтік нормалардан, құндылықтардан немесе әдет-ғұрыптардан ауытқу үрдісі. Бұл феномен әдетте жастар арасында глобализация жағдайында немесе әлеуметтік өзгерістер кезеңінде жиі кездеседі.

Остракизм – белгілі бір тұлғаны жоспарлы түрде бір онлайн топтан немесе комьюнитиден шығару, ватсап чаттардағы өзге біреуді «шығарып жіберу» әрекеттері жарқын мысал бола алады. Зерттеу нәтижесінде тұлға белгілі бір топқа «қатысы» болуын қалайды, ол өзіндік идентификация үшін өте маңызды. Ортақ топтар мен ортақ онлайн алаңдардан біреуді әдейі шығару оған саналы тұрғыда «байкот» жариялағанмен бірдей. Бұл әрекеттің нәтижесінде индивидтің жеке өз басын бағалауына кері әсер еткен.

Релятивизм, релятивист – әлеуметтік антропологияда мәдениеттің нақты ақиқаты мен моралдық және нормативтік стандарты жоқ болуына сай идеялар жиынтығы.

Репродукция – бұл биологиялық репродукция ғана емес, әлеуметтік антропологияда мәдени туындылардың көшірмесін айтады.

Сублимация – қорғаныстың мейлінше кең тараған түрінің бірі. Жеке адамның көзқарасы тұрғысынан жағымсыз мақсаттар жағымды болып өзгертіледі де, сондай мақсаттарға айналып кетеді. Сублимация үдерісі кезінде кейде белгілі бір мақсаттар карама-қарсы мақсаттармен алмастырылады.

Троллинг – провакторлар, тұлғаны манипуляциялық әрекеттермен сынау арқылы оның негативті реакциясын бағамдаушылар. Белгілі бір деңгейде жәбірленушінің алдында «билікке» ие болады.

Фрустрация (лат. frustratio – «алдану, үмітсіздік») – бұл адамның мақсатына жете алмауынан, қиындықтарға тап болуынан немесе қалауларының орындалмауынан туындайтын теріс эмоционалды-психологиялық күй.

Флейминг – (ағыл. flaming, орыс.воспламенение, қазақша «тұтану, тұтату») – екі немесе одан көп тұлғалар арасындағы бір-біріне бағытталған балағат, реплика алмасу процесі. Көбіне, бұл форма онлайн ашық алаңдарда орын алады, форумдар, ватсап чаттар және т.б. Орын алған дау-дамайға жаңа қатысушы тек қызықтау ниетімен одан әрі өршіте түседі, негізгі тақырып тасада қалады.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация жұмысында интернет арқылы жасалатын қорлық, қысым немесе қорқыту т.б. кибербуллинг әрекеттері мәдениеттанулық тұрғыдан талданып, девиациялық үдеріс ретінде қарастырылды. Еңбекте бұл мәселеге гуманитарлық ғылыми әдіснамалармен қатар, әлеуметтанулық, педагогикалық, философиялық тұрғыдан қарастырылатын тұжырымдар, көзқарастар, зерттеулер негізге алынып, кибербуллингтің қоғамдық өмірдегі практикалық мәні талданды. Жалпыадамзаттық сипат алып келе жатқан кибербуллинг мәдени өмірдегі керітартпа беталыс, соған орай, бұл құбылыстың шет елдердегі, әсіресе, Түркия, Қытай және Ресей мемлекеттеріндегі, сондай-ақ еліміздегі әлеуметтік келбеті зерделенді және ұлттық қауіпсіздік аясында қауіп-қатерлері мен оның алдын-алу мәселелері мәдениеттанулық тұрғыдан талқыланды. Бұл жұмыс кибербуллингтің әдеттегі өткінші құбылыс емес, қоғам өміріне терең бойлаған әдет, мәдени девиацияның жаңа формасы екенін дәлелдей отыра, Қазақстан қоғамының ерекшеліктеріне сай шешім жолдарын ұсынады.

Кибербуллинг – бұл интернет арқылы жасалатын қорлық, қысым немесе қорқыту әрекеттері. Оны зерттеу қазіргі ақпараттық қоғамда аса маңызды, себебі, жаһандық масштабы, интернет пен әлеуметтік желілердің өсуімен кибербуллинг әлемдік мәселеге айналды. Оны зерттеу арқылы оның таралуын, себептерін және салдарын түсіну қажет. Кибербуллингтің негізгі нысанасы – балалар мен жасөспірімдер, олардың психикалық денсаулығы толық қалыптастып үлгермегенін ескерсек, бұл үлкен проблемалар тудыруы мүмкін. Зерттеу арқылы оның психологиялық әсерін азайту жолдары іздестіру де маңызды. Кибербуллингті зерттеу заңнамаларды жетілдіруге (мысалы, мемлекеттік заңдар) және құқықтық қорғау механизмдерін құруға көмектеседі. AI, модернизация жүйелері және анонимдікпен күресу әдістері кибербуллингті азайтуға мүмкіндік береді. Зерттеулер арқылы осындай инновациялық шешімдерді жасауға болады. Кибербуллингті зерттеу арқылы қоғамды осы мәселе бойынша саналандыруға, алдын ала сақтандыруға және қолдау желілерін құруға болады. Кибербуллингті зерттеу – бұл тек қана статистика жинау емес, сонымен қатар, қоғамдық денсаулықты, қауіпсіздікті және адам құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадам. Бұл жұмыс кибербуллингтің әдеттегі өткінші құбылыс емес, қоғам өміріне терең бойлаған әдет екенін ескеріп, ғылыми айналымға жаңа мәдени девиацияның формасы екенін дәлелдей отыра, Қазақстан қоғамының ерекшеліктеріне сай шешім жолдарын ұсынады.

XXI ғасырда ақпараттық технологиялардың дамуы жаңа әлеуметтік құбылыстарды туындатты, олардың бірі – кибербуллинг. Кибербуллинг интернет арқылы жасалатын психологиялық зорлық-зомбылық, ол көбіне балалар мен жасөспірімдерге теріс әсер етеді. Бұл құбылыс жаһандық деңгейде маңызды әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылады. Кибербуллингтің құрбандары жиі теріс эмоциялармен бетпе-бет келіп, әлеуметтенуін қиындатады. Қазақстанда жүргізілген зерттеулерде оқушылардың, орташа есеппен, әрбір 5-ші

бала, яғни 21%-ы буллинг құрбаны болған жағдайда өзін-өзі зақымдауды ойлайтыны анықталған.

Зерттеу жұмысының өзектілігі.

Ақпараттық қоғамның дамуымен қатар мәдени, әлеуметтік және құқықтық құрылымдардағы өзгерістер тереңдетілген талдауды талап етеді. ХХІ ғасырда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы, әсіресе интернеттің және әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы, қоғамдағы жаңа әлеуметтік құбылыстар мен мәселелердің пайда болуына әкелді. Осы тұрғыда кибербуллинг құбылысы – интернет алаңдарында жасалатын психологиялық зорлық-зомбылық – бүгінгі таңда кең тараған әрі өзекті мәселе ретінде қоғамның назарын аударуда. Кибербуллингтің салдары психоэмоционалдық күйзелістерден бастап, қоғамдағы әлеуметтік бейімделу мен тұлғалық дамудың бұзылуына дейінгі кең ауқымды теріс әсерлерге әкеліп соғуда. Бұл құбылысты мәдени девиацияның жаңа формасы ретінде қарастыру қажеттілігі, кибербуллингтің ақпараттық қоғамның моральдық және этикалық нормаларына сәйкестендірілуі мен терең әлеуметтік өзгерістердің қозғаушы күші болуы тұрғысынан ерекше маңызды. Мәдени девиация ұғымы қоғамдағы қабылданған әлеуметтік нормалар мен құндылықтардан ауытқуды білдіреді, ал кибербуллинг осы ауытқудың бір түрі ретінде, дәстүрлі құндылықтар мен жаңа ақпараттық құрылымдардың арасындағы қайшылықтарды көрсетеді. Интернет және әлеуметтік желілердің анонимділік пен шексіз мүмкіндіктер ұсынуы, агрессорлардың жауапкершілікті сезінбеуіне әкеліп, агрессияның қарқынды әрі ұзаққа созылуына себеп болады.

Кибербуллингтің таралуы және оның қоғамдық денсаулыққа, психоәлеуметтік жағдайға, сондай-ақ әлеуметтік қатынастарға әсері оның жаһандық және ұлттық деңгейде маңызды әлеуметтік мәселе ретінде қарастырылуы керектігін дәлелдейді. Кибербуллинг құрбандарының көбі жалғыздық, қорқыныш, үмітсіздік, психологиялық күйзеліс сияқты теріс эмоциялармен бетпе-бет келіп, өздерінің әлеуметтік және психологиялық тұрғыдан әлсіздігін сезінеді, нәтижесінде олардың оқу мен еңбекке деген қызығушылығы төмендейді, ал кейбір жағдайларда суицидтік ойлар мен әрекеттерге дейін апаратын ауыр салдарларға ұшырайды. Қазақстанда жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, мектеп оқушылары арасында кибербуллингтің құрбаны болғандар, психологиялық тұрғыдан күрделі мәселелерге тап болатынын және өзін-өзі зақымдау тәуекелінің жоғары екенін дәлелдеді. Сонымен қатар, кибербуллингтің себебі мен салдарын зерттеу, оның таралу факторларын анықтау, алдын алу шараларын ұсыну, бұл құбылыстың мәдени және әлеуметтік негіздеріне терең үңілу қажеттілігіне алып келеді. Бұл зерттеу жұмысы кибербуллингті тек статистикалық құбылыс немесе психологиялық проблемалар ретінде ғана емес, сондай-ақ мәдени девиацияның көрінісі ретінде қарастырады. Ақпараттық қоғамның әртүрлі мәдени құндылықтар мен әлеуметтік құрылымдармен өзара әрекеттесуі нәтижесінде туындайтын бұл құбылысты зерттеу, оның қоғамдағы ықпалы мен өзгерістерге әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Кибербуллингтің психологиялық әсерін азайту, алдын алу шараларын жетілдіру, сондай-ақ құқықтық қорғау механизмдерін күшейту үшін инновациялық технологияларды (мысалы, жасанды интеллект, модерация жүйелері, анонимділікпен күрес әдістері) қолдану маңызды. Сонымен қатар, бұл құбылыстың мәдени, әлеуметтік және құқықтық аспектілерін кешенді зерттеу қоғамдық денсаулықты, психологиялық тұрақтылықты және әлеуметтік қатынастарды нығайту үшін аса қажет. Осы зерттеу жұмысы кибербуллингтің мәдени девиация ретінде қарастырылуы, оның қоғамдағы орны мен әсерін анықтау арқылы, оның алдын алу мен шешу жолдарын ұсынуға бағытталған. Қазіргі қоғамның дәстүрлі құндылықтары мен ақпараттық өркениеттің талаптарына сәйкес кибербуллингке қатысты жаңа шешімдер мен инновациялық тәсілдер ұсынылып, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жолдары қарастырылуда.

Аталмыш жайттарды ескере келе, зерттеліп отырған тақырып тікелей мәдени жады мен терең рухани құндылықтар жүйесінің заманауи ақпараттық технологиялармен қарым-қатынасына бойлайды. Әрбір мемлекеттің өркендеуі – оның рухани түп-тамырымен тығыз байланыста. Тәуелсіз Қазақстанның кемел болашағы да халқымыздың бай рухани-мәдени мұрасына терең бойлап, тарихи жадын жаңғырта білуінде жатыр. Ұлттық сана мен тарихи танымды жаңа тұрғыдан пайымдау – тек өткенді қадірлеу ғана емес, болашаққа сергек көзқараспен қараудың алғышарты. Осы негізде қалыптасқан ұрпақ – дәстүр мен заманауи өзгерістерді үйлестіре алатын, Қазақстанды жаһандық кеңістікте өзіндік болмысымен таныта білетін, ұлттық рухы биік жаңа буын болмақ.

Тарих бізге Ұлы Жібек жолы мен Ислам Ренессансы Орталық Азия көшпенділерінің мәдени девиацияларын өркениеттік өзгерістерге әсер еткен фактор рөлін көрсетті. Шын мәнісінде, егер отырықшы мәдениет кеңістікті өзара бөліссе, керісінше көшпелі өркениет өкіледері өздері кеңістікте бөлінді. Бұл аса үлкен бөлініс адамзат тарихының дамуына әсер етті, бұл мәдени девиантты бөліну үлкен диалог алаңдары, сауда жолдарының бірі болған Ұлы Жібек жолы мәдени диалог арқылы реттелді, мысалы, Орталық Азияда қалыптасқан отырықшы (дихандық-ирригациялық) және көшпелі өркениеттер арасындағы қарым-қатынас мәселесін толығымен шешіп отырды [1]. Көшпенділердің тұрақты қозғалысы оның өміршеңдігінің кепілі болды, қозғалыс бидің алғышарты ретінде жергілікті халықтың мәдени кодының практикалық жүзеге асқан формасы, ол жазу мен музыка пайда болғанға дейін болған алғашқы тілдің бір түрі. Мәдени девиациялардың алдын-алушы ретінде билер Таяу Шығыста, Шығыс және оңтүстік Еуропада кең таралған. Айталық, сема биінің дәстүрлі халық билерін, негізінен еуропалық немесе шығыс елдерінен, синтезделетін билермен біріктіреді [2]. Яғни, дала өркениетінде түрлі мәдени девиациялардың болуы қалыпты жағдай, тек еңсеру жолдарын табу аса маңызды болып отырған.

Ақпараттық технологиялардың дамуы қоғам және тұлға өмірінің маңызды бөлігі, осыған орай, бұл процесстің негізінде көптеген өзгерістер де орын алуда. Цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ақпарат алмасу мүмкіндігі мен уақыт айырмасы анағұрлым жоғары екені де белгілі. Дейтұрғанымен де,

виртуалды әлемнің бұл артықшылығы саналық және мәдени тұрғыда әлеуметтен ада немесе антисоциалды қоғам үшін аса жайлы мекен болуына әкеп соқты: мәселен, түрлі зорлық-зомбылық әрекеттерді насихаттау, өсек-аян тарату, аңду, бір сөзбен бұл нағыз «онлайн агрессияның» жарқын үлгісі.

Демек, біз қарастырып отырған мәселені қоғам мен адамзат дамуының игілікті объективті беталысы түрінде емес, жалпыадамзаттық девиация ретінде қарастыра отырып, оның Қазақстан қоғамындағы көріністеріне маңыз бере отырып, алдын алу үшін, алдымен, шығу тегі мен пайда болуы, таралуының себептерін зерделеу қарастырып отырған тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Салыстырмалы түрде кибербуллинг жаңа пайда болған құбылыс болғанымен, кәдімгі буллингтен тигізер әсері кейінгісімен салыстырғанда геометриялық прогрессиямен өлшенеді. Бұның негізгі себебі, онлайн ортаның агрессорге беретін «аноним» қалқаны болып табылады, уақыт пен интернет ресурстарының шексіздігін тағы ескерсек, онлайн агрессияның толассыз ордасы екенін байқаймыз. Кибербуллинге ұшыраған адам тікелей психо-эмоционалдық күйзеліске ұшырайды, онлайн агрессияға ұшыраған индивидтер: жалғыздық, алаңдаушылық, ұяңдық, қорқу, фрустрация, ашу-ыза және әлеуметтену процесінде қиындықтарға тіреледі. Кибербуллинг өзін-өзі зақымдау мен суицидтік әрекет пен суицидке әкеп соқтырады. Қоғамда кибербуллингті қарастыра отыра «қорғану» әрекетін де ескеру қажет: мән бермеу, агрессормен жеке қатынас, жәрдем іздеу, блоктау және кек алу сынды әрекеттер жиі кездеседі. Бірақ, жағдайға байланысты әрекет ету алгоритмдері анықтауға байланысты зерттеу жұмыстары аз, яғни, мәдени девиациялық кезеңге дейінгі аралыққа апаратын факторлар толық анықталмаған.

Ендеше, қоғамдағы басқа да девианттық мінез-құлықтардың бірі ретінде қалыптасып келе жатырған кибербуллинг жай үдеріс қана емес, одан сақтануды керек ететіндіктен, қазіргі таңда оның технологияларын зерттеу сұранып тұрған көкейкесті мәселе деп айта аламыз.

Сонымен қатар, қазіргі ақпараттық өркениеттегі мәдени девиацияларға байланысты кибербуллинг процестеріне философиялық және антропологиялық талдау жасау аса маңызды, себебі ХХІ ғасыр мәдениетінің басты ерекшелігі-өркениеттің ақпараттық толқыны және жаһанданудың аяқталуға таяуы, оның орнына локализация (белгілі бір құндылықтарға байланысты біріккен одақтар: Түркі мемлекеттері ұйымы, Еуропа одағы, БРИКС) процестерінің қарқынды жүруі байқалуда. Осыған байланысты ұлттық мәдениеттер жаңа қауіптер мен талаптарға тап болады. Бүгінгі таңда әр ұлт өзінің мәдени ерекшелігін сақтауға әрң дамытуға тырысады, ал гуманистік және моральдық құндылықтар сынақтар мен дағдарыстың жаңа түрлеріне ұшырайды. Кибербуллинг-бұл цифрлық технологияны қолдану арқылы қудалау. Тарихты, мәдениетті дұрыс түсіндірмеу және қазіргі қоғамның табиғатқа қатысты тұтынушылығының жоғары деңгейі өсуде [3].

Девиантты мінез-құлық феномені ретінде қорқыту жасөспірім кезіндегі өткір әлеуметтік маңызды мәселе болып табылады. Әр ортада тұлғаның құрдастарынан ерекшелендіретін қасиеттері бар. Тұлғаның айрықша

сипаттамалары көбінесе мазақ пен қорлауға әкеледі. Эпизодтық қудалау, қазіргі ғылымдағы қудалау атауын алды.

Зорлық-зомбылық құбылысының медиалық және қоғамдық репрезентациясы көбіне редуccionистік сипатта ұсынылады. Бұл мәселе жиі түрде әлеуметтік тұрғыдан осал топтарға – әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен отбасылардың балаларына, психоактивті заттарға тәуелді ата-аналардың ұрпақтарына немесе маргиналданған білім беру мекемелерінде оқитын оқушыларға телінеді. Мұндай репрезентация қоғамдық сананың зорлық-зомбылықты локалды, сирек кездесетін және әлеуметтік шеткері жағдайлармен ғана байланысты деп қабылдауына ықпал етеді. Алайда эмпирикалық деректер мен кешенді ғылыми талдаулар көрсетіп отырғандай, зорлық-зомбылық кез келген әлеуметтік, мәдени, этностық немесе демографиялық стратада орын алуы мүмкін әмбебап әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сонымен қатар зорлық-зомбылықтың табиғаты тұлғалық-психологиялық сипаттамалардан бастап, макроәлеуметтік құрылымдарға, құқықтық және мәдени нормаларға дейінгі көпқабатты факторлармен айқындалады. Осыған байланысты бұл феномен тек психология немесе криминология шеңберінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтану, педагогика, философия, мәдениеттану сияқты пәнаралық контексттерде де кеңінен зерттелуде. Сондықтан зорлық-зомбылықты талдау – құрылымдық және дискурсивтік факторларды қамтитын кешенді теориялық-эмпирикалық зерттеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы мәдени процестердің кейбір бағыттары өздерінің табиғи табиғатынан ауытқып, Батыс, Шығыс, араб әлемінің мәдени үрдістерінің насихаттаушыларға айналды, ол тек еліктегіш сипатта өрбиде, ал бұл процесс ұлттық талғам мен сананы әлсіретеді, сонымен қатар, шектеусіз бұндай үдерістер біртіндеп халықты дәстүрлі мәдениетінен ығыстыра бастайды [4].

Осыны есере келе, кибербуллинг қоғам дамуындағы жалпыадамзаттық девиациялық үдеріс, сондықтан Қазақстандағы оның генезисі мен эволюциясын, қоғамға қатерін зерделеу үшін екі жақты масштабты негізге алу қажет: аймақтық және туыстық. Осыған орай, бірі аймақтық пен территориялық негіз бойынша көршілес мемлекеттер – Ресей мен Қытай, екіншісі, діліміз бен арғы мәдени кодтарымыз үндесетін – Түркия мемлекеті мысалында осы ахуалды талдау да аса маңызды.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Цифрланушы қоғам мен виртуалды әлемге ауысу, әрине, нағыз прогресс пен адамзаттың сара жолы екендігі даусыз. Алайда адамдардың интернеттің цифрлық тәуелділеріне айналуы жаңа проблемаларды да әкелді. Нәтижесінде, әсер ету субъектісіне пайдалы құндылықтарды, кодтарды, өкілдіктер мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру мақсатында интернетті пайдаланушылардың үлкен топтарына сыртқы әсер ету үшін барлық қажетті технологиялық мүмкіндіктер әзірленді. Осылайша, интернеттің виртуалды кеңістігімен көбейтілген геосаяси дискурс бұрын-соңды болмаған күшке ие болады. Девиацияның заманауи көрінісі кибербуллингті өрістеді. Бұл процесс арандатушылық ақпарат пен түсіндірме мәтіндерінің, тұлғаға негізсіз

ауысулардың, қауіп-қатерлердің, әлеуметтік оқшаулануға және бүкіл кезең мен циклдегі материалдық, физикалық шығындарға әкелетін әрекеттердің жиынтығы болып табылады. «Анонимді» немесе жасырын ықпал етушілердің иелері манипуляция уақытын ұзартады, өздерінің «жәбірленушісін» психологиялық және эмоционалдық қысымда ұстайды, сәйкесінше деструктивті нысандарды белсенді ететін әрекеттерді жасайды.

Зорлық-зомбылықты, соның ішінде білім беру кеңістігіндегі агрессия түрлерін зерттеу мәселесі XX ғасырдың алғашқы кезеңдерінен бастап ғылыми дискурсқа енді. Уақыт өте келе бұл тақырып түрлі елдердің ғалымдарының назарын аударып, психологиялық, әлеуметтік және педагогикалық тұрғыда жан-жақты қарастырыла бастады. Қазіргі таңда мектеп оқушылары арасындағы виртуалды кеңістіктегі қысым көрсету – яғни, кибербуллинг – өзекті әлеуметтік-педагогикалық мәселеге айналды. Осыған орай, заманауи педагогика мен қолданбалы психология салаларында жасөспірімдердің интернет кеңістігіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, алдын алу мен оңалтуға бағытталған арнайы бағдарламаларды әзірлеу қажеттігі туындап отыр. Мұндай бағдарламалар баланың тұлғалық дамуының бастапқы сатыларында енгізіліп, олардың әлеуметтік дағдыларын, эмоционалдық тұрақтылығын және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, бұл бастамалар ғылыми негізделген, кешенді және ұзақмерзімді тәсілді талап етеді.

Дәл осы тұрғыдан алғанда, Эмиль Дюркгейм және Роберт Кинг Мертон сынды ғалымдар девиантты мінез-құлық мәселесін қарастырды. Француз философы және әлеуметтанушысы Э. Дюркгейм өзінің «Діни өмірдің қарапайым формалары» атты еңбегінде аномияны бұлыңғыр күй ретінде қарастырады, яғни, нормативтік-құндылық жүйесінің болмауы, әлеуметтік реттеушілерді нақты жалпы қабылданған және жалпыға міндетті түсіндірудің болмауы [5]. Дюркгейм алғаш рет докторлық диссертацияны дайындауда, кейінірек «Қоғамдық еңбек бөлінісі туралы» (1883) монографиясында, «Суицид» (1887) кітабын дайындауда екінші рет, содан кейін «Әлеуметтанулық әдіс ережелері» (1895) және «Діни өмірдің қарапайым формалары» (1915) кітаптарында аномия туралы айтты.

XXI ғасырдың ақпараттық және цифрлық технологиялар саласындағы қарқынды даму қазіргі қоғамның құрылымдық, әлеуметтік және мәдени өзгерістеріне жол ашты. Қоғамдағы жаңа ақпараттық қарым-қатынас арналарының кеңеюі, әсіресе интернет пен әлеуметтік желілердің пәрменді қолданылуы, жаңа әлеуметтік құбылыстарды туындатты. Осы құбылыстардың бірі ретінде кибербуллингті, яғни интернет арқылы жүзеге асырылатын психологиялық қысым мен қорқыту әрекеттерін қарастыру аса маңызды. Кибербуллингтің кеңінен таралуы оны жаһандық деңгейде өзекті әлеуметтік мәселе ретінде көтерді, оның теріс әсері қоғамның барлық әлеуметтік, мәдени, және психоэмоционалдық құрылымдарына ықпал етуде.

Мәдени девиация тұжырымдамасы қоғамның қалыптасқан әлеуметтік нормаларынан, құндылықтарынан және моральдық принциптерінен ауытқуды білдіреді. Кибербуллингтің қазіргі заманғы көрінісі дәл осы мәдени девиацияның бір түрі ретінде қарастырылуы тиіс. Кибербуллинг – бұл дәстүрлі әлеуметтік

нормалар мен құндылықтардан ауытқу, анонимділік пен шексіз уақыттың артықшылығын пайдалану арқылы әлеуметтік жүйені бұзу әрекеті болып табылады. Бұл құбылыс, әсіресе жастар мен жасөспірімдер арасында, психоэмоционалды әсерлер мен әлеуметтік тұрақсыздықты туындатып, жеке тұлғаның және қоғамның мәдени құрылымдарына теріс ықпал етіп отыр. Қазіргі уақытта мәдени девиацияны зерттеу түрлі әлеуметтік ғылымдардың назарында. Эмиль Дюркгейм қоғамдағы әлеуметтік тәртіптің бұзылуын «аномия» ретінде қарастырып, бұл құбылыстың қоғамдағы моральдық нормалар мен құндылықтардың бұзылуынан туындайтынын көрсеткен. Дюркгейм өзінің «Қоғамдық еңбек бөлінісі туралы» (1893) еңбегінде аномияның қоғамда құрылымдық ретсіздікті тудырушы фактор екенін айтады. Кибербуллингті зерттеу осы аномияның қазіргі заманғы көрінісі ретінде қоғамның ішкі құрылымдары мен әлеуметтік байланыстарының бұзылуын зерттеуді қажет етеді. Ал, кибербуллинктің психологиялық және әлеуметтік әсерін зерттеуде Роберт Кинг Мертон мен Габриэль Беннет сияқты ғалымдар да өз үлестерін қосқан. Мертонның әлеуметтік құрылым теориясы бойынша, индивидтің немесе әлеуметтік топтың жалпы әлеуметтік мақсаттарға жетудегі жолдарын бұзу, яғни «құралдардың» қоғамда рұқсат етілген тәсілдерінен ауытқуы, осы девиантты мінез-құлықтың көрінісі болып табылады. Мертон кибербуллинктің анонимділігін және онлайн кеңістікте нормалардан ауытқуды зерттей отырып, оның әлеуметтік және психоэмоционалды әсерлерін терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, қазіргі ақпараттық қоғамдағы кибербуллингті зерттеу мәселесін Наташа Ли, Марк Дженкинс, Анита Азизи, Шон Смит сынды ғалымдар да қолға алған. Олар кибербуллинктің құрбандарындағы психоэмоционалды күйзелістерді, қоғамнан оқшаулану мен әлеуметтік бейімделу қиындықтарын зерттеп, бұл құбылыстың қоғамға тигізетін зиянды әсерін айқындаған. Әсіресе, Наташа Ли мен Марк Дженкинс кибербуллинктің ұзақ мерзімді психологиялық салдарын зерттеп, құрбандардың оқшаулануына, депрессияға, суицидтік ойлар мен әрекеттерге ұшырайтынын атап өткен. Ал, Питер Фусс және Габриэль Беннет интернеттегі анонимділік пен шексіздік сияқты ерекшеліктердің кибербуллингке қалай әсер ететінін зерттеп, агрессорлардың жауапкершілікті сезінбеуіне жол ашатынын, сонымен қатар виртуалды әлемде әрекет етудің салдарынан туындайтын теріс әсерлерді талдаған. Бұл ғалымдар кибербуллингті тек психологиялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік қатынастардағы құрылымдық өзгерістер мен мәдени ауытқулар тұрғысынан зерттеуді ұсынды. Сондай-ақ, мәдени девиация мен кибербуллингті зерттеуде Фридрих Хайек сияқты философтар да маңызды теориялық негіздер ұсынған. Хайек қоғамдағы идеологиялық жіктемелердің, яғни «капитализм» мен «социализмнің» шектеулерін талқылай отырып, қазіргі қоғамдағы әлеуметтік құрылымдардың бейімделу сипатын және олардың эволюциялық өзгерістерін ұсынған. Бұл тұрғыда кибербуллинг қоғамдағы дәстүрлі нормалар мен құрылымдардың бұзылуына, адамдардың өзара әрекеттесуін шектеуге алып келеді.

Қазіргі ақпараттық қоғамдағы кибербуллингтің әсері мен оның әлеуметтік, психологиялық және мәдени мәні туралы зерттеулер қоғамдағы моральдық құндылықтардың өзгеруін, жаңа мәдени тәуекелдер мен девиациялық мінез-құлықтың туындауын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл зерттеулер кибербуллингтің алдын алу мен шешу үшін кешенді стратегиялар мен құқықтық, педагогикалық шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік, психоэмоционалды және мәдени аспектілерді ескере отырып, кибербуллингтің салдарын зерттеу қоғамның тұрақтылығына және мәдени үйлесімділікке үлкен ықпал етеді. Яғни, кибербуллингтің мәдени девиация тұрғысынан зерттелуі қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және психологиялық өзгерістердің негіздерін түсінуге жол ашады. Бұл құбылысты зерттеу қоғамның тұрақтылығы мен оның мәдени нормаларын сақтауға бағытталған тиімді шараларды жасауға мүмкіндік береді. Кибербуллингтің мәдени және әлеуметтік әсерлерін терең зерттеу, оның алдын алу және құқықтық қорғау шараларын жетілдірудің қажеттілігін айқындайды, бұл өз кезегінде қоғамның моральдық және мәдени құндылықтарының дамуында маңызды қадам болып табылады.

Қоғамдық өмірде девианттық мінез-құлықты талдау тек әлеуметтік нормалардан ауытқу ретінде ғана емес, сондай-ақ, ұжымдық бірегейлікті қалыптастыратын құрылымдық тепе-теңдіктің бұзылу көрінісі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл контексте девиация феномені тұлғаның немесе әлеуметтік топтың жалпы қабылданған ынтымақтастық формаларынан алшақтауын, сол арқылы балама өмір сүру тәсілдерін ұсынуын білдіреді. Осы тұрғыда, Эмиль Дюркгеймнің әлеуметтік тұтастық туралы ілімі маңызды негіз болып табылады. Ол әлеуметтік жүйені органикалық организмге ұқсатып сипаттай отырып, оның ішкі бірлігі әртүрлі, бірақ өзара тәуелді элементтердің үйлесімді қызметі арқылы қамтамасыз етілетінін көрсетеді. Мұндай құрылымда тұлғалық даралық, заң үстемдігі және мүдделердің келісімі әлеуметтік ұйымдасудың негізгі тіректеріне айналады. Сондай-ақ, органикалық ынтымақтастықтың негізінде индивидтердің келісімді еркіндігі мен өзара әрекеттесуінің құқықтық-этикалық регламенттері жатыр. Бұл жағдайда әлеуметтік құрылым ішкі үйлесімділік пен өзара мойындауға негізделген, ал девиация осы консенсуалдық шеңберден шығу әрекеті ретінде көрініс табады. Осыған ұқсас тұжырымды либералдық философия өкілі Фридрих Хайек те алға тартқан. Ол заманауи қоғамдағы дәстүрлі идеологиялық жіктемелердің (мысалы, капитализм мен социализм) мазмұндық шектеулері туралы айта келіп, қазіргі адамзаттық байланыстарды «кеңейтілген ынтымақтастық тәртібі» деп атаудың орынды екенін ұсынады. Мұндай түсінік әлеуметтік жүйелердің эволюциялық сипатын, өзара бейімделу мен келісім негізіндегі тұрақтылықты баса көрсетеді.

«Девиантты мінез-құлық» ұғымының жағымсыз жағы мен сөздіктері атап өтіледі, атап айтқанда А.В. Петровский мен М.Г. Ярошевский өңдеген қысқаша психологиялық сөздікте табуға болады [6]. Егер іс-әрекеттер азғындық пен қылмыс дәрежесіне жеткізілсе, онда олар девианттылық белгісіне түседі. Этика сөздігі девиантты мінез-құлықтың теріс сипаттамасын растайды: яғни, бұл мінез-құлық түпкі теріс моральдың айқын көрінісі ретінде қылаң береді.

Біз өз жұмысымызда «девиация» түсінігін адамдық ынтымақтастық пен бірегейлеуден ауытқушылық, адамдардың жеке немесе бірлесе өмір сүруінің ерекше формасы ретінде қолданамыз. Кезінде Э. Дюркгейм адамдық қауымдасудың органикалық түрі туралы арнаулы пікір айтқан. Ол мұндай тұтастықты биологиялық организммен салыстырады: онда барлық мүшелер бір-біріне ұқсамайды, бірақ барлығы бірігіп организмнің өмір сүруін қамтамасыз етеді. Органикалық ынтымақтың әлеуметтік-мәдени негізінде тұлғалық еркіндік, мүдделер келісімі және заң жатады. Осындай тұлға жалпы келісімге негізделген императивтер аймағында еркін әрекет ете алады. Бұл қоғамның жетекші принципі – дарашылдық. Ф. Хайек те қазіргі кезде «капитализм» мен «социализм» деген атаулардың ескіргенін және бүгінгі адамдар бірлігін «адамдық қауымдасу мен ынтымақтастықтың кеңейтілген тәртібі» деп атау керек деген. Бұндай деңгейдегі зорлық-зомбылық шын мәнісіндегі моральдық зұлымдықтың үлгісі деп қарастырылады [7].

Нақтылы практикалық түрде осы мәселемен айналысатын АҚШ ғалымдарының зерттеулеріне де тоқталғанымыз маңызды. Самир Хиндуджа, АҚШ-тағы Флорида Атлантикалық университетінің профессоры, кибербуллингтің алдын алу саласындағы жетекші маман. Зерттеулерінің теориялық негіздері осы сала бойынша алғашқы іргелі еңбектердің қатарынан саналады. Оның «Кибербуллингтің алдын алу және жауап беру, «Желідегі жарақат»: кибербуллингті жою және мейірімділікті вирусқа айналдыру» атты мақаласы зор маңызға ие. Джастин Пэтчин, Висконсин университетінің профессоры, Самир Хиндуджамен бірге «Cyberbullying Research Center», яғни, кибербуллингті зерттеу орталығының негізін қалаған. Питер К. Смит Ұлыбританиядағы Голдсмита университетінің (Лондон университеті) психология профессоры, буллинг пен кибербуллингтің халықаралық салыстырмалы зерттеулерін жүргізген. Мишель Ф. Райт болса кибербуллингтің құрбандарына психологиялық әсерін зерттейтін американдық ғалым. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы онлайн қарым-қатынасқа байланысты көптеген еңбегі бар. Деспоина Хацакау, Николас Куртеллис және Джереми Блэкберн біріге отыра, компьютерлік ғылым мен әлеуметтік медиадағы кибербуллингті анықтау үшін алгоритмдер мен жасанды интеллект қолданатын зерттеушілер. Олар көбіне Twitter секілді платформалардағы онлайн агрессияны зерттейді.

Бұл ғалымдар қатарына Дэвид Финкені де жатқызуға болады, ол Нью-Гэмпшир университетінің әлеуметтану кафедрасының профессоры және «Crimes against Children Research Center», яғни, балаларға қарсы қылмыстарды зерттеу орталығының директоры, балаларға қатысты зорлық-зомбылық, оның ішінде кибербуллингті зерттеудегі жетекші маман. Сонымен бірге Брендеша Тайнс, ол Калифорния университетінің профессоры, USC Rossier School of Education оқу орнының психологы, оның зерттеулері жастардың әлеуметтік медиамен өзара әрекеттесуін және оның олардың әлеуметтік-экономикалық және академиялық нәтижелеріне әсерін қарастырады. Ол сондай-ақ, нәсілдік қатынастарға байланысты кибербуллингті зерттейтін Teen Life Online and in Schools жобасының жетекшісі ретінде белгілі. Пэрри Афтаб интернет қауіпсіздігі

бойынша заңгер және Wired Safety, Stop Cyberbullying ұйымдарының негізін қалаушы. Ол балаларды онлайн қауіптерден қорғау саласында кеңінен танымал сарапшы. Дэбора Темкинге келсек, ол балалар дамуындағы алдын алу зерттеулерінің маманы, АҚШ Білім министрлігінің бұрынғы қызметкері. Ол мектептердегі буллингті алдын алу және мектеп климатын жақсарту бойынша саясатты зерттейді. Бұдан шығатын қорытынды, Қазақстанда да ғалымдардың кибербуллинг мәселелерін зерттейтін арнайы орталықтардың болуы маңызды, себебі кибербуллинктің таралу аймағы мен масштабы тым үлкен болғанына қарай әр тарапты бос жібермей, бүге-шүгесіне дейін зерттеу күн тәртібіндегі мәселеге айналды.

Салыстырмалы түрде жаңа мәселе болып табылғанымен, кибербуллингті зерттеу Еуропа мемлекеттерінде де жоғары деңгейде. Бірқатар ғалымдарға тоқталсақ, Моника Шварц-Фрайсель – Кеш жарық құрметті әріптестер! ертеңгі кездесудің бағдарламасы Берлин Техникалық университетінің когнитивті ғылымдар профессоры. Ол интернеттегі қазіргі антисемитизм түрлерін зерттейді, оның ішінде кибербуллинг те бар. Яғни, еуропалық мемлекеттердің жаңа нәсілшілдік трендтерін ескерсек, бұл тұрғыдағы зерттеулер де өз қажеттілігін білдіруде. Соланге Гернауоти – Лозанна университетінің профессоры, киберқауіпсіздік және киберқорғаныс саласындағы халықаралық сарапшы. Ол балалардың интернеттегі қауіпсіздігіне қатысты зерттеулер жүргізеді. Әлбетте, кибербуллинг жас немесе уақыт талғамайтынын ескерсек, толығымен жою мүмкін емес екені де түсінікті, бірақ оның зарарын минимизациялау негізі мақсатқа айналуға тиіс, алдымен аз қорғалған балаларға мән беру керек. Осы тұрғыда ағылшын елінің ғалымдары да табысты еңбек етуде. Мәселен, Адам Джонсон Бат университетінің ақпараттық жүйелер профессоры, киберпсихология саласында зерттеулер жүргізеді. Оның еңбектері интернет мінез-құлқы мен әлеуметтік желілердегі қарым-қатынастарды зерттеуге бағытталған. Дэвид С. Уолл – Лидс университетінің криминалды зерттеу профессоры, киберқылмыс, ұйымдасқан қылмыс және интеллектуалдық меншік құқықтары саласында зерттеулер жүргізеді. Сония Ливингстон – Лондон экономика және саяси ғылымдар мектебінің әлеуметтік психология профессоры, балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мен құқықтарын зерттейді. Майкл Вале – Лондон университетінің заң факультетінің профессоры, цифрлық құқықтар мен реттеу саласында зерттеулер жүргізеді. Грекиялық ғалым Мария Папатсимоули Грекияда мектеп оқушылары арасында кибербуллинктің таралуы мен әсерін зерттеген. Бельгияның бірнеше ғалымы, атап көрсеткенде Синтия Ван Хе, Джил Якобс, Крис Эммери әлеуметтік желілердегі мәтіндерде кибербуллингті автоматты түрде анықтау бойынша зерттеулер жүргізіп келеді.

Бұл ғалымдар тәжірибелік зерттеулер жүргізіп, негізгі еңбектерін жариялады. Өркениетті елдерде буллинг туралы зерттеулер іргелі феномен ретінде қолға алынғанмен, бастапқыда бұл ахуалдың соншалықты маңызды екені туралы түсініктемелер берген: Д.Ольвеустың «Bullying at school: What we know what we can do». New York: Blackwell. (1993, «Мектептегі буллинг: біз нені білеміз әрі не істей аламыз»), В. Крэйг пен Д.Ж. Пеплер «Observations of bullying

and victimization in the schoolyard. *Canadian Journal of School Psychology*» (1997, «Мектеп ауласындағы бұзақылық пен құрбандықты бақылау») т.б. болатын.

Кейіннен, кибербуллингке түсініктеме беріп, оның қоғамдық өмірдегі көріністерін және одан жеңіл қорғанудың оңай еместігін зерделегендер: П.К. Смит, Ж.Махдави, М. Карвальо, С.Фишлер, С.Рассел, Н. Типпет т.б. («Cyber bullying: Its nature and impact in secondary school pupils. *Journal of Child and Psychiatry*» (2008, «Кибербуллинг: оның табиғаты және орта мектеп оқушыларына әсері. *Балалар және Психиатрия журналы*)). П. Афтаб кибербуллинг мәселесіне тереңдей еніп, ересектер арасындағы формасына «кибер харассмент» (cyber harassment) немесе «киберсталкинг» (cyber-stalking) түсініктерін енгізсе («Cyberbullying: An Interview with Parry Aftab». 2011.), Бұл құбылысты Г. В. Гиуметти, Е.С.Маккибен, А.Л. Хатфилд, А.Н. Шроедер, Р.М. Ковальски. («Cyberincivility @ work: The new age of interpersonal deviance. *Cyberpsychology, Behavior and Social Networking*» (2012) «кибертұрпайылық», «онлайндағы тұрпайылық» деп түсіндіреді, ал Р. Ковальски, С. Лимбер мен П. Агатстон «Кибербуллинг: Цифрлы ғасырдағы Буллинг» атты еңбектерінде флейминг мәселесіне кеңірек тоқталады, кибертролинге көбірек назар аударған К.Фамиглетти («Cyber-trolls vandalize Facebook page for Isabella Grasso» (2011) оның қоғамдағы келбетін мәдениеттанулық тұрғыдан талқылайды, А. Ленхарт, М. Мадден, П. Хитлин т.б. оның жастар арасындағы картинасын зерделеп, жылдар бойы әлеуметтанулық зерттеулер жүргізе келе, сандық-пайыздық көрсеткіштер бойынша бұл үдерістің динамикасын есептейді («Cyberbullying: What the research is telling us» (2010); «Teens and technology: Youth are leading the transition to a fully and mobile nation» (2005); «Teenage life online» (2001).

Кибербуллинктің қоғамдағы беталысының психологиялық, әлеуметтанулық, мәдениеттанулық қырларын және оның түрлерін кеңірек қарастырған басқа да шет елдік ғалымдарды атап өтуімізге болады: М. Лиссон «Out-of-Control Gossip on Juicy Campus Web Site» (2008, Juicy Campus Веб-сайтындағы бақылаудан шыққан өсек), Н. Виллард «Cyber bullying and cyberthreats: Responding to a challenge of online social cruelty, threats, and distress. Eugene, OR: Center for Safe and Responsible Internet Use» (2006, Киберқауіпсіздік және киберқауіптер: интернеттегі әлеуметтік қатыгездік, қоқан-лоққылар мен қайғы-қасірет мәселесіне жауап беру. Интернетті қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану орталығы), К.Уилямс, «Cheung пен W.Choi Cyberostracism: Effects of being ignored over the Internet» (2000, «Чеунг пен В. Чойдың Киберострацизм: интернет арқылы еленбеудің салдары»).

Сондай-ақ кейінгі жылдары П. Афтаб кибербуллинктің шығу себептерін зерделей келе, оның: кезінде буллингтен зардап шегіп, өш алу мақсатында өз ісін дұрыс көретіндер, мектеп қабырғасындағы беделі өмірлік қиыншылықтарға тап болғанда оны қорғану мен көңіл көтеру құралы ретінде пайдаланатындар, арнайы айналыспаса да, өзгелердің жетегінде кететіндер т.б. деп ажыратып көрсетеді («Cyberbullying: An Interview with Parry Aftab». 2011).

Кибербуллинг мәселесімен кейінгі жылдары көршілес Ресей зерттеушілері де мәдениеттанулық, әлеуметтанулық тұрғыдан зерделей бастады. У.

Парфентьев кибершабуылдардың әлеуметтік немесе ұлттық мотив қана емес, экстремистік сипатта да өрбіп келе жатқандығына тоқталса («Кибер-агрессоры. Дети в информационном обществе» (2009), Е.И. Беспалов «Результаты онлайн-исследования «Юный интернет-пользователь» в 2010 году» (2010) интернеттегі кибербуллингтің 2010 жылғы келбетін зерттейді, А.А. Бочавер, К.Д. Хломов бұл құбылысты арнайы мәдени феномен ретінде қарастыра бастайды («Буллинг (травля) как объект исследований и культурный феномен» (2013), А.В. Кондрашкин мен К.Д. Хломов «Девиантное поведение подростков и Интернет: изменение социальной ситуации» (2012) атты еңбегінде оның әлеуметтік өзгерістерге алып келіп отырғандығын баяндайды, Г.В. Солдатова мен Е.Ю.Зотова «Зона риска: Российские и европейские школьники: проблемы онлайн-социализации. Результаты исследования «дети России онлайн». Дети в информационном обществе» атты зерттеулерінде (2011) Ресейдегі кибербуллинг жағдайын талқылайды, А.А. Бочарев пен К.Д. Хломов «Кибербуллинг: травля в пространстве современных технологий» атты туындысында оның әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде жағымсыз жақтарын сараптайды.

Кейінгі жылдары кибербуллинг мәселесімен және ақпараттық желілер, виртуалды әлем, цифрлық қоғам туралы философиялық талдаулар жасаған ғалымдар: Т. Ғабитов, П. Сүлейменов «Болмыс стратегиялары» (2025), оның әлемдегі үрдістеріне тоқталғандар: С.К. Күмісбеков, С.М. Сабитов, М.Т.Акимжанова «Қазіргі кезеңдегі кибербуллингтің алдын алу мәселелері» (2022) т.б.

Кибербуллингтің мәдени-әлеуметтік жақтарымен қатар, педагогикалық-психологиялық қырларына маңыз бере зерттегендер: А.Е. Иниязова, Т.С.Слаббекова, Ұ.Қ. Қияқбаева («Кибербуллингтің жасөспірімдерге әлеуметтік-психологиялық әсері» (2022), Г. Сланбекова, А. Тургумбаева, М.Умуркулова Д. Мухамедкаримова, М. Чун («Кибербуллинг феномені: әдебиетке кешенді шолу» (2023), М.П. Асылбекова, Қ.Т. Атемова, Б.Ж. Сомжүрек («Түркістан облысындағы жасөспірімдер арасында буллинг және кибербуллингтің орын алу жағдайы» (2023), К.М. Беркимбаев, А.Р. Боранбаева, М.С. Бекболат («Кибербуллингтің алдын алудың әдістемелік жүйесін даярлау» (2025), Г.М. Жуматова, Т.А. Чаусова, Н.С. Байжуманова («Буллинг және кибербуллинг – әлеуметтік-педагогикалық проблема ретінде» (2023), М.Б.Тоқтағазин, А.Т. Тәңірберген, С.А. Тілепберген «Интернет-коммуникациядағы кибербуллинг: пайда болуы, өзекті мәселелері» (2024) атты мақалаларында қысқаша талқылайды.

Албытова Н.П., Слаббекова Т.С., Жукенова Г.Б. – «Білім беру ортасындағы буллинг және кибербуллинг факторлары» атты мақаласында буллинг пен кибербуллингтің анықтамалары мен білім беру ортасындағы «педагог-оқушы» қарым-қатынасының әсерін талдайды. Оның нәтижелерін dspace.enu.kz сайтынан көруге болады. Оған қоса, ҚР ІІМ Алматы академиясының қызметкері Қ. Жұмабекова балаларды кибербуллингтен қорғаудың құқықтық аспектілерін зерттейді.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері.

XXI ғасырдың ақпараттық революциясы мен жаңа цифрлық дәуір қоғамда түбегейлі өзгерістерге алып келді. Бұл кезеңде сандық технологиялардың қарқынды дамуы адамзаттың әлеуметтік, мәдени және психологиялық құрылымдарына әсер етті. Осы өзгерістердің бірі, әрі маңыздысы – интернет пен әлеуметтік желілердің ықпалы арқылы пайда болған жаңа әлеуметтік құбылыс – кибербуллинг. Бұл құбылыс виртуалды кеңістікте, негізінен жастар арасында орын алатын психологиялық зорлық-зомбылықты сипаттайды. Кибербуллингтің қоғамдағы теріс салдарлары оның маңыздылығын арттырып, оны зерттеу қажеттілігін туындатты. Осы тұста, кибербуллингті мәдени девиацияның бір формасы ретінде қарастыру маңызды әрі өзекті болып отыр.

Зерттеудің **мақсаты** – қоғамда кибербуллингтің пайда болу факторларын анықтау және оны әлемдік мәдени дискурс формалары арқылы басқа шет мемлекеттермен салыстыра отыра, оның Қазақстандағы келбетін тұтасынан мәдениеттанулық тұрғыдан зерделеу.

Бұл мақсатты жүзеге асыру барысында мынадай **міндеттерді** шешу қажет:

- мәдениеттанудағы «мәдени девиация» түсінігінің мәнін айқындау және жалпы әлемдегі жастардың субмәдениеттерін зерделеу;

- мәдени девиацияның типологиясы мен қоғамдағы көріністерін талқылау және осы картинаға байланысты ҚР-дағы мәдени-әлеуметтік климаттың негізгі бағдарларына шолу жасау;

- кибербуллингті заманауи мәдени девиацияның бір көрінісі ретінде қарастыратын көзқарастар мен идеяларды саралау және оның негізгі тұжырымдарын ашып көрсету;

- уақыт өткен сайын кибербуллингтің жаңа форматтарының пайда болуы мен одан қорғанудың ресми (заңдық-құқықтық) және ресми емес технологиясын әр қырынан қарастыру;

- кибербуллингтің мәдени-әлеуметтік, психологиялық-ділдік климатын саралай отыра, негізгі ықпал етуші жеке факторлар мен детерминанттарының трансформацияларын айқындау;

- Ресей, Түркия, Қытайдағы: мәдени девиация, оның ішінде, кибербуллингтік әрекеттер мен оларды зерттеу бағдарларын таразылап, негізгі ерекшеліктері мен айырмашылықтарын қарастыру;

- Қазіргі Қазақстандағы кибербуллинг мәселесінің саяси-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық дискурсын талқылай келе, оның алдын алу мен қатерлерінен сақтану жолдарының негізгі бағдарларын ұсыну.

Зерттеудің нысаны: Әлемдік өркениеттің ақпараттық толқынындағы мәдени девиация үрдістері.

Зерттеу жұмысының пәні: кибербуллингтің мәдени девиацияның формасына айналу құбылысы мен оның өмірлік тәжірибедегі нақты көріністері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

1. Кибербуллингті зерттеудің алғышарты ретінде әлемдегі қоғамдық құбылыстар, оның ішінде, «аномия», «девиация», «мәдени девиация» түсініктеріне талдаулар жасай келе, ғылыми тұжырымдамаларды негізге ала отырып, бұл концептілердің логикалық-семантикалық мағынасын ашып

көрсетіп, аталған құбылыстардың себептері туралы дискурстарды талқыладық: психологиялық, биологиялық, әлеуметтік тәсілдерді негізге ала отырып, стигматизация мен конфликтологиялық теориялардағы негізгі мәселелердің қойылуы, ауытқулардың түрлерінің генезисі мәдениеттанулық тұрғыдан сараланды;

2. Мәдени девиацияның типологиясы мен қоғамдағы шынайы және нақты көріністері бойынша зерттеулерге тоқтала отырып, іргелі тұжырымдамаларды негізге алып, мәдени-рухани құндылықтар, мораль мәселесінің қойылуы бойынша нақты сауалдар мәселелер алаңына қойылды: адамның қадірі неге негізделуі керек – ішкі қасиет пе, әлде нарықтық өтімділік пе? Қоғамдағы моральдық және құқықтық тәртіптің түпнегізі неде: қорқыныш па, ар-ұждан ба? Біз қандай демократияны таңдаймыз: формальды ма, әлде ұлттық дәстүрге негізделген үйлесімді демократияны ма? Осыған сәйкес, ҚР ғалымдардың идеялары талқыланды.

3. Кибербуллинг критерийлері, формалары мен сипаттары, пайда болуының психоәлеуметтік себептері, киберагрессия және оның типтік бейнелері, оның дағдарыстық көріністері, сыртқы факторлар, виртуалды әлемдегі балалар мен жасөспірімдер арасындағы таралу беталыстарының келбеті, зардап шегу мен қорғану тетіктері т.б. мәселелер талқыланып, оның қоғамдағы жағдайы туралы жан-жақты интегративті зерттеулер жинақталып берілді;

4. Кибербуллингтің беталысы ғана емес трансформациялары, жаңа түрлерінің пайда болуы, оның коммуникациясының технологиясы мен тұлғаның кибершабуылдардан өзін қорғау мәселесіне тереңдеп енуді қолға алдық. Копинг, транзакциялық тәсіл, күресудің заманауи стратегиялары, постмодернистік өмір салты мен мәдениет жағдайындағы психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қарсы күрес жүргізудің мәдениеттанулық негіздері көрсетілді. Стратегиялардың мазмұны мен тактикасы талқыланды, кибербуллингке қатысты қазіргі таңдағы зерттеулер топтастырылып, оларға талдаулар жасалды;

5. Кибербуллинг үдерісіне ықпал ететін объективті және субъективті факторларды тереңірек зерттеу мақсатында «агрессор-көмектесуші тұлғалар-зәбір көрушілердің» өзіндік схемасын анықтадық. Көп жағдайда ол жеке тұлғалық психологиялық климатқа байланысты екені туралы тұжырым жасап, оның – өзін-өзі төмен бағалау, жалғыздық сезімі, фрустрациялық күйзеліс және ішкі сенімсіздік т.б. арқылы көрініс табатындығына көз жеткізе келе, гендерлік стереотиптерге қатысты жағы да, флэйминг, агрессор, (аффилиативті бейімделушілер), хамелеондар, троллинг, интернет-субмәдениеттер мәселесі қарастырылды. Кибербуллингке деген жаһандық көзқарас бойынша әлемдегі болып жатқан ахуалдарды әлеуметтанулық тұрғыдан зерттеулердің нәтижелері де сарапталды.

6. Кибербуллинг пен оны мәдени девиация аясында қарастыру тәжірибелері мен зерттеулерін Түркия, Ресей, Қытай мемлекеттері негізінде мысалға ала отырып, оларды салыстырып, ол елдердегі заманауи нақты ахуалдар мен қатерлерді сараладық, бұл үдерістердің заңнамалық-құқықтық актілер бойынша мемлекеттік деңгейдегі шешімін табуға деген ұмтылыстары мен алдын алу

шараларына зерттеулер жүргіздік және ҚР қолдануға болатын оңтайлы тәжірибелеріне де тоқталдық. Ондағы полиамория, тангпинг, нью-эйдждің түрлі форматтары, «NEET» құбылысы, дауншифтинг, Deep Packet Inspection қолданылуы, батыстық және ұлтшыл-секулярлық идеология, феминизм мен ЛГБТ қозғалыстары т.б. құбылыстардың мәдени-әлеуметтік, психологиялық-саяси астарлары көрсетілді.

7. ҚР мәдени девиация мен кибербуллингке қатысты проблемалық дискурс алаңын ұсына келе, оны шешудің жолдары мен технологиялары виртуалды кеңістік аясы бойынша талқыланды. Қойылып отырған мәселелер бойынша: ақпараттық желілер мен андерграунд, шет елдік идеологиялар мен мәдениет белгілері, цифрлық көшпелілер феномені, дофаминге тәуелділік, маргинализация, патологиялық гэмблинг, лудомания-букмекерлік т.б. әлемдік және қазақстандық зерттеулердің (2021, 2022, 2023 ж.) нақты көрсеткіштері мен талдаулары негізге алынды, виртуалды қылмыстарды санын азайту мүмкіндігі дәйектелді.

Жұмыстың әдіснамалық және теориялық негіздері. Диссертацияда девиантты мінез-құлық проблемаларын айқындау үшін ақпараттық, желілік, виртуалды цифрлық қоғам теориясы, ұрпаққа арналған тәсіл әдісі, аксиологиялық, әлеуметтік-мәдени тәсілдер, сондай-ақ аралас шындық тұжырымдамасы пайдаланылатын болады. Қосылған бақылау және пікіртерім әдісі (девиантты мінез-құлық топтарымен жұмыс), сауалнама жүргізу сандық жастардың құндылықтар мен мінез-құлық модельдері туралы эмпирикалық деректер алу үшін үлкен мәнге ие. Жұмыста, сондай-ақ, философиялық, психологиялық, құрылымдық-функционалдық тәсілдердің әдістері, талдау, синтездеу әдісі қолданылды. Диссертацияда кибербуллинг проблемаларын анықтау үшін ақпараттық, желілік, виртуалды цифрлық қоғам теориясы, ұрпақтық көзқарас, әлеуметтік желілер теориясы, аксиологиялық, әлеуметтік-мәдени көзқарастар, сондай-ақ аралас шындық тұжырымдамасы қолданылды. Қосылған бақылау және пікіртерім әдісі (девиантты мінез-құлық топтарымен жұмыс), сауалнама жүргізу сандық жастардың құндылықтар мен мінез-құлық модельдері туралы эмпирикалық деректер алу үшін үлкен мәнге ие. Жұмыста сондай-ақ философиялық, психологиялық, құрылымдық-функционалдық тәсілдердің әдістері, талдау, синтездеу, ғылыми жалпылау әдістері қолданылды.

Мәдениеттің цифрлық кеңістіктегі әсері коммуникациялық процеске қатысушылардың орналасқан жеріне байланысты емес. Бұл тыныс-тіршілік кеңістігі оның электрондық-цифрлық, желілік (ақпараттық) өлшемінде жастар үшін оң да, теріс де салдарға алып келеді және тиісінше оның кеңістігінде қалыптасып жатқан сандық ұрпақтың әлеуметтік-мәдени бейнесін терең талдауды талап етеді. Бұл образ қарама-қайшы, бірақ сонымен қатар глокализацияланған мәдениет шеңберіне толық сәйкес келетін (жеке тұлға бір мезгілде екі өлшемде - жаһандық және жергілікті) және «Generation Me-Generation We» мінез-құлық стратегиясынан тұрады.

Зерттеу барысында компаративистика, типологизация, герменевтика, диахронды және синхронды талдау сияқты әдістер нәтижелеріне орай, олардың

көмегімен мәдени серпіндегі жалпы және ерекше сипаттамалар, мәдени өзгерістерге әсер етудің ішкі және сыртқы тетіктері, қоғамды цифрлық жаңғыртудың жергілікті, өңірлік аспектілері анықталатын болады. Батыстық және батыстық емес қоғамдастықтардың девиантты субмәдениеттерін салыстырудың сарқылғандығын ұғыну «синтез» идеясынан мәдени-өркениеттік процестегі әмбебап және жергілікті өзара іс-қимыл идеясына көшуге қызмет етті. Теориялық-әдістемелік тәсіл ретінде зерттеуде кросс-мәдени уақытаралық «кросс-уақыт» талдауын қолдану – сандық буынның девианттық топтарының көрсеткіштері мен сипаттамаларын темпоральдық өлшем мен динамикада салыстыруға мүмкіндік берді.

Жаңа мәдениет өнімі адамзаттың сезімтал табиғатын өзгертті. «Эмодзиді» пайдаланудың уақытты едәуір қысқартуымен түсіндіріледі, жазуды безендіреді және адамның жан жағдайын білдіреді. Сонымен қатар, уақыттың жылдам өтуі маңызды бір нәрсені жіберіп алудан қорқуға әкеледі. Әлеуметтік желілерде, әсіресе инстаграмм желісінде нақты уақыт режимінде 24 сағаттан кейін жоғалып кететін «видео, аудио тарихты қосу» функциясы бар. Немесе WhatsApp әлеуметтік платформасы, ол сондай-ақ алынатын және жіберілетін контактілерді, бейне және аудио хабарламаларды басқаруға, хаттарды оқуға немесе оқымауға, басқа контактілерге тарихты, иесінің профилін қарауға тыйым салуға немесе рұқсат беруге мүмкіндік береді. Швейцариялық мәдениеттанушылардың зерттеулері жасөспірімдердің үрейін ашты. У.Д. Стиллман бойынша бұл жоғалған пайда синдромы [8].

Масс-медиа әсерінен (бұл жағдайда - әлеуметтік желілер) мәдениеттің девианттық нысандарының өсу проблемасы жалпы алғанда және қазіргі қазақстандық мәдениетте әлсіз зерттелген және осы феноменді талдаудың жаңа әдіснамасын қолдануды талап етеді. Бізге бұл жерде қазіргі заманғы интернет-қоғамдастық жағындағы инвективтер соншалықты қызығушылық тудырмайды, себебі олардың саны жоқ, себебі маркетингтік ортаның экономикалық және әлеуметтік-мәдени қималары арасындағы байланыстың басымдығы мәдениетке қалдырылған. Басқаша айтқанда, жалпы мәдени деңгейдің төмендеуі жиынтық қызметкердің еңбек құзыретінің және тиісінше табысының төмендеуіне алып келеді.

Одан әрі, шеңбер тұйықталады, өйткені тар бағдарлы топтар өздерінің мәдени деңгейін көтере алмайды (басқа терминдерде «мәдени капитал» жинақтай алмайды), ал ол «қайтарылмайтын нүктеге» жеткісі келмейді. Бұл феноменнің интеграцияланған нәтижесі жиынтық қызметкердің девианттық мінез-құлқының өсуінде орын алады, өйткені жалпы мәдени және кәсіби құзыреттіліктер күшті оң корреляцияға ие. Айтылғанға орай қазақстандық халықтың мәдени деңгейін ұстап тұру/өсіру проблемасы экономиканы және тұтастай алғанда қоғамды инновациялық дамыту міндеттерін шешу үшін шешуші болып табылады.

Аталған диссертацияда мәдени девиацияны түсіну және оны зерттеу үшін ақпараттық қоғамның қазіргі теориялары, цифрлық технологиялардың әсері, әлеуметтік және мәдени ауытқуларды зерттеудің көпқырлы әдістері

қолданылған. Бұл ғылыми жұмыс виртуалды кеңістіктегі адамдардың мінез-құлқын, сондай-ақ оның әлеуметтік-мәдени құрылымдарға әсерін зерттеуге бағытталған, себебі ХХІ ғасырдың ақпараттық революциясы мен цифрландыру үдерістері қоғамды түбегейлі өзгертіп, мәдени девиация құбылысын жаңа тұрғыдан қарастыруды талап етеді.

- **Ақпараттық қоғам теориясы** қазіргі қоғамдағы әлеуметтік жүйелердің құрылымын және олардың цифрлық жүйелермен өзара әрекеттесуін түсінуге мүмкіндік береді. Ақпараттық қоғамда тұлғаның әлеуметтік қарым-қатынастары мен мінез-құлқының өзгеруі ақпараттық технологиялардың кеңінен таралуымен байланысты. Бұл теория қоғамдық қатынастардың өзгеруін, жаңа коммуникация форматтарының ықпалын және қоғамдық мораль мен этикаға әсер етуді зерттеуге бағытталған. Цифрлық технологиялар арқылы адам арасындағы қарым-қатынас жүйесі кеңейіп, адамдардың мәдени қатынастарын қалыптастырудағы ықпалы жаңа деңгейге көтерілді. Ақпараттық қоғамның дамуы мен цифрландырудың әсерін зерттеу кибербуллинг секілді мәдени ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді.

- **Цифрландыру тұжырымдамасы** виртуалды кеңістіктің кеңеюі мен оның мәдени, психологиялық және әлеуметтік салдарларын зерттейді. Бұл тұжырымдама ақпараттық қоғамның өсуі мен адам психологиясына, жеке тұлғалар мен әлеуметтік топтардың мінез-құлқына тигізетін әсерін түсіндіреді. Цифрландырудың әлеуметтік өзгерістерге ықпалы, сондай-ақ оның мәдени девиацияларды арттырудағы рөлі, жастар арасында депрессия, суицид және басқа да психоэмоционалды қиындықтарға алып келетінін көрсету маңызды. Ақпараттық кеңістікте орын алған өзгерістер мен мәдени сипаттамалар жүйелі түрде қарастырылады, және бұл құбылыстың жаңа мәдени нормалар мен мінез-құлық қалыптарын қалай қалыптастыратыны зерттеледі.

- **Ұрпақаралық тәсіл** ақпараттық қоғамда жаңа ұрпақтың қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуде аса маңызды болып табылады. Цифрлық технологиялар мен интернеттің ықпалымен өсіп келе жатқан ұрпақтың мәдени кодтары мен әлеуметтік мінез-құлық үлгілері өзгереді. Бұл тәсілдің негізінде жастар арасындағы девиантты мінез-құлық, оның ішінде кибербуллинг секілді құбылыстарды талдау, жастардың қоғамға бейімделуі мен олардың әлеуметтік дағдыларының қалыптасуы зерттеледі. Осы тәсілдің көмегімен ұрпақтар арасындағы мәдени айырмашылықтар мен өзгерістер анықталып, жаңа мәдениет пен мінез-құлық моделдері айқындалады.

- **Әлеуметтік желілер теориясы** коммуникацияның жаңа формаларын және цифрландырудың адамның әлеуметтік қатынастарына ықпалын зерттеу үшін маңызды. Бұл теория әлеуметтік желілердің мәдени девиацияларды, оның ішінде кибербуллингті қалай қалыптастыратынын түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілердің қоғамдағы орны мен олардың адам мінез-құлқына әсері, сонымен қатар жеке тұлғаның психологиялық жағдайына ықпалы ғылыми талдауға алынады. Әлеуметтік желілердің негізгі ерекшеліктері мен олардағы ақпарат ағынының адам санасына, әсіресе жасөспірімдер мен балаларға тигізетін әсерін зерттеу маңызды.

- *Аксиологиялық және әлеуметтік-мәдени көзқарастар* қоғамдағы моральдық және этикалық нормалардың өзгеруіне қатысты теориялық және әдіснамалық негіздер қалыптастырады. Бұл көзқарастар ақпараттық қоғам мен цифрландырудың адам құндылықтары мен әлеуметтік нормаларға ықпалын түсінуге мүмкіндік береді. Аталған көзқарастар арқылы қоғамдық мінез-құлықтың бұзылу себептері мен оны түзету жолдары қарастырылады. Ақпараттық кеңістікте девиацияның таралуы мен оның мәдениетке әсері, сондай-ақ этикалық қателіктер мен моральдық дағдарыстарды жою әдістері зерттеледі.

- *Аралас шындық тұжырымдамасы* ақпараттық және физикалық әлемдердің бірігуін зерттейді. Цифрлық әлем мен физикалық әлемнің синтезі, сондай-ақ олардың бір-біріне әсері қазіргі заманғы мәдениеттің өзгеруін және девианттық мінез-құлықты қалыптастырудағы рөлін түсінуге көмектеседі. Бұл тұжырымдама адамдардың виртуалды және нақты өмір арасындағы шекараларды қалай өтуі және ол мәдениет пен қоғамға қалай әсер ететіні туралы ғылыми көзқарас қалыптастырады.

- *Эмпирикалық деректер жинау әдістері* зерттеуде қадағалау, сұхбат, сауалнама жүргізу сияқты әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Бұл әдістер цифрлық ұрпақтың мінез-құлқына, құндылықтары мен әлеуметтік қатынастарына әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік желілердегі жастардың құндылықтар жүйесін зерттеу арқылы ақпараттық қоғамда девиантты мінез-құлықтың таралу себептерін анықтау мүмкіндігі ашылады. Қоғамдық пікір мен жастар арасындағы мінез-құлықтың өзгеруі арасындағы байланысты зерттеу үшін осы әдістерді қолдану қажет.

- *Герменевтика және синхронды талдау* әдістері ақпараттық қоғам мен мәдени ауытқулардың даму динамикасын түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістер арқылы мәдени өзгерістер мен девианттық мінез-құлықтың эволюциясын және оның қоғамдық қабылдануына әсерін зерттеу жүргізіледі. Синхронды талдау қазіргі кезеңдегі мәдени процестер мен олардың жастар арасындағы таралуын зерттеуге бағытталған.

Зерттеуде қолданылған әдіснамалық және теориялық тәсілдер ақпараттық қоғамдағы мәдени девиация құбылысының терең ғылыми талдауын жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер арқылы кибербуллинг секілді жаңа әлеуметтік мәселелерді зерттеу және оларды шешу жолдарын ұсыну мүмкіндігі артады.

Біздің елімізде әлеуметтік-экономикалық құрылыстың полярлық ауысуы өте ұзақ өтпелі кезеңнің көптеген проблемаларын туғызды. Белгілі әлеуметтік топтар шеңберіндегі КСРО-ның ұлттық байлығын қайта бөлу ұлттық мәдени саясатты жоққа шығарды, бұл оны қаржыландырудың жеткіліксіздігінен ұялды. Сонымен қатар, зияткерлік капиталды ұдайы өндіру процестерін инвестициялаудың жеткіліксіздігі (ол мәдени капиталмен жабылады) халықтың рухани және материалдық жағынан нашарлауына, оның денсаулығының нашарлауына алып келетіні белгілі, бұл сөзсіз қоғамның, ғылым мен экономиканың құлдырауына алып келеді. Жаһандық, әлемдік және жергілікті (еуразиялық) өркениеттер серпінінде ұзақ мерзімді үрдістердің болжамы бар,

олардың мәні сезімдік әлеуметтік-мәдени құрылыстың дағдарысы мен құлдырауынан тұрады, бұл басқалардың арасында мәдениеттің өзгеруіне және әлемдік және ұлттық мәдени мұра мен әртүрліліктің өсіп келе жатқан үлесінің жоғалуына әсер етеді; отбасылық негіздерді бұзуға және адамдар арасындағы қатынастарды бұзуға; идеология мен әлемдік діндердің ықпалын төмендету.

Тіпті, Қазақстанның қоғамдық өмірін тұрмыстық байқаудың өзі біздің қоғамның посткеңестік кезеңде тұтынушылыққа тікелей батып кеткенін көрсетеді, бұл оның тіршілік әрекетінің барлық салаларында: экономикалық, саяси-құқықтық, әлеуметтік-мәдени салаларда байқалуы мүмкін. Сондықтан «қоғам мәдениеті – оның сапасының және хаостан тәртіп» орнату қабілетінің көрсеткіші. Мәдениеттің өзгеру динамикасы әртүрлі болуы мүмкін: мәдениет дамуы, жетілдірілуі немесе өзге жағдайға өтуі мүмкін. Кейбір жағдайларда мұндай ауысу мәдениеттің құлдырауы (девиациясы), оның «дағдарысы» немесе апаты ретінде саралануы мүмкін.

Іс жүзінде бізде тұтынушылар буыны өсті, олар, айтқандай, шектен тыс либерализмнің ықпалынсыз «деидеологиялық» емес, шын мәнінде тұтыну қоғамының идеологиясын сіңірді, «homoconsumericus» пайда болды [9]. Қоғамды дамыту және қорғау үшін homoconsumericus «пайдалылығы» туралы тривиалдық қорытындыны жібере отырып, осы homoconsumericus өсімін молайту тетігінің жұмыс істеуінің әлсіреу нүктелерін белгілеу және кейбір шараларды ұсыну үшін өсімін молайтудың немесе тіпті кеңейтілген өсімін молайтудың генерализацияланған шарттарын сипаттайтын ақпараттық қоғамда мәдениет девиациясының антропологиялық моделі туралы мәселені қоюға көшу қажет.

Ғылыми зерттеулер нәтижесінде төмендегі әзірленді:

1. Қазақстандағы қоғамды ақпараттандыру және цифрландыру жағдайында девиантты мінез-құлықты шектеудің әлеуметтік-философиялық тұжырымдамаларының әзірленуі. Бұл тұжырымдамалар еліміздегі әлеуметтік өзгерістердің, цифрлық трансформацияның, және мәдени ауытқулардың талдауы негізінде мәдени және әлеуметтік динамикаға ықпал ететін кешенді әдістерді ұсынады. Қазақстанның ақпараттық қоғамына сай келетін жүйелерді құру арқылы девианттық мінез-құлықты шектеудің тиімді жолдары анықталды.

2. Жаңа Қазақстандағы әлеуметтік ауытқуларды зерттеудің ғылыми нәтижелері. Бұл зерттеу еліміздің мемлекеттік құрылымдарында – әртүрлі әкімдіктер мен «Қоғамдық келісім» комитеттерінің жұмысында, республиканың жоғары оқу орындарының білім басқармалары мен «Қазақтану» орталығының іс-шараларында қолданылатын болады. Қазақстандық әлеуметтік саясатты қалыптастыруда, жастар мен қоғам арасындағы әлеуметтік ауытқуларды азайтуға бағытталған шаралар жүзеге асырылатын болады.

3. Ақпараттық қоғамдағы ауытқу құбылысын философиялық және антропологиялық тұрғыдан зерттеу. Далалық зерттеулердің әдістемесі әзірленіп, оған қатысушыларды бақылау, мәдениетаралық талдау және салыстырмалы зерттеулер енгізілді. Осы әдістердің арқасында жастар

арасындағы девианттық мінез-құлықтың негіздері мен мәні анықталады. Бұл зерттеулерде ақпараттық қоғамның әсерінен туындайтын ауытқуларға ерекше көңіл бөлінді.

4. **Нарыққа көшу және қоғамдық өмірдің барлық салаларына цифрландыруды енгізу жағдайындағы посткеңестік елдердегі әдептік қылықтың жай-күйін зерделеу.** Бұл зерттеу, жастар арасындағы кибербуллинг мәселелеріне ерекше назар аударып, өскелең ұрпақтың этикалық ауытқуларын шектеу бойынша ұсыныстар әзірлеуге бағытталған. Қоғамдағы ақпараттық технологиялардың әсері мен олардың мәдени ауытқуларға ықпалы жан-жақты зерттелді.

5. **Зерттеу материалдарын философия, этика, дінтану пәндерін оқытуда қолдану.** Зерттеу нәтижелері оқу үдерісіне ендіріліп, жастар арасындағы девианттық мінез-құлықты шектеу және балаларды кибербуллингтен қорғау механизмдерін құруға бағытталған жаңа қолданбалы ғылыми білімдер негізінде ұсыныстар әзірленді.

6. **Девиантты мінез-құлық саласындағы мемлекеттердің шетелдік тәжірибесін зерттеу.** Қытайдың, Корея Республикасының, Ұлыбританияның, Жапонияның, Сингапурдың және ЭЫДҰ-ның басқа елдерінің цифрлық жүйе дамыған тәжірибесін пайдалану бойынша нақты ұсыныстар дайындалды. Бұл ұсыныстар Қазақстандағы ақпараттық кеңістікті тиімді басқаруға бағытталып, халықаралық тәжірибелерді елдің ұлттық саясатына тиімді енгізуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-этикалық нәтижелер:

1. **Цифрландыру негізінде білім беру технологиялары арқылы қазақстандық қоғамның адами капиталының сапасын арттыру.** Цифрлық сауаттылық пен білім беру платформаларын дамыту жастар арасындағы девианттық мінез-құлық пен виртуалды қылмыстар санын азайтуға ықпал етеді. Бұл, өз кезегінде, ақпараттық қоғамның даму үдерісінде жастарды тәрбиелеудің жаңа жолдарын ұсынады.

2. **Мәдени деградацияға тән оң әлеуметтік құндылықтардың жоғалтуы мен азаматтардың көлеңкелі экономикаға араласуы.** Девиантты мінез-құлық мотивациясы мәдени деградациядан туындағанын анықтайды. Бұл факторлар қазіргі посткеңестік елдердегі мәдени ауытқулардың дамуына ықпал етіп, әлеуметтік және саяси өзгерістерге әкеледі.

3. **Зерттеу нәтижелерін философия мен мәдениеттанудағы оқу үдерісіне енгізу.** Бұл қоғамдық сананың өзгеруіне, азаматтардың моральдық құндылықтарын көтеруге бағытталған ғылыми тұрғыда негізделген әрекеттерді қамтиды. Мұндай ғылыми ұстанымдар Қазақстанның әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне ықпал етіп, жастардың моральдық даму деңгейін жақсартуға мүмкіндік береді.

4. **Қоғамдық пікірдің жеке тұлғаға әсері мен оның психологиялық жағдайына қарай девиацияның бағалануы.** Виртуалды ортадағы ақпараттың моральдық-этикалық әсері, әсіресе жастар арасында, олардың психоэмоционалдық жағдайына кері әсер етеді. Бұл жағдайларды талдау

жастарға әсер ететін мәдени-әлеуметтік нормаларды өзгерту қажеттігін көрсетеді.

5. Қазақ қоғамындағы төл мәдени құндылықтар мен оларды сақтау қажеттігіне мән берілді. Қазақ халқының сөз қадірі, еркіндік пен толеранттылықты жоғары бағалауы, сондай-ақ табиғатқа төзімділік пен сұхбатқа бейімділік ұлттық мәдениеттің маңызды элементтері ретінде зерттеліп, олардың қазіргі қоғамдағы мәні мен ықпалы көрсетілді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. Кибербуллинг мәселесінің генезисінде мәдени девиация түсінігі жатыр, оны әлеуметтік аномалияларға дейін алып баратын әлеуметтік-мәдени жағымсыз құбылыс екеніне байланысты қарастыру біздің зерттеу аймағымыздың алғышарттары болмақ. Ол үшін мәдени девиацияның өзінің шығу тегі мен оған жалпы ұғымдық-логикалық талдау жүргізу қажеттігіне орай, Д. Лейтон, Р. Мертон, Э. Дюркгейм, Р. Макивер мен Х. Ласуэлл, Э. Сатерленд сынды ғалымдардың әлеуметтанулық зерттеулеріне тоқталып, олардың пікірлеріне мәдениеттанулық-әлеуметтанулық талдаулар жасауымыз қажет. Мәдени девиациялардың шығу тегін түсіндіретін: биологиялық, психологиялық, әлеуметтанулық тұрғылар біз қарастырып отырған негізгі тақырыппен тікелей байланысты, сондықтан алынған тұжырымдар кибербуллинг беталысымен де жалғасын табады, бұл ортақ пікірлер мен тұжырымдарды туындата алады.

2. Мәдени девиацияның негізгі беталыстарын зерделеу философиялық мәселелерді туындататындығы, оған қоғамдық нормалар, мораль, басқа да әлеуметтік институттардың ықпалдасуы, Т. Парсонс тұжырымдамалары, ақпараттық қоғам мен виртуалды өмір, М. Маклюэннің концепциялары т.б. қайта зерделеуді, талдауды қажет етеді. Сонымен қатар жалпыадамзаттық моральді қазіргі қазақ қоғамымен байланыстыра отырып, негізгі мәселелер алаңын туындата аламыз және оны талқылап, тың тұжырымдар алуымыз керек: девианттық пен ұлттық құндылықтар, постмодерн жағдайы, метанарративтер, тұлғалық және ұлттық идентификация т.б. мен ҚР мәдени девиациялар туралы дискурс алаңындағы: М. Асылбеков, М. Қозыбаев, А. Алдашов, М. Губайдуллина т.б. идеяларын талқылап, оның практикалық маңызын көрсетуіміз қажет.

3. Кибербуллинг туралы зерттеулеріміз – Р. Токунаг, Д. Ульвеус, В. Белси, Р. Ковальски, С. Лимбер, П. Агатсон, О. Юбарра т.б. тұжырымдамаларына сүйенілді. Кибербуллингтің түрлері мен формалары: Флейминг, Киберхаррасмент, Гриферлер, Троллинг, Киберсталкинг, Жалған идентификация, Аутинг, Остракизм т.б. мәселелердің теориялық жақтарымен қатар, тәжірибелік зерттеулерге де талдаулар жасауымыз керек. Мәселен, Ш. Гордонның, С. Гуо т.б. зерттеулерін пайдалана отырып, киберагрессия, цифрлық агрессияның шығу себептерін ашып көрсету, әлеуметтік желілердегі заманауи көріністерін талқылау да маңызды тұжырым.

4. Кибербуллингті тереңірек зерттеу – оған қатысты жаңа, әлі толыққанды ашылмаған, кейінгі кездерде қалыптасып келе жатқан ұғымдарды қайта таразылауды керек етеді және оны әр қырынан қарастырып тұтастандыру

маңызды, мәселен, копинг түсінігі, постмодернистік, постпсихоанализдік, пострационалдық және конструктивті тұрғы, агрессия-стратегия (қорғану) түзілімін құрып алып талдау т.б. Бұл осы мәселені қарастырған ғалымдардың идеяларын талқылаумен шешімін табуға тиіс. Мысалы, С. Фолкман мен Р. Лазарус тұжырымдамалары және қазіргі «ақпараттық қоғам-ақпараттық желі» арналарындағы кибербуллингтің жаңа түрлерінің пайда болуы және олармен күрестің де жаңа түрлерінің құрылымдануы біз ұсынып отырған тұжырымдардың бірі.

5. Кибербуллингтің жастар мен жасөспірімдер арасында пайда болуы ғана емес, туындауының себептері, оның гендерлік аспектілері, синергия, институционалдандыру т.б. тереңнен қарастыру мен цифрлық орта, интернет-мәдениет, экстремалды субмәдениет жағдайындағы киберагрессия, троллингтің, флэймингтің т.б. туындауының заманға байланысты киберзақымдау сияқты басқа да себептерін көрсету қажет. Ол үшін Еуропа, АҚШ, Канада, Ресей елдеріндегі ғалымдар мен ұйымдар жүргізген ғылыми зерттеулер ғана емес, бүгінгі ахуалды да таразылау соншалықты маңызды, бұл – біз үшін кибербуллингке (тұтастай алғанда) жаһандық көзқарас тұжырымын жасауға алып келеді, әлеуметтанулық, саяси, ділдік-психологиялық зерттеу нәтижелерінің мәдениеттанулық қырлары да аса маңызды ахуал.

6. Кибербуллингтің заманауи форматтарының ғаламдық деңгейде тұтас тарап келе жатқандығын ескере отырып, шет елдердегі бұл ахуалды зерттеп, оны ҚР салыстыру үшін: Түркия, Ресей және Қытай мемлекеттері негізгі объектіге алынды. Бұл елдерегі мәдени девиация бойынша жүргізілген зерттеулерге тереңірек үңілуіміз қажет және олардағы ахуалдар мен зерттеулерге шолу жасау түйткілді мәселе. Олардағы субмәдениет-контрмәдениет беталыстары мен оның виртуалды әлемдегі көріністері т.б. сайып келгенде, ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерлер болып табылады: полиамория, қара субмәдениет, гей-прайдтар, «қызыл сызықтардың» кеңеюі, цифрлық дарақылар т.б. үдерістер және олармен күресу жолдары, қолданылатын заңнамалық-құқықтық актілері мүмкіндігінше толықтай сараланады.

7. ҚР виртуалды кеңістік аясындағы кибербуллинг пен сырттан таңылған идеологиялар кеңістігін тұтасынан қайта қарастыру қажет. Цифрлық әлемдегі жастардың субмәдениеті мен психологиялық әсермен қатар ЮНИСЕФ деректері мәліметтерін де қарастыру керек. «Патологиялық гэмблинг», «қалыпты гэмблинг», «аддикция», «химиялық аддикция», лудоманияға тәуелділіктің қазіргі заманғы себептері мен оларды алдын алу шараларын ұсыну аса маңызды. Осы мәдени девиациялық қатерлер, тіпті, жастардағы патологиялық белгілердің де байқалуы – әлеуметтік деңгейегі алаңдатарлық мәселе болғандықтан, оны жоюдың нақты шаралары қазіргі заманғы мәдени-әлеуметтік климатқа сай ұсынылуға тиіс.

Зерттеу барысында ақпараттық қоғамдағы мәдени құндылықтар мен моральдық нормалар арасындағы қайшылықтардың қоғамның әлеуметтік құрылымына әсер ететіндігі, сондай-ақ экологиялық және демографиялық дағдарыстардың мәдени құлдырауға ықпал ететіндігі айқындалды.

Қазақстанның құқықтық-әдептік мәдениетінің трансформациясы қажеттілігі де қарастырылды. Бұл үрдіс авторитарлық жүйелерден тұлғаға бағдарланған әлеуметтік құрылымға көшу арқылы жүзеге асуы тиіс. Сонымен қатар, тұлғаның дамуындағы моральдық бағалаушылық және нормативтік жақтардың бірлігі қоғамның әлеуметтік үйлесімділігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны белгілі болды. Көшпелі қоғамнан отаршылдыққа өту, сондай-ақ ұлттық дәстүрлер мен әлеуметтік құрылымдардың әлсіреуі қазіргі қазақ қоғамындағы девианттық мінез-құлықтың артуына себеп болғаны зерттелді. Осыған байланысты, қазіргі қоғамда мәдени және моральдық нормаларды сақтау үшін жаңа әлеуметтік әдіснамалар мен құқықтық шараларды қабылдау қажет екендігі анықталды.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы: Диссертациялық жұмыстың негізгі теориялық қағидалары мен қорытындылары автордың 5 ғылыми мақаласы арқылы талқыға ұсынылған, 4 мақала тікелей тақырыпқа сай көрініс тапқан, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен тізімдегі журналдарда, 1 мақала тікелей тақырыпқа сай Scopus базасына енетін журналда жарияланған.

Зерттеу жұмысының құрылымы: анықтамалық сөздіктен, кіріспеден, екі негізгі бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Библиографиялық тізім 124 бірліктен тұрады, соның ішінде, шетелдік әдебиеттер де қамтылған. Жұмыстың көлемі – 125 бет.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігімен қаржыландырылатын «Цифрлық трансформация жағдайындағы қазақстандық қоғам: перспективалар мен тәуекелдер» ғылыми бағдарламасы аясында орындалды (грант №BR21882302, 2023-2025 жж.).

1 АҚПАРАТТЫҚ ҚОҒАМДАҒЫ МӘДЕНИ ДЕВИАЦИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Мәдени девиация: түсінігі, құрылымы және жіктелуі

Қоғам сияқты әмбебап әрі жан-жақты механизмнің даму барысында жаңа заманға негізделген өмірінде қабылданған «мәдени нормалар мен дәстүрлерге» сәйкес жұмыс істеуі әрдайым маңызды және басты назардағы мәселе. Адам әлеуметтену процессі барысында бірнеше маңызды бөлімдерді игереді: ең алдымен, мәдениеттің мақсатын игереді, мәдени үлгі мен мәдени норманың тұтастығын түсінеді, құқықтық бағыныштылық механизмдерінің негізін санасына сіңіреді. Әлеуметтену негізінде белгілі бір қоғам құрған символдық мәнге ие тұлғаның ішкі көрінісі. Айталық, университеттер мен институттардың бекіткен қоғамдық тәртібі, танымдық құрылымы, құндылықтық-нормативтік және эмоционалды аспектері қамтылған, мысалы «білім» мен «құндылықтар» екеуінің ортақ тәжірибесінен шыққан «өнімдер». Адам когнитивті аспектіні игеру барысында екі маңызды дүниеге көзі жетеді: айналамада «не бар» және «кімнің кім» сынды бөліктерді анықтайды. Сондай ақ, шындықтың осы екі құрылыммен өзара үндесуін де қадағалауды үйренеді. «Мына өмірдің шындығы» адам өзін қоршаған ортамен араласып, өзіндік мақсаттарының іске асып жатқан байқаған сәтті «сәтті әлеуметтену», немесе мәдениеттанулық тілде «сәтті инкультурация» деп қорытындылауымызға болады [10]. Кез-келген қоғам осындай бекітілген мәдени нормалардың сақталуын жіті қадағалайды әрі девиациялық, ауытқушылық әрекеттердің алдын-алуға барынша тырысады. Оған көмекші құралдар ретінде әлеуметтік-экономикалық қатынастар, қоғамдық сана, саяси идеология, әдет-ғұрып пен салт-дәстүрді алға келтірсек болады [11]. Қалыптасқан мәдени нормалардың өзгеруі мен басқа бағытқа бұрылу құбылысын зерттеу барлық қоғамдық және гуманитарлық ғылымдардың негізгі зерттеу алаңы. Ең алғашқы іргелі еңбектер әлеуметтану ғылымдарының негізінде жасалды, девиантты әрекет пен мінез-құлықты «аномия» деп атады, кейін тұтас «аномия теориясы» пайда болды.

Цифрланушы қоғам мен виртуалды әлемге ауысу, әрине, нағыз прогресс пен адамзаттың сара жолы екендігі даусыз. Алайда адамдардың интернеттің цифрлық тәуелділеріне айналуы жаңа проблемаларды да әкелді. Нәтижесінде әсер ету субъектісіне пайдалы құндылықтарды, кодтарды, өкілдіктер мен мінез-құлық үлгілерін қалыптастыру мақсатында интернетті пайдаланушылардың үлкен топтарына сыртқы әсер ету үшін барлық қажетті технологиялық мүмкіндіктер әзірленді. Осылайша, интернеттің виртуалды кеңістігімен көбейтілген геосаяси дискурс бұрын-соңды болмаған күшке ие болады. Девиацияның заманауи көрінісі кибербуллинг өрістеді. Бұл процесс арандатушылық ақпарат пен түсіндірме мәтіндерінің, тұлғаға негізсіз ауысулардың, қауіп-қатерлердің, әлеуметтік оқшаулануға және бүкіл кезең мен циклдегі материалдық, физикалық шығындарға әкелетін әрекеттердің жиынтығы болып табылады. «Анонимді» немесе жасырын ықпал етушілердің иелері

манипуляция уақытын ұзартады, өздерінің «жәбірленушісін» психологиялық және эмоционалдық қысымда ұстайды, сәйкесінше деструктивті нысандарды белсенді ететін әрекеттерді жасайды.

Бұл құбылыс негізінде қоғамның, оның әлеуметтік құрылым жағдайының сипатталатын «нормалардың дағдарысы немесе құлдырауы», «қалыптан тыс әрекеттер» дегенді білдіреді. Қоғам белгілі бір уақыт аралығында «өтпелі кезеңді» басынан өткізеді, айталық ірі экономикалық реформалар дәуірі, саяси теке-тірестің аяқталуы, мәжбүрлі енгізілген жаңа құндылықтар аномияның дамуына өте қолайлы орта болып есептеледі. Бұл уақытта ескі құндылықтар өз ғұмырын тоқтатады, қарсы беттегі жаңа құндылықтар қоғамға ұсынылып, бекіп үлгермейді. Эмиль Дюркгейм осы тұрғыда аномия – қоғамның бір күйден екінші бір күйге ауысқан сәтінде іске асады деп топшылады. Яғни, механикалық түрде енгізілген жаңа нормалардың табиғи тұрғыда үйлесімді орнауы арасындағы кезеңді «аномия» немесе қалыптан тыс уақыт деп айтамыз [12]. Қазақстан қазір дәл сондай үлкен өзгерістерді басынан кешіріп жатқан мемлекет ретінде, қоғам мемлекет деңгейіндегі қабылданған жаңа құндылықтар мен реформаларды іске асыруы тиіс, әлбетте, қалыптан тыс әрекеттердің де болуына таңғалмай, алдын-ала шаралар қабылдауы тиіс. Үлкен еңбек бөлінісінің нәтижесінде пайда болған әлеуметтік және мәдени, экономикалық инновациялар ұжымдық санада қажетті моральдық-рухани негізге ие болмай дүниеге келеді, осы арада қоғам қалайша жаңа нормаларға ие болмастан қажет нәтиже пайда болмайды. Осының негізінде Э.Дюркгейм қоғамда болатын қылмыс, отбасындағы дағдарыс, әлеуметтік ұйымдасудың болмауы, патология, бақылау, мәдени және әлеуметтік интеграция мәселелерін зерттеді. Бұл өз кезегінде «аномиямен» тікелей байланысты өрістің негізгі ұғымдары болып табылады. Оның теориясы бойынша, әлеуметтік байланыстардың ішіндегі ең мығымы – отбасылық байланыс, қай қоғамның отбасылық құндылықтары тұрақты болса, сол қоғамда аномияның орын алу мүмкіндігі өте төмен кездеседі. Э.Дюркгейм Франция, Швейцария мен Германияның әртүрлі аймақтары мен аудандарын салыстыра отыра, аталмыш теорияны бедгілі бір деңгейде дәлелдеп, отбасы құндылықтарының дағдарысы – суицидке апарар тікелей жол екенін атап көрсетеді. Қоғамның деформациясы адамгершілікке жататын құндылықтардың дағдарысын білдіреді: яғни, қылмыстың өсуі, суицидтердің санының артуы, ажырасудың көбеюі сынды осы мәдени құндылықтардың жойылуының дәлелі [13]. Ал, дәстүрлі қоғамда мәдени тіртіп қарапайым формада бақылауда болды: әлеуметтік институттардың өзгеру қарқыны төмен болса, екінші жағынан адамдардың қажеттіліктері де өте аз еді, қанағаттандыру механизмдері де өте қарабайыр формада болған еді. Ежелгі дәуір мен орта ғасырлар кезеңін салыстырсақ та дәл осындай көріністі байқауға болады, мәселен, «тұлға, даралық» ұғымы төмен дәрежеде болды, жеке құқық мәселесі де төмен мәнге ие болды, иерархиялық жүйе адамның «бөгде» ойларға мән бермеуін қамтамасыз етті. Қоғам өз өмірін осындай формада үйлесімді жүргізіп жатты. Азаматтардың қоғамдағы міне-құлқын реттеудің әрі бақылаудың ең тиімді құралы – ұжымдық сана категориясы. Э.Дюркгеймнің ғылыми танымына сәйкес, ұжымдық сана –

қоғам үшін аса маңызды элемент. Айталық, ортық мәдени мұра, тіл, дәстүр мен өзіндік құндылықтарға қауіп төнсе, қоғам бірігіп оларды қорғау жолында күреседі. Кез-келген сенім жүйесін қорлау үлкен жазаға алып барады. Мәдени құндылықтар шабуыл негізінен сыртқы күштердің әсерінен жүзеге асады, кей жағдайда ішкі факторлардың да әсері жоқ емес. Ұжымдық сана иегерлері – ешқандай заң мен құндылықтарға мән берместен өзіндік құндылықтарды қорғауға дайын болады. Ұжым неғұрлым ар-ұждан принциптеріне негізделген қоғам болса, соғұрлым жеке тұлғаның қоғаммен байланысы мығым болады. Ал, аномия өсіп келе жатқан орта – қоғамның үлкен дертінің айғағы.

Өз кезегінде тағы бір ғалым Д. Лейтон болса, егер бір қоғам екінші қоғаммен байланысса, екіншісінің мәдени құндылықтары озық әрі мығым болса, бірінші ортаның құндылықтар жүйесінде өзгерістер орын алатынын атап көрсетеді. Біз нәтижесінде, Лейтонның ойына сәйкес, мүмкін емес болған алмасудың мүмкіндігін көріп отырмыз. Мысалы, XX ғасырдың ортасындағы Америка қоғамындағы әлеуметтік «ауруларын» мысал ретінде алсақ. Құндылық, норма – жеке тұлғалардың, топтардың мінез-құлқына өзгеріс болғызбайтын құрылым [14]. Алайда, Дюркгейм бойынша «өмірден баз кешу» аномия болып есептелсе, Мертон оны тікелей девиантты мінез-құлықпен байланыстырады. Бұл бағытта, Мертон девианттықтың пайда болуын биологиялық фактормен байланыстыруға тырысты, алайда оның алғышарттарын есептеудің 90 пайызына жуығы қате немесе объективтіліктен алыс деген тоқтамға келді. Р. Мертон биологиялық факторға басымдылық беру жалпы салыстырудың оңай жолы деп есептеді. Зерттеу барысында ең басты фактор – мәдени фактор деген қорытындыға келді, яғни, девиантты мінез-құлықтың мәдени детерминаттарын, құрылымын, қызмет ету жүйесін зерделеп көрді. Қоғамдағы мінез-құлықты реттейтін нормалардың әлсіреуінің нәтижесінде құқық бұзушылық әрекеттер орын алады. Макс Вебер осы тұста: «жеке тұлғаның құндылықтары әрқашан «өсиеттер» мен «талаптарға» бағынышты, адам оны өзінің міндеті реінде санайды» дейді [15]. Осындай теориялардың негізінде Т. Парсонс әлеуметтік реттеуші механизмдерден бөлек, үлкен стратегиялық жүйелер барын айтады. Мінез-құлық алдыңғы маңызға ие болады, яғни, «құндылықтар – бұл әлеуметтік жүйенің қалаған түру тралы түсініктер жиынтығы». Парсонс Дюркгеймнің аномия ұғымын өз зерттеулеріне арқау ете отыра, «жеке мінез-құлықты» үйлестіруге арналған нормалар жойылатын ұйымдаспау формасы» деп қорытындылады. Әрбір мәдениеттің тұтастығын әрі тұрақтылығын сақтау қабілеті ағымдағы мәдени құндылықтардың беріктігіне тікелей байланысты. Әлеуметтік бақылау – сырты және өзін-өзі бақылау формасына бөлінеді, ол мінез-құлық деп аталады.

Американдық әлеуметтік антрополог және психолог Лео Сроул дамытқан аномия теориясы әлеуметтік-психологиялық форматы да үлкен маңызға ие. Ол алған рет девианттық деңгейін анықтайтын тест әзірледі. Осының негізінде Р.Макивер мен Х. Ласуэлл сияқты ғалымдар атап өтпуге болмайды. Макивер осы тұрғыда:

- Құндылықтардың болмауына байланысты өмір мақсаттан айырылады;
- Қоғам қолжетімсіз материалдық құндылықтар соңында болғанда;

– Адам әлеуметтік құндылықтар жүйесінен алшақ болғанда.

Ал, Х. Ласуэлл аномияны адам өз эгосының өзінің санасымен толық сәйкессіздік формасы ретінде қарастырады [16]. Қоғамның әлеуметтік транзитінен туындаған аномияның әсері қазіргі жастардың көзқарас жүйесіндегі мәдени парадигмалардың қайта сарапталуына және негізделуіне мұқтаж, жаңа мәдени модельдердің қалыптасуын талап етеді.

Ары қарай, мәдениеттанулық түсінікте мәдени девиациялар қолданыстағы құндылықтардың өз орнынан ауысуымен сипатталады. Бұл құбылыста оң және теріс аспектілердің болатынын айта кетуіміз қажет. Шын мәнісінде, табиғатта мәдениеттің ауысып, түрленіп отыруы заңды процесс болып есептеледі, мәдениет – шексіз түрлілікке ұмтылу көрінісі. Осыдан келе, мәдениеттің жаңа формаларды іздеуі мен жаңа модельдерді қалыптастыруы заңды құбылыс. Ей айқын әрі түсінікті девиациялар субмәдениеттерде және көркем шығармаларда көрініс табады. Алайды бұл девиацияларды анықтау мүмкіндігі өте шектеулі болып келеді, себебі, оның заңнамалық және фундаментальді көрсеткіштері негізі нормадан ауытқымайды. Бір кездері мәдени девиацияның көрсеткіші болып есептелген құбылыстардың қалыпты мәдени құндылық ретінде қабылданған кездері де болған. Нәтижесінде, мәдени девиациялар табиғи қажетті құбылыс екендігі күн тәртібіне шығады. Бұл процесс өз кезегінде, психологиялық жарақат алған реципиенттердің «жараларын» ақтайды ма деген дилемма пайда болады. Осылай жалғаса берсе, жалпы адамгершілік құндылықтарының жаппай жоққа шығарылуына әкеліп, қалыпты құбылысқа айналуына әкеледі.

Латын тілінен алғанда, *deviatio* – семантикалық мәнге ие, *via* – жол, *de* – кері кету, яғни, түзу сызықтан ауытқу мағынасын білдіреді. «Ауытқу» сыртқы фактордың құрылымның ішіне әсер ету арқылы соңғысының өзгеру фактісін айтады. Нормадан ауытқуды тек негативті спектрде қарастыру бір жақты көзқарас болып табылады, «қалыпты» құндылықтарға күмән келтірмей, әлеми «сыни көзқарасыз» қарау да өте қауіпті. Бұндай қоғамға дәстүрлі «құндылық» маскасымен өзге негативті құндылықтарды енгізу процессі де орын алады, бұл өз кезегінде «мәдени иммунитеті» төмен қоғамда өзге идеологияның қанат жаюына әкеледі. Мәселен, заманауи қазақстандық қоғамда «дәстүрлі емшілік», «дәстүрлі діни әрекет» және «дәстүрлі тарихи тұлғалар» сында қой терісін жамылған қасқыр келбетіндегі девиациялар дамуда, қоғамның осы тұса өзіндік мәдени цензорлары жұмыс істеуі қажет, «жол көрсетуші» ретінде қоғамда аса зор абыройға ие, елге-жерге еңбегі сіңген тұлғалар алға шығуы тиіс, табиғи тұрғыда бұл аса маңызды. Яғни, бекіп қалған қажетсіз құндылықтардың да орын алмасуы қажет құбылыс. Бұны біз «позитивті девиация» деп атаймыз, оған мысал: бастамшылық, жанқиярлық, батырлық, өнертапқыштықты айтсақ болады. Алдыңғы қатарға шыққан бұндай тұлғалар, поездың локомотиві сынды қоғамды жаңа белестер мен асуларға, деңгейге сүйрейді. Олардың әрекеттері әдеттегі «масштабтан кең» болу арқылы, әлеуметтік маңызы артады. Мәдениеттегі девиациялардың диалектикасы қарама-қайшы құбылыс, әсіресе, жаңалықтарға ұмтылысын бақылау өте қиын. Шығарашылық девиациялары өте қарапайым

тұрақтылық нәтижесінде іске аса бастайды. Қалыптасқан стереотиптердің жойылуы, кішкентай субъективті пікір деп танылған метанарративтердің жойылуы да қалыпты. Мәселен, тарихи, этникалық, аймақтық және таптық мәдениеттер бар, олар өзіндік табиғаты бойынша белгілі бір деңгейдегі өзгергіштікке бейім келеді. Егер сіз қытай мейрамханасында кәдімгі қасықты сұрасаңыз бұл девианттылық деп есептелмейді. Бұл қоғамның өзге нормаларға бейімдігін анықтайды, екінші бір мысал бойынша, ғасырлар бойы ер адам үстемділігі болса, қазір жағдайдың өзгеруі де үлкен девиация болып саналмайды. Бұған тікелей өнердегі стильдің дамуы мен өнер иелерінің әрдайым жаңалыққа ұмтылу сынды «чиптерінің» әсерін қосыңыз.

Мәдениетте девиациялық әрекеттер қасақана жасалуы да ғажап құбылыс емес. Мәселен, В.Маяковскийдің «жемпірге сәбіз тағып шығуы» футуристердің «қоғамдық талғамқа шапалақтауы» перфомансының көрінісі. Одан бөлек, мәдениетте қалыптасқан стереотиптерді жеңу принципі бар, мәселен, гиперреализм, экспрессионизм, модернизм және авангард сынды қоғам идеясының жаңа көріністеріне айналады, Модильяни мен Далидің шығармашылықтары жарқын мысал болады, бір кездері орыс авангарды мен француз экспрессионизмі үлкен сынға ұшыраса, кейіннен жоғары санатты өнерге айналды. Осы тұрғыда пайда болатын сұрақ, мәдениеттегі өзгергіштік пен инновация оның атынан әрекет ететін тұлғалардың бойындағы девиация емес пе?

Бұдан бөлек, мәдениетте субмәдениеттер – мәдени девиацияның іске асып, комьюнитиге айналған эмо, панк, гот пен хипстерлердің ерекше өмір салтымен өмір сүруге құқылы. Мәселен, американдық әлеуметтік антрополог Эдвин Сатерленд «руферлер» деп аталатын жаңа субмәдениет өкілдерін атап өтіп отыр, олар биік шатырларға шығып суретке түсетін адамдар [17]. Бұл шын мәнісінде, заңдық нормаларды бұзып, тікелей өмірге қауіп төндіру культі деп есептейді. Мәдениетте девиантты мінез-құлықты «заңдастыру» феномені де бар, мысалы, ЛГБТ өкілдерін «азшылықтың өкілдері» ретінде толеранттылық принциптерін желеу етіп «қалыпты жағдайға» айналдыру бар. Мәдениет құралдары арқылы бұл мәселені «романтизациялау» да орын алғаны белгілі, мысалы, «Жасыл кітап» фильмі Оскар сыйлығымен марапатталды. Бұл қоғамды және оның назарын осы мәселеге толеранттылық танытып, мәдени норма ретінде қабылдауға мәжбүр етті. Жоғарыдағы бірнеше мысал қазіргі заманда мәдениеттің «иммунитетінің» жоғалғанын және сезімталдықтан айырылып, үлкен дағдарыс жайын аңғартады. Яғни, постмодернистік теориялары шындыққа айналып қоғам деконструкциясы орнады. Оның құндылығы – радикализм, нормалар мен дәстүрден бас тарту, билік пен ережелерге наразылық, мәдени және саяси плюрализм. Әлеуметтік және мәдени ұйымдаспауға негізделген теориялар қоғамды девиантты әрекеттерді жасауға итермелейтін әлеуметтік күштерді зерттейді.

Селлин 1938 жылы ауытқу негізінен мәдени нормалардың өзара қарсы әрекеттерінен туындайтынын ата өтті [18]. Ол нормалары қоғамның өзге бөлігінің құндылықтарына сәйкес келмейтін топтарды зерттеді. Көпшіліктің құндылықтарына сәйкес келмейтін нормалар арасында дилемма пайда болады.

Бұндай көше бандалары, субмәдениет өкілдерінің құқығын қорғау немесе шешім іздеуден көрі мемлекет оларды жазалағанды жөн көреді, сәйкесінше, қоғамға ыңғайсыз нормалар пайда болады. Тағы бір ғалым Миллер 1958 жылы Селиннің идеясын кеңітті. Ғалымның идеясы бойынша, қоғамның төменгі тап өкілдерінің де өзіндік құндылықтары бар делінді, мәселен, тәуекелге дайын болу, төзімділік және «сәттілікке» сену. Осындай өзіндік құндылықтары бар топтар өзге қоғам үшін девиантты болып есептеледі. Яғни, бұл екі ғалымның ойы – мәдени девиация субмәдениеттік формада пайда болады, дамиды. Бірақ, неге жалпыға бірдей құндылықтардан көрі, осындай құндылықтар адамды ынтықтырады? Э. Сатерленд 1939 жылы бұған дифференциалды байланыс негізінде анықтама берді. Яғни, бұл құндылықтар қоғамға өзара араласу нәтижесінде дамитынын атап көрсетеді. Мәселен, адамның қоршаған ортасы қылмысқа немесе зиянды әдетке үйір болса, көп ұзамай адам да бұл девиацияларға үйренеді.

Сатерленд теориясы бойынша, адамды қоршаған орта оның өмірлік жолын таңдауы мен құндылықтарының қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Жас мәселесі де маңызды, жас адам жаңа құндылықтарды жылдам қабылдайды. Клауард пен Оулин сынды ғалымдар 1959-60 жылдары девиацияның тек әлеуметтік әсерге байланысын шетке ысырып, «жетістікке жетелеуші» ауытқулардың рөлін атап өтті, яғни, ұйымдасқан әрі жақсы жоспарланған қылмыстық әрекеттер пайда әкелетіндіктен, олар қоғамда беделге ие болады, мәселен, бұл Сицилиядан бастау алған «мафия» түсінігінің жаппай иммиграциялануы арқылы кейін Америка Құрама Штаттарына да көшкенін байқаймыз, ал қазақстандық мәнерде бұл кеңестік кезеңнен қалдық болып келген «көше түсініктері», «түрме заңдары» немесе «аудан ережелері» сынды жағдайы төмен, білімсіз, болашққа жоспары жоқ жалған идеяларға толы аутсайдер құрбандарын атап айтсақ болады. Үлкен қаржы мен «абырой» жастарды аталмыш топтарға қосылуға итермелейді [19]. Осы зерттеулерден бірнеше теориялар қалыптасты:

Таңбалау теориясы. Осыған дейін зерттелген еңбектерде девианттық әсер ететін факультеттер ретінде мәдени және әлеуметтік факторлар қарастырылды. Дей тұрғаныменде, соңғы екі декадаға мән берсек, көптеген жаңа девиация түрлері пайда болды. Мәселен, Ховард Беккер осы уақытқа дейінгі болған теорияларға жаңаша қыр берді. Ол 1963 жылы жарық көрген «Аутсайдерлер» кітабында мәдени девиациялардың психологиялық, әлеуметтік және мәдениеттанулық себептерін жоққа шығарады [20]. Оларға тағылған «девиант» айдары мәселенің саяси аспектісін ескермейтінін анықтаған. Іс жүзінде девиация ең алдымен қоғамның ықпалды бөлігінің өкілдерімен жасалатынын айтады, олар рольдік модельге айналып, қоғамның өзге таптары үшін стандартқа айналатынын байқаған. Сосын ол адамдар «таңбаланған» девиант болып шыға келеді. Біздің елде бұл теория бай шенеуніктердің балалары мен отбасы мүшелерінің девиантты мінез-құлықтарының әлеуметтік желілер арқылы таралу нәтижесінде қоғамға жетіп отырады. Одан келе, жапсырма теориясы негізінде қоғамдағы девианттарға қатысты түрлі әрекеттерді таңып береді. Қазақша айтқанда, «қасқырдың аузы жеседе қан, жемеседе қанның» кері. Яғни,

девианттылықтың шектерін жоғары тап өкілдері төменгі тап өкілдеріне анықтап береді, және соған кінәлі деп таниды. Алайда, бұл терияларға Гов сынды ғалымдар қарсы шығып, бұл жай ғана төменгі тап өкілдерін қорғау деп санайды.

Жанжал теориясы. Девиацияның осындай саяси аспектісіне баса мән беріп зерттеген «радикалды криминологтар» лақап атына ие ғалымдар бар. Бұл теория бойынша заңдарды қабылдаушылар мен оны сақтанушылар, іске асырушылар арасындағы қақтығыс сәті деп баяндалады. Остин Турк 1969 жылы өзінің еңбектерінде билік пен қоғам арасындағы жанжалда, алғашқысы соңғысына мәжбүлеу шараларын пайдаланатынын айтқан [21]. Азаматтық құқықтарды сақтағаннан көрі ЛГБТ өкілдерінің құқығын қорғауға дайын. Ең алдымен кез-келген жазалу түрі қоғамның кедей табына қарсы қолданылады. Ал, Квинни болса 1977 жылы бұл теорияның жаңа қырына мән берді, ол бойынша, билеуші тап жұмысшы таптардың құқығын алға тартып заң қабылдап, сол заң аясында оларды бақылап отыратынына мән береді. Яғни, 1930-40 жылдары қабылданған кәсіподақтар туралы заң, шын мәнісінде, жұмысша тапты шектеді, себебі, бұл заң болмағанда бұл салады түбегейлі революция болар еді [22].

Мәдени девиация – нормалардан ауытқыған мінез-құлық. Девиацияның екі түрі бар:

– Бастапқы девиация – комформист адамның қоғамға деген көңілігің толмауы. Ол өзін эксцентрик позицияда ұстайды.

– Кейінгі девиация – бұл адамды қоғам алдында девиант ретінде жариялағаннан кейін пайда болатын девиация. Таңбалау арқылы девиантты әрекет жасады деген тұжырымның өзі де жеткілікті болып табылады. Бұл таңбадан кейін, адам қоғамнан оқшауланады, өзі сынды таңбаланғандардың қатарына қосылады. Бұл орта оның ендігі өмірінің қозғаушы күшіне айналады. Осыдан шыға, девиацияның оң және теріс формаларына тоқталайық.

Позитивті ауытқу – белгілі қоғамда қалыптасқан нормалардан тыс әрекеттерге бару, мысалы, батырлық, данышпндық, рухани көшбасшылық позитивті девианттар атауына ие. Дегенмен қоғам назары, әдетте, теріс ауытқуға таңулы, бұл қоғам айыптайтын әрі жазалауға алып келетін девиация формалары бар. Ал осы девиациялардың пайда болуының негізгі себептерінің тәсілдеріне тоқталсақ,

Мәдени девиациялардың себептерін түсіндіретін ғылымға белгілі үш негізгі тәсіл бар:

1. Биологиялық тәсіл. Бұл тәсілдің негізгі жақтастары Ч. Ломбросо мен В. Шелдон, негізі бұл тәсілдің мәні: девиантты, атап айтқанда, қылмыстық мінез-құлық белгілі бір физикалық (антропологиялық) белгілерге тікелей байланысты. Мәселен, адам бас сүйегінің шығыңқы төменгі жағы, салыстырмалы түрде жалпақ мұрын, өте сирек сақал, ауырсынуға және ауру сезуге байланысты сезімталдықтың төмен болуы немесе мезоморфизм, яғни, әсіре күш пен сымбаттылықпен ерекшеленетін дене құрылысы [23]. Кейінгі жылдары бұл тәсілдің бағытындағы девиация жыныстық хромосомалардың табиғаттан тыс ауытқуымен түсіндіріледі (яғни, адам ДНҚ-сында қосымша хромосоманың болуын меңзеп тұр). Дененің биологиялық ерекшеліктері, әлбетте, адамның

мінез-құлқына тікелей әсер етеді (адамның өсу барысы, сыртқы келбеті, физикалық кемшіліктердің болуы сынды). Сонда, кейбір адамдардың мәдени девиантты мінез-құлыққа генетикалық бейімділігін жоққа шығаруға болмайды, алайда бұл тәсілді абсолюттендіру деген түсініктен аулақ болуымыз қажет, әсіресе, қылмыстардың едәуір бөлігі биологиялық ерекшеліктен бұрын әлеуметтік себептерден, ең алдымен, «мәжбүрлі» немесе өзімшіл қылмыс туындағандықтан ескеруіміз қажеттілігі тағы бар.

2. Психологиялық тәсілге тоқталсақ, ауытқудың алғышарттарын психологиялық қақтығыстардан, мәселелер мен жарақаттардан, әсіресе, балалық шақта бастан кешкен тұлғалардан көрінеді. Бұл бағыттың негізін қалаушы Зигмунд Фрейд. Девиантты мінез-құлық, З. Фрейдтің пікірінше, «Ego» және «ID» немесе «Superego» және «ID» арасындағы «қақтығыс» нәтижесінде пайда болады. Айталық, қылмыстар Superego – адамның өркениетті әрі мәдениет негізінде өзін – өзі бақылауы болса, қарабайыр әрі деструктивті, қатыгез ID импульстарын жеңе алмайтын жағдайда көрініс табады. Әр түрлі импульстарды басуға және бақылауға болады, осыдан келіп, психиканың бейсаналық қабаттарына көшеді. Шамамен, бір психологиялық белгіні, қақтығысты немесе кешенді талдау арқылы қылмыстың немесе ауытқудың кез-келген түрінің мәнін (деңгейін) түсіндіруге болмайтыны белгілі. Кейбір жағдайларда, мәдени девиация мінез-құлыққа биологиялық және психологиялық бейімділік белгілі бір әлеуметтік жағдайларға байланысты тиісті нәтиже беруі ықтимал көрінеді [24].

3. Әлеуметтанулық тәсіл қоғамға әсер ететін әлеуметтік және мәдени факторларды іздеу арқылы ауытқудың пайда болуын негіздейді. Мысалы, Э.Дюркгеймнің аномия теориясы – ауытқу, атап айтқанда суицидтік әрекеттер, айқын әлеуметтік нормалардың бұзылуына немесе тіптен болмауына байланысты көрініс табады. Мәдени құндылықтар мен қоғамдық нормалар адамдардың мінез-құлқын басқарады әрі бақылайды, сол арқылы басқалардан не күтетінін және өзінен не күтетінін шамалап біледі. Алайда, қоғамдық дағдарыстар немесе түбегейлі әлеуметтік өзгерістер кезінде, мәселен, іскерлік белсенділіктің төмендеуі және инфляцияның өсуі кезінде қоғам шатасу мен бағдарсыздықты сезінеді, өмір сүруін жалғастырады. Статистика бойынша күтпеген құлдырау мен өрлеу кезінде де «суицидтік көңіл-күй» деңгейі әдеттегіден жоғары болатынын айқындайды. Э. Дюркгейм күтпеген құлдырау мен өркендеу «ұжымдық тәртіпті» бұзумен байланысын бағамдайды. бұл уақытта әлеуметтік және мәдени нормалар бұзылады, қоғам бағдарларын жоғалтады, ал бұл девиантты мінез-құлыққа тікелей ықпал етеді.

Әлеуметтік антрополог Р. Мертонның аномия теориясына сәйкес, девиантты мінез-құлық аномияға белгілі бір мәдениет пен өркениет жариялаған мақсат пен оған жетудің әлеуметтік мақұлданған құралдары мен формалары арасындағы сәйкессіздік ретінде бейнеленеді. Р. Мертон өзінің тұжырымдамасы аясында девиантты әрекеттердің типологиясын жасады. Оған сәйкес, Р. Мертон жүйесінде конформизм қоғамның мақсаттарымен және оларға қол жеткізу құралдарымен келісуді тікелей көздейді [25]. Мысалы, американдық қоғамда «сәттіліктің» жалпы қабылданған өлшемі байлыққа қол жеткізу болып

есептеледі. Осы жолға жетудің әлеуметтік мақұлданған құралдары ретінде жақсы білім алу, төлемі жоғары жұмысқа орналасу және ойдағыдай мансап құру сияқты дәстүрлі әдістерді білдіреді. Бірақ, шынында барлық адамдар жақсы білім ала алмайды, ең жақсы фирмалар мен компаниялар мамандардың шектеулі санын ғана қабылдайды. Қоғам әлеуметтік мақұлданған қаражатпен қаржылық табысқа жете алмаған соң, түрлі заңсыз жолдарға жүгінуі осы себептен.

Инновация қоғамның мақсаттарымен келісуді көздейді немесе көздеуі қажет, бірақ, оларға қол жеткізудің әлеуметтік мақұлданған құралдарын жоққа шығартыны тағы бар. Мысалы: шантаж, тонау және басқалардың ақшасын ысырап ету, алаяқтық және т.б. мәдени девиантты мінез – құлықтың бұл түрі жеке адам бір жағынан ресурстарға қол жетімділігі шектеулілігі болған кезде және екінші жағынан, қоғам алдында табысты көрінуге деген ұмтылысқа тап болған кезде пайда болады (постмодернистік қимыл-қозғалыс).

Осы тұрғыда, ритуализм мәдениеттің мақсаты мен түп негізін елемеуді құп көреді, бірақ, әлеуметтік мақұлданған құралдарды қолдануға келісім танытады (кейде абсурдқа дейін жеткізіледі). Мысал ретінде, бланкілерді өте мұқият толтыратын, олардың барлық нұсқауларға сәйкестігін тексеретін, оларды бизнеске үнемі таңатын фанатикалық түрде берілген бюрократ адам бола алады, бірақ мұның бәрі не мақсатта және үшін жасалғанын түсінбейді.

Ал, шегіну белгілі бір қоғамның мақсат-міндеттеріне жету құралдарын да жоққа шығаруды қамтиды. Атап айтқанда, адам өзін қоғамнан қасқана алшақтатады. Мәден ауытқудың бұл түріне: монахтар, гермиттер жатады, екінші жағынан: нашақорлар, маскүнемдер мен суицидтіктер жатады.

Және бүлік қоғамның мақсат-міндеттерін, оларға қол жеткізу құралдарын да жоққа шығаруда көрінеді. Алайда, шегінушілерден айырмашылығын айтсақ, бүлікшілер қоғамнан алшақтамайды, бірақ оған жаңа мақсат-міндеттер мен оған жетудің жаңа құралдарын ұсынуға тырысып бағады. Мәдени девианттардың бұл түріне реформаторлар мен революционерлерді жатқызуға болады.

Мәдениеттанулық теориялар бойынша мәдени құндылықтарды талдауға баса назар аударған жөн. Бұл теориялар тұрғысынан девиация индивид, жеке тұлға өзін субмәдениетпен идентификация жасаған кезде пайда болады, оның нормалары басым мәдениеттің нормаларына қайшы форматта болады. Субмәдениетпен сәйкестендіру дәстүрлі мәдениеттің тасымалдаушыларымен қарым-қатынас барысында анықталады. Жеке болып табылмайтын ұйымдармен немесе институттармен (заң шығарушы органдармен, мешіттермен) байланыс емес, айталық, мектепте, үйде, көшеде күнделікті қарым – қатынас маңызды рөл атқаратынын айтсақ болады. Адамның мәдени девиантты құндылықтарды игеру қарқындылығына девианттармен байланыс жиілігі, сондай-ақ, олардың саны мен ұзақтығы зор әсер етеді. Адамның жасы маңызды рөл атқарады, яғни, адам неғұрлым жас болса, соғұрлым олар басқалар енгізген мінез-құлық үлгілерін қабылдау мүмкіндігі жоғары болады.

Қарастырылып өткен теориялар негізінен мәдени девиацияға ықпал ететін әлеуметтік және мәдени факторларды талдауға бағытталған. Кейінгі уақытта шыққан бірқатар әлеуметтанулық және мәдениеттанулық теориялар адамды

мәдени ауытқу тұрғысынан бағалайтындарға, адамдарға мәдени девианттар ретінде көзқарастың қалай қалыптасатынына, сондай-ақ, девианттың жапсырмасы желімделген адамға қалай қарайтынына назар аударады.

Мәселен, **стигма теориясын** қарастырайық, мұндағы негізгі тезис: мәдени ауытқу о баста кез-келген әлеуметтік мінез-құлыққа тән қасиет емес, белгілі бір мінез-құлықты девиантты деп әлеуметтік бағалаудың (стигматизацияның) салдары ғана. Мәдени ауытқу қоғамның ықпалды топтарының басқа қабаттарға белгілі бір стандарттарды қоюы және таңып беруі, аз қорғалған және қамтылған топтардың мінез-құлқына девианттарды белгілеу қабілетімен түсіндіріледі. Қоғамға ережені бұзғандай қарауға болады, тіптен егер олай болмаса да, басқалар оны жасады деп мәлімдегендіктен солай болып көрінеді. Мәдени девиантты мінез-құлықтың себептерін де талдау бұл жағдайда мінез-құлықтың девиантты мәртебесін жеке адамдарға жатқызуды анықтайтын немесе әсер ететін процестерді, құбылыстар мен факторларды зерттеуге, яғни, адамдарға мәдени девианттар ретінде көзқарастың қалай қалыптасатынын зерттеуге бағытталған.

Ал, **конфликтологиялық тәсілге** келер болсақ, бұл теория адамдардың не себептен заңдарды бұзатындығына қызығушылық танытпайды, алайда заң шығару жүйесінің түпкі мәнін талдаумен айналысады. Осы тұрғыдан алғанда, құқық қорғау органдарының заңдары мен қызметі өндіріс құралдарына иелік ететін билеуші таптар олардан айырылғандарға қарсы қолданатын құрал ретінде белгілі. Сонымен қатар, бұл теорияны жақтаушылар мен қолданушылар мәдени девианттарды жалпы ережелерді бұзушылар ретінде ғана емес, «бақылауға мұқтаж көптеген мүшелерін психиатриялық ауруханаларға, түрмелерге және кәмелетке толмағандарға арналған колонияларға оқшаулауға және орналастыруға» ұмтылатын капиталистік қоғамға қарсы бүлікшілер ретінде қарастырады. Соңғы теориялар қолданыстағы әлеуметтік құрылымға әлдеқайда сыни екені белгілі, олар жеке адамды емес, бүкіл қоғамды түзету қажеттілігін дәлелдейді.

Мәселен, француз әлеуметтанушысы Г. Тард өзінің белгілі «еліктеу» теориясының негізін қалады. Бұл субъектілердің өздері өскен ортаға, айталық, қылмыстық ортаға байланысты қылмыскерлерге айналуына негізделген. Яғни, мұндай балаларға арналған орта анықтамалық және өмір жолын таңдап беруші топ болып табылады [26]. Ал, Э. Сатерленд болса, Г. Тард тұжырымдамасын дамыта отырып, өзінің «дифференциалды ассоциация» теориясын ұсынды, онда ол субъектілердің девиантты мінез-құлқының көп бөлігі олардың қоршаған әлеуметтік ортасына, басқаша айтқанда, оларды кім және не нәрсеге үйрететініне байланысты екенін атап өтті. Тинэйджерлердің, яғни, жасөспірімдердің мәдени ауытқуы олардың қылмыстық ортада болу ұзақтығына тікелей пропорционалды болып есептеледі. Жасөспірім шақта қылмыстық немесе аутсайдерлік ортада, жағдайда неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым оның болашақта қылмыскер болу ықтималдығы жоғары. Әлеуметтанушы антропологтар ғалымдар Г. Беккер мен Э. Лемерт **стигматизация теориясын** жасады. Бұл әлеуметтанушылардың ілімдеріне сәйкес: ауытқу проблемасы мінез-құлыққа немесе кейбір әрекеттердің

мазмұнына емес, топтық бағалауға, құқық бұзушының жеке басына белгі қоюға және оған санкциялар қолдануға байланысты болады [27].

Бүгінгі таңда, мәдени девиантты мінез-құлықтың көптеген жіктелімдері бар. Осы тұрғыда, Клейбергтің мәдени ауытқуларын жүйелеуге сәйкес девиантты мінез - құлықтың үш тобы ерекшеленеді:

- әлеуметтік бейтарап (қайыр сұрау);
- позитивті (жанқиярлық);
- теріс ауытқу (нашақорлық) [28].

Позитивті ауытқу – бұл девиантты мінез-құлықтың бір түрі және көпшілікке бірдей стандарт емес, оғаш мінез-құлық ретінде қабылданады, бірақ сонымен бірге қоғамға келіспеушілік пен айыптау тудырмайды, себебі, қажет кезде қоғам бұл топ өкілдерінің әрекеттеріне зәру. Керісінше, теріс ауытқу адамдардың көпшілігінде қабылдамау мен айыптауды тудырады. Мысалы, Е.Змановская мінез-құлық ауытқуларының әртүрлі типологияларын қорытындылады, нәтижесінде ол бұзылған норманың түрін және ауытқудың теріс салдарын жіктеудің негізгі критерийлерін анықтады. Ол қоғамға қарсы мінез құлықтың үш тобын анықтады:

– Қоғамға қарсы мінез-құлық, яғни, азаматтардың әл-ауқатына және әлеуметтік тәртіпке қауіп төндіретін құқықтық нормаларға сәйкес келмейтін әрекеттер жиынтығы;

– Тұлғааралық қатынастарға қауіп төндіретін моральдық-этикалық нормалар мен моральдық негіздерді орындаудан бас тартатын және жалтарудан тұратын қоғамға жат мінез-құлық;

– Суицид, өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінде, фанатикалық, аутист, жәбірленуші, қауіпті әрекеттерде көрінетін аутодеструктивті мінез-құлық, бұл түрге әртүрлі тәуелділіктер де жатқызуға болады [29].

Ал, ғалым Надежда Майсак бір-бірімен қиылысатын екі өлшемнің ішіндегі ауытқулардың көптеген формаларын ажырататын әлеуметтік ауытқулар матрицасын жасады, ол бойынша мәдени девиантты мінез-құлықты көріну сипаты мен бағытына, сондай-ақ, қоғамдық мақұлдау дәрежесіне қарай бөлуге болады, балалар мен ересектердің ауытқуының көрінісі мен бағыты бойынша:

– Конструктивті - шығармашылық өзін-өзі көрсетудің әртүрлі түрлері;

– Өз кезегінде тәуелді және суицидтік болып табылатын аутодеструктивті әрекеттер;

– Сыртқы деструктивті, олар да заңсыз және коммуникативті болуы мүмкін екеніне мән беру қажет.

– Ал, әлеуметтік мақұлдау дәрежесі бойынша ауытқуларға тоқталсақ:

– Әлеуметтік мақұлданған және просоциалды (яғни белгілі бір адамдар топқа бейімделген);

– Әлеуметтік бейтарап топтар (яғни, адамдардың іс-әрекеттері қоғамға қауіп төндірмейді, оларды бағалау мүмкін емес, өйткені критерийлер екіұшты болып келеді);

– Әлеуметтік мақұлданбаған, атап айтқанда, әлеуметтік емес әрекеттер, яғни, моральдық негіздер мен моральдық нормалардан ауытқитын әрекеттер,

қоғамға қарсы мінез-құлық, яғни, заңнама нормаларынан ауытқитын әрекеттер жиынтығы [30].

Қазіргі таңдағы қоғамның өмір сүруі жағдайында ауытқулардың негізгі түрлеріне: алкоголизм, нашақорлық, қылмыс, суицидтік мінез-құлық жатады. Көптеген мәдениеттанушылар мен әлеуметтанушылардың пікіріне сүйнесек, қазіргі қоғамда жағымсыз және жағымды ауытқулар сөзсіз көп. Сәйкесінше, девиантты мінез-құлықты толығымен жою мүмкін еместігін түсіндік. Егерде біреу белгілеген нормалар болса, одан мәден ауытқулар пайда болады. Бұл мәселенің зерттеушілері трансформацияны бастан өткеріп жатқан қоғамдарда ауытқулардың пайда болуы заңды екенін атап өтеді, онда дағдарыстың күшеюі жағдайында адам субъектілері өз жағдайына қанағаттанбайды, бұл қанағаттанбау мен қоғамнан алшақтау сезімдерінің пайда болуына әкеп соқтырады. Мәдени девиантты мінез-құлықтың үдемелі өсуі, олардың еріксіздігі қоғамнан үйлесімді әрекеттер мен мақсатты іс-шараларды талап етеді. Мәдени ауытқулардың алдын алу бейімделмеген адамдармен жұмыс істеу әдістері мен технологияларын іздеуді, жасөспірімдерді оңалтуды, девиантты мінез-құлықтың пайда болуының алдын алуды, яғни, кәмелетке толмағандардың әрекеттеріне теріс әсер ететін жағдайларды жоюды қамту керек. Мәдени ауытқулардың алдын алу әртүрлі ауытқулар мен әлеуметтік мінез-құлық ауытқуларын тудыратын негізгі себептерді бейтараптандыруға және жағдайларды жоюға бағытталған немесе алдын алуға, жоюға бағытталған мемлекеттік іс-шаралар, ұйымдастырушылық-тәрбиелік, әлеуметтік-медициналық іс-шаралар кешенін қамтиды.

Мәдени ауытқулармен күрес, бірінші кезекте, тиісті әлеуметтік топтар мен субмәдениеттерге, яғни, теріс әлеуметтік ортаға және олардың белгілі бір тасымалдаушыларына әсер ету арқылы жүргізілуі керек, айталық: нашақорлық, қылмыс және т.б. құбылыстарды тудыратын жағдайлар мен себептер.

Әлеуметтік бұзылулардың жіктелуінде ауытқулардың:

- мәдени және психикалық ауытқулар;
- жеке және топтық сипаттағы ауытқулар;
- бастапқы және қайталама ауытқулар;
- мәдени мақұлданған ауытқулар (оң ауытқу) және мәдени айыпталған ауытқулар.

Сонымен қатар, мәдени ауытқулар қылмыстық, девиантты және құқық бұзушылық болып өзара бөлінеді. Мәдени девиантты әрекеттер – девиантты мінез-құлықтың көрініс, олар өздерінің жас санатына сәйкес келетін адамдардың микроәлеуметтік қатынастардың белгілі бір түріне (мысалы, отбасы іші) және жыныстық, жас ерекшеліктеріне байланысты әлеуметтік топтарға тән әлеуметтік-мәдени мінез-құлық нормаларын бұзуымен байланысты. Басқаша айтқанда, реакцияның бұл мінез-құлық түрін пәнге қарсы деп атауға болады, оған: қаңғыбастық, нашақорлық, суицид әрекеттері жатады.

Мәдени девиантты сипаттағы әрекеттерден айырмашылығына тоқталсақ, құқық бұзушылық мінез-құлық жеке тұлғалардың қайталанатын антиәлеуметтік теріс қылықтарында көрінеді, кейіннен құқықтық нормаларды бұзатын мінез-

құлық реакциясының тұрақты стереотипіне айналады, бірақ, олардың шектеулі әлеуметтік қауіптілігіне байланысты қылмыстық жауапкершілікке тартылмайды. Құқық бұзушылық мінез-құлық: агрессивті-зорлық-зомбылық әрекеттері (қорлау, өртеу, ұрып-соғу), өзімшілдік (ұрлық, автокөлік ұрлау және бопсалау) есірткі сатумен айналысу. Қылмыстық бағыттағы іс-әрекеттер қылмыстық кодекске сәйкес сараланатын құқыққа қайшы іс-әрекеттер болып табылады. Мәдени девиантты мінез-құлыққа жауап берудің әртүрлі формалары мен құқық бұзушылық әрекеттері қылмыстық мінез-құлықтан бұрын болады.

Теріс фоны бар ауытқулардың формалары, әдетте, әлеуметтік-құқықтық жүйені бұзатын, оның негіздерін бұзатын және қоғам мен жеке адамға, әсіресе жасөспірімдерге айтарлықтай зиян келтіретін әлеуметтік патология болып есептеледі. Мінез-құлықты реттеу қажеттілігі және ауытқулармен күресу бүгінде өте өзекті мемлекеттік іс-шара, өйткені адамның қажеттіліктері мен оларды қанағаттандыру құралдары арасында шешілмейтін қақтығыс бары белгілі. Жеке тұлғалардың материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген ұмтылысы негізі жалпы қабылданған нормаларға сәйкес келмейтін мінез-құлыққа әлеуметтік бағдары дамымаған субъектілерді қоздыратын ішкі мотивация болып табылады.

Сонымен, мәдени девиация топтық нормалардан ауытқу ретінде анықталды, ол соттауға, жазалауға (тіпті түрмеге жабылуға дейін), оқшаулануға (елден шығарылғанға дейін) немесе емделуге әкеледі. Топты жалпы қоғам немесе үлкен әлеуметтік топтар: саяси партия, үкімет, діни қауымдастық, әлеуметтік тап немесе қабат, жастар, әйелдер, зейнеткерлер және ұлттық азшылық деп түсіну керек. Бір топтың көзқарасы бойынша девиантты мінез-құлықты екінші топтың көзқарасы бойынша қалыпты деп санауға болады. Мәдени девиацияға әсер ететін мінез-құлыққа тән қасиет – мәдени релятивизм. Яғни, қоғам, топ немесе әлеуметтік орта қабылдаған әлеуметтік норма абсолютті емес, тек салыстырмалы құбылыс екенін ұмытпайық. Бір топта мәдени ауытқу деп санауға болатын нәрсе екінші бір топта норма ретінде қабылдануы әбден мүмкін. Мәселен, жұмыс орнында, автобуста, кеңседе, мектепте, дүкенде темекі шегуді ауытқу деп санауға болады, бірақ достар тобы арасында ол мінез-құлықтың қолайлы түрі ретінде бағаланады және теріс реакция тудырмайды. Кейбір елдерде темекі шегу тұрмыстық мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормасы екені белгілі, оған ешкім назар аудармайды, ал басқаларында-ережелерден ерекшелік екені белгілі, осы орайда өзімнің Түркия Республикасында 14 ай көлемінде өмір сүруімнің нәтижесінде бұл мәселеге көзім жетті, яғни, темекі бұл түрік қоғамының мәдени нышаны деңгейіндегі құбылыс, қажет десеңіз, ол үлкен мәдениеттің көрінісі. Тіпті, бір отбасы бір үстел үстінде отырғанда бала-шағасымен бірге әжесінің де шылым шегуі қалыпты жайт. Сонымен қатар, АҚШ пен Батыс Еуропа темекі шегуді қалыпты мінез-құлықтан алып тастады, себебі шылым шегушіні кез-келген жерден қуып жіберді, ал бүгінде ол өркениетті адамзаттың мінез-құлқының девиантты түріне айналды. Кейбір нормалар басқаларға қарағанда маңызды болып табылады, күрделі қоғамдарда топтың өмір сүру ережелері жеке гигиена ережелеріне қарағанда үлкен салмаққа ие болып тұр.

Нормалар прокриптивті (тыйым салатын) және прескриптивті (нұсқаушы, рұқсат етуші) болып бөлінеді. Бірінші жағдайда, екіншісінен ауытқуға қарағанда жиі жазаланады. Барлық нормалар ерікті, мінез-құлықтың әмбебап стандарты жоқ екені белгілі. Нормативті және мәдени девиантты деп санау уақыт пен қоғамда да өзгереді. Мәселен, кітап басып шығару, жер ғаламның орталығы емес деген идеялар, кейбір қоғамдарда және кейбір кезеңдерде мешітке бармау норма, ал басқаларында ауытқу болуы мүмкін. Айтпақшы, XIX ғасырда некеден тыс ерлер мен әйелдердің бірге тұруы әлеуметтік нормаларды елеулі бұзу ретінде қарастырылды, сол кездегі ережелер тұрғысынан бұл мінез-құлық жеке ауытқу ретінде бағаланды. Ал, XX ғасырдың екінші жартысында ол азаматтық неке деп аталды және жаппай, ең бастысы тұлғааралық қатынастардың қолайлы түріне айналды. Қазіргі қазақстандық қоғамда да бұл үрдіс бара бара қалыпты жағдайға айналууда, бұған негізгі себеп, ел ішіндегі бақылаусыз миграция. Алыс аймақтардан қоныс аударған топтар алып мега полистердің өзіндік құндылықтарын бойларына сіңіреді, нәтижесінде, біздің назардан тыс қалған бұл миграция үлкен мәдени толқындар мен девиациялар тудырады, әлі де болса бұл құбылыс біздің тарапымыздан бақыланбай, зерттелмей келеді. Ол еуропалық теориялар мен гипотезалар аясына сыймайды, жаңаша қоғам талаптарына сай келетін зерттеулерді қажет етеді. Мысалы, бір қоғамдағы қаңғыбас монахты қасиетті деп санауға болады, ал екіншісінде пайдасыз жалқау деп танылады.

Алғашқы қоғамдық формация кезеңдерінде қазіргі этикалық және құқықтық өлшемдермен үйлеспейтін бірқатар тәжірибелер – атап айтқанда, адамның етін жеу (каннибализм), қарияларды саналы түрде жою (геронтоцид), сәбилерді құрбан ету (инфантицид), немесе жақын туыстар арасындағы жыныстық қатынас (инцест) – нақты тарихи-экологиялық және социомәдени контекст аясында қалыпты, тіпті функционалдық сипатқа ие практикалар ретінде өмір сүрген. Бұл әрекеттердің негізінде тіршілік ресурстарының шектеулілігі, биологиялық өмір сүру стратегиялары және ұжымдық тіршілікті сақтауға бағытталған ішкі нормативтік реттеу механизмдері жатқан. Мұндай нормалар көбінесе ритуалдық немесе дәстүрлік сипатта заңдастырылып, қоғамдастықтың өмір сүру стратегиясымен органикалық байланыста болған. Бірақ қоғамдық қатынастардың күрделенуімен, құқықтық институттардың және моральдық-этикалық әмбебап қағидалардың орнығуымен байланысты, аталған тәжірибелердің көпшілігі девиантты немесе қылмыстық іс-әрекеттер ретінде қайта қарастырылды. Қазіргі құқықтық-моральдық жүйеде бұл формалар адам құқықтарының түбегейлі бұзылуы және адам болмысының қадір-қасиетіне қайшы келетін әрекеттер ретінде танылады. Осылайша, тарихи процесте қалыптыдан ауытқу ұғымы (девиация) тек биологиялық немесе әлеуметтік қажеттіліктермен емес, мәдени дискурстың трансформациясына, яғни нормалар мен тыйымдардың өзгермелі табиғатына тікелей тәуелді екені айқындалады. Бұл факт девиантты мінез-құлықтың салыстырмалы, тарихи-мәдени шартты феномен екенін паш етеді.

Әлемде қылмыс жасаудан толық бос халық немесе мемлекет жоқ. Тағы бір еккеретін жайт, әр түрлі елдерде қылмыстық іс-әрекетке берілетін баға әртүрлі,

БҰҰ мәліметтері бойынша, Швецияның мың тұрғынға шаққандағы қылмыс саны бойынша әлемде бірінші орында тұрғаны біреуді таң қалдыруы мүмкін. Бірақ бұл елде жүргізушінің қанында алкогольдің болуы қазірдің өзінде қылмыс болып саналады және ол міндетті түрде қылмыс ретінде тіркеледі. Ал, айталық, Кавказ Республикаларында, егер ресми мәліметтерге сүйенсек, қылмыс деңгейі өте төмен, өйткені қылмыскер мен жәбірленуші, қылмыскер мен құқық қорғау органдарының арасындағы «мәмлеге келу» дағдысы бұрыннан қолданылып келеді.

Мәдени релятивизм ұғымы мәдени айырмашылықтарды тек хронологиялық немесе өркениеттік өлшемдерде ғана қарастырумен шектелмейді. Бұл теория бір қоғамның ішіндегі түрлі әлеуметтік топтар мен стратификацияланған қауымдастықтар арасындағы дүниетанымдық ерекшеліктерді де сипаттауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік жүйе шеңберінде өмір сүретін әртүрлі топтар – мысалы, саяси құрылымдар (билік пен оппозиция), әлеуметтік таптар, жас ерекшелігіне қарай жіктелген топтар (жастар мен егде жастағылар), гендерлік қауымдастықтар, сондай-ақ этникалық немесе діни азшылықтар – ортақ әлеуметтік кеңістікте бола тұра, өзара алшақ мәдени-символдық жүйелерге сүйенуі мүмкін. Бұл жағдайда мәдени релятивизм – біртекті көрінетін қоғам ішіндегі көптүрлі әлеуметтік агенттердің тәжірибесін түсінуге мүмкіндік беретін талдаулық тәсіл ретінде көрінеді. Осы ұстаным әртүрлі әлеуметтік топтардың шындықты қабылдау, нормаларға бағыну және құндылықтарды интерпретациялау ерекшеліктерін әдіснамалық тұрғыдан салыстыра зерттеуге жағдай жасайды [31].

Ал бүгін біз барынша құрмет көрсетуге тырысатын кез келген адамға атымен және әкесінің атымен, ал тұрмыста, достық оратда атымен жүгініп жүрміз. Дәстүрлі қазақ қоғамында «ат тергеу» салты бар, ол бойынша, кісінің атын айтудың орнына оның жасына қарай еркелетіп айту болған, мысалы, -тай тіркестерін жалғау. Ал үлкен кісілерге құрмет білдіру мақсатында -еке жалғау кең таралған, ел тәуелсіздік алған заматтан бері бұл дәстүр жалғасын тауып қазіргі таңда кең етек жаюда. Ал, көптеген ресейліктер үшін кішірейтілген атаулар қорлау болып саналады. Сонымен қатар, мәдени ауытқу критерийлері уақыт бойынша, тіпті бір мәдениет ішінде де өзгереді. Негізі Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін темекі шегу АҚШ-та кеңінен таралып, әлеуметтік мақұлдауға ие болғаны белгілі, пәтерде немесе кеңседе темекі шегу қалыпты мінез-құлық болып саналды. Бірақ, 1957 жылы ғалымдар темекі шегу көптеген ауыр аурулардың, соның ішінде өкпенің қатерлі ісігінің себебі екенін дәлелдеп шықты. Бірте-бірте жалпы жұртшылық темекі шегуге қарсы компанияны бастады, ал бүгін АҚШ-та темекі шегушілер жалпыға бірдей айыптау объектісіне айналды. Бұрынғы КСРО-да 60-шы жылдары «буржуазиялық өмір салтына» еліктейтін тар шалбар киген «стилягтар» мәдени девианттар болып саналды, олардың пайда болуы қоғам үшін моральдық зорлық-зомбылықты көрсетті.

Қорытындылап айтқанда, шартты түрде девиация:

а) тарихи дәуірге;

б) қоғам мәдениетіне қатысты пайымдалады.

Ғылымда бұл түсінікті «салыстырмалы релятивизм» деп атайды. Адамдардың көпшілігі көбіне заңдарға сәйкес әрекет етсе де, мұндай адамдарды мүлдем заңға бағынышты деп санауға тағы болмайды, яғни, әлеуметтік конформистер деп атасақ болады. Бір қарағанда, ең кінәсіз әрекет девиантты болуы мүмкін, бұл рөлдердің мағыналық-жағдаяттық таралуын бұзумен байланысты. Айталық, әйел адамының жоғары жалақысы басқаларға қалыпты болып көрінбеуі мүмкін, өйткені ер адам ғасырлар бойы материалдық құндылықтардың негізгі өндірушісі болғаны белгілі. Ортодоксальды қоғамда рөлдердің мұндай бөлінуі негізінен пайда бола алмады. Мәдени ауытқулармен күрес көбінесе әртүрлі сезімдермен, ойлармен, әрекеттермен күреске айналды. Әдетте бұл нәтижесіз, мәселен, біраз уақыттан кейін клондау қайта жанданады және одан да жарқын түрде болуы мүмкін. Бұрынғы Кеңес қоғамыда 80-ші жылдардың аяғында әлеуметтік және идеологиялық тыйымдарды алып тастау әлеуметтік өмірді шығармашылық пен әртүрлілікпен байытты. Осылайша, мәдени девиацияны тану және талдау аса қиын, сол себепті кейбір мәдени девианттылықтар шебер жасырылады, ал басқа адамдар бұзушылықтар үшін жалған айыпталады. Нормаларды дәл анықтау қиын, нәтижесінде ауытқу көптеген аралық формаларды алады. Күрделі қоғамдарда нормативтік келісімге қол жеткізу қиынырақ, өйткені бәсекелес құндылықтар өте көп. Мысалы, елдің табиғи байлығын сақтап қалғысы келетін адамдар өнеркәсіпті кеңейтуге ұмтылатын кәсіпкерлерге қарсы болады, екі партия да кеңінен қабылданған құндылықтар жүйесіне жүгінеді. Қазіргі таңда абортты заңдастыруды әйелдің құқығын бағалайтындар қолдайды, бірақ оларға туылмаған балалардың мүдделерін білдіретіндер қарсы тұрады. Кімнің мүдделері қоғамнан маңыздырақ деп ойлайсыз? Сұрақ әлі де болса тек толеранттылық принципіне негізделіп, адамның таңдау құқығына тоқталады, олай болса өмірге келу құқығынан қасақана айырылған шақалақтардың құқығы қайда қалмақ?

XVII ғасырда Англия қоғамында нормаларды пуритандық қауымдастықтардың ең құрметті мүшелері құрды, адамдар сотқа тартылды және біздің ойымызша, жалғыздықта өмір сүру немесе әдепсіз мінез-құлық сияқты ұсақ-түйектер үшін де жазаланды. Халықтық әдет-ғұрыптарды бұзғандар арасында заңдарды бұзғандар арасында ешқандай айырмашылық болған жоқ. Кез-келген мінез-құлықтың сипаты киелі кітаптың канондары тұрғысынан қарастырылды.

Әлеуметтану және мәдениеттану тұрғысынан девиантты және нормативті мінез-құлық әлеуметтік бақылаудың, топтық күтулер мен санкциялардың бірдей процестеріне негізделген. Мінез-құлық пен идеялар жаман немесе жақсы емес, біз жаман және жақсы мінез-құлық деп атайтын нәрсе-мәдени өнімдерді орнатуға және анықтауға күші бар адамдар арасындағы күрестің нәтижесі ғана. Айталық, есірткі ретінде белгілі марихуананы қолдану, кез-келген басқа дәрі сияқты, уақыт пен орынға байланысты өзгереді, АҚШ-тың кейбір штаттарында кәдімгі дәріханада сату және алу рұқсат етілген, Нидерландыда бұл қалыпты жайт болса, біздің елде ең ауыр қылмыстардың қатарында. Мәселен, Үндістанда

алкогольді тұтынудың діни ережелері күшті елде марихуана түрлерінің бірі - әдет-ғұрып пен дін белгілеген «бханг» қолданатыны белгілі. Марихуананың әр түрі жемістермен араласқан, бханг неке кезінде қолданылған.

1.2 Мәдени девиацияның типологиясы және қоғамдағы көріністері

Бұл зерттеп отырған тақырып өте маңызды, өйткені елімізге көрші кейбір елдерде адамдық қауымдастыққа жат трайбализм, патернализм, партикуляризм сияқты девианттық қатынастар белең алып барады. Сондықтан индивидуалдықты жоғары деңгейге көтерудің бір шартына шынайы азаматтық қоғамды қалыптастыру жатады.

Қоғам мен адам арасындағы қарым-қатынас мәселесі – әлеуметтік философия мен мәдени антропологиядағы ең күрделі әрі қайшылықты тақырыптардың бірі. «Біз» және «Мен» ұғымдары әлеуметтік болмыстың диалектикалық дуализмін білдіреді. Бұл екеуі бір-біріне оппозициялық құрылымдар ретінде көрінгенімен, олардың арасында онтологиялық тұрғыдан ажырамас байланыс бар. «Біз» – әлеуметтік тұтастықтың, қауымдастықтың, мәдени бірліктің символы болса, «Мен» – тұлғалық автономияның, еркін еріктің және экзистенциалды даралықтың бейнесі. Ал классикалық философиялық дәстүрде бұл қарым-қатынас Гегельдің «өзіндік сана» және «басқаның танылуы» ұғымдары арқылы қарастырылған. Яғни, адам өзін «Мен» ретінде толық тани алмайды, егер ол өз болмысын «Басқамен» қатынаста, «Біз» кеңістігінде ұғынбаса. Қоғам мен индивидтің бір-біріне қатысты позициясы кейде қарама-қайшылыққа негізделетіндей көрінгенімен, олардың терең табиғаты өзара өзектелген. Бұл өзара қатынастың түбірінде адамның адамға деген сенімі, құрметі, моральдық мойындауы, «екіншіге» тең субъект ретінде қарауы жатыр. Сондай-ақ адамның өзін абсолют ретінде ұғынуы – оның рухани болмысының терең қабаттарынан бастау алады. Бұл – тұрпайы эгоизм немесе гедонистік мүдделерге негізделген инстинкт емес, керісінше, адамның ішкі болмысындағы қайталанбас, қасиетті мәнділік сезімі. Тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзіндік құндылығын сезінуі – оның табиғи және мәдени құрылымының синтезі. Бұл мағынада индивидуализм – қоғамнан оқшаулану емес, керісінше, қоғаммен рухани теңдік пен жауапкершілік деңгейінде байланыс орнату актісі. Ал әлеуметтік тұтастық – тек реттеуші жүйе емес, нақты адамдар арасындағы жанды байланыстардың көпқабатты өрімі. Сондай-ақ қоғам – адамдар арасындағы келісім, ынтымақтастық, өзара мойындау мен моральдық жауапкершілікке негізделген тірі құрылым. Ол индивидтердің біртекті болуын емес, олардың әртүрлілігін мойындауды талап етеді. Мұндай құрылымның өзегі – сенім, эмпатия, және «жақындық» феномені. Бұл – қоғамдағы барлық қарым-қатынастардың, тіпті утилитарлық сипаттағы келісімдердің де, түпкілікті негізі. Яғни, қандай да бір билік қатынасы, экономикалық мүдде немесе функционалдық әріптестік болсын, олардың барлығы тереңінде адамның адамға

деген тікелей моральдық қарым-қатынасынан тамыр тартады. Бұл – интуитивті, рационалдық логикадан бұрын пайда болатын мәдени-психологиялық құрылым.

Қоғамның ішкі құрылымындағы басты элементтердің бірі – интимдік қарым-қатынас пен жақындыққа негізделген шағын бірлестіктер. Отбасы – осы интимдік әлеуметтік кеңістіктің архетипі. Отбасылық құрылым – биологиялық байланыспен қатар, мәдени ритуалдар мен моральдық қатынастар арқылы бекітілген микроқоғам. Мұнда индивидтер бір-бірін тек туыстық негізде емес, рухани субъект ретінде қабылдайды. Осы себепті отбасы – қоғамның іргетасы, өйткені ол адамның адаммен қарым-қатынасын ең табиғи, ең бастапқы күйінде жүзеге асырады. Сонмен қатар отбасылық қарым-қатынастар үлгісінде туындайтын микроқоғамдық формалар (кәсіби қауымдастықтар, жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдары, мәдени бірлестіктер) да қоғамның рухани тұтастығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олар әлеуметтік иерархияны емес, адамаралық сенім мен құндылықтарды негізге алады. Осындай құрылымдарда «біздік» сана кеңістікке, ортақ мақсатқа және тәжірибеге негізделеді. Осыдан барып, туған жерге, жергілікті мәдениетке, тілділік ерекшеліктерге деген сүйіспеншілік – ұлтжандылық сана құрылымының табиғи бөлшегі ретінде көрінеді. Ал қазақ мәдениетіндегі «атамекен» ұғымы – тек географиялық тірек емес, ол адамның болмыстық, символдық және тарихи өзіндік танымының терең қабаттарын бейнелейді. Атамекен – индивид пен қауымның, тарихи жад пен қазіргі тәжірибенің түйіскен нүктесі. Бұл феномен ұлт болмысының онтологиялық тірегі бола отырып, әлеуметтік байланыстарды рухани және мәдени негізде реттейтін құрал ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар қоғам өмірінің тұрақтылығы тек заңдық реттеулермен емес, мәдени ритуалдар мен символдық құрылымдармен де қамтамасыз етіледі. Әдет-ғұрыптар мен салт-жоралар – қоғамның бейсаналық деңгейінде орныққан моральдық-реттеуші механизмдер. Олар құқықтық нормалардан бұрын әрекетке түседі және индивидтің мінез-құлқына терең психомәдени ықпал етеді. Ритуалдық практикалар мен символдық жүйелер – қоғамның ішкі «қан айналымы», яғни онтологиялық энергия көзі. Ал әдет-ғұрып нормалары – динамикалық құрылымдар: олар тарихи контекстке бейімделіп, кейде жойылып, кейде қайта жандануы мүмкін. Бірақ қандай жағдай болмасын, олардың мәдени жадыда сақталатын репрезентативтік қызметі ерекше. Мысалы, қазақ қоғамындағы қонақжайлық, үлкенге құрмет, кішіге ізет секілді практикалар ресми заңмен емес, ритуалдық символизм арқылы жүзеге асады [32]. Бұл нормалар – қоғамдық мораль мен жеке адам болмысының шекарасында өмір сүретін мәдени кодтар. Яғни, «Біз» және «Мен» арасындағы қатынас – қарама-қарсылық емес, онтологиялық өзара байланыстың нышаны. Қоғам тұлғасыз өмір сүре алмайтыны секілді, тұлға да қоғамсыз өзін толымды мәнде жүзеге асыра алмайды. Қоғамдық тұтастықтың тірегі – адамның адамға деген сенімі, тікелей жанды қатынасы және моральдық мойындауы. Әлеуметтік институттардың өміршеңдігі де осы рухани-онтологиялық өзектілікке негізделген. XX ғасырдың көрнекті ойшылдарының бірі Зигмунд Фрейд мәдениетті адамзаттың табиғи болмысынан өзгеше өмір сүру формасы ретінде сипаттайды. Оның пайымынша,

мәдениет – адамзат қоғамының қорғаныс механизмдері мен қоғамдық келісім негізінде қалыптасқан құрылымдар мен нормалардың жиынтығы. Бұл құрылымдар екі негізгі қызмет атқарады: бірі – адам баласын табиғаттың стихиялық күштерінен сақтау, екіншісі – адамдар арасындағы өзара әрекетті реттеу. Фрейдтің пікірінше, мәдениет адам бойындағы эгоцентризм мен биологиялық импульстерді шектеу арқылы ортақ өмір сүру ережелерін бекітеді [33]. Жеке адам өз мүддесін шексіз жүзеге асыруға бейім болғанымен, қоғам мүддесі үшін әрбір тұлға белгілі бір шектеулерді қабылдауға мәжбүр болады. Бұл үдерісте жеке үстемділіктен ортақ ережеге көшу – мәдениет дамуының негізгі белесі. Коллектив мүддесі үстемдікке ие болған кезде, бұл билік құқықтық нормалар түрінде ресімделіп, бүкіл қоғамға ортақ тәртіп қалыптастырады. Осыдан шығатын түйін – мәдениет жеке еркіндіктің абсолютті үстемдігіне емес, керісінше, ортақ жауапкершілік пен құқықтық келісімге негізделеді. Бұл тұрғыда Батыс өркениеті еркіндік пен құқықты өзара тең салмақтағы құндылықтар ретінде қарастырып, оларды әділеттіліктің кепілі ретінде ұсынады. Алайда, бұл еркіндік – мәдениеттің өзінен туындайтын нәтиже емес, ол не күштік бақылау арқылы, не адамзаттың өзара келісімге келу қабілеті арқылы жүзеге асады. Демек, мәдениет – тек жетістіктер мен нормалардың жиынтығы ғана емес, сонымен бірге жеке мен қоғамдықтың арасындағы нәзік тепе-теңдік формасы.

Аталмыш ұстанымды қазіргі батыс философиясы да қолдайды, мысалы, белгілі әлеуметтанушы Т. Парсонс мәдениет, құқық пен моральдың қосылған бітімі ретінде норманы атайды. Біздің тақырыпқа тікелей қатысы бар болғандықтан Т. Парсонстың нормаларға берген жіктелуіне назар аударуды жөн көрдік, (қазақ тіліне норманы – «өлшем», «ереже», «тиісті қалып» деп аударуға болады). Жалпы қоғамда және әлеуметтік топтарда қабылданған тәртіпті сақтауға арналған нормалар, кез-келген қоғамда міндеттердің бөлінуі әр түрлі мәселелерді шешеді, мысалы, ер адамдар күрделі техникалық, дене еңбектерін, әскери міндетті атқарса, әйелдер үй шаруашылығымен айналысып, бала туу, ұрпақты күтіп, баптап, тәрбиелеу, отбасының бірлігін сақтап, оны нығайту сияқты аса маңызды іс-әрекеттерді іске асырады [34].

Одан бөлек, экономикалық нормалар шаруашылық өндірісті ұйымдастырудың, кәсіпкерлік пен икемділіктің, еңбек тиімділігінің мөлшерін анықтайды, олар ресурстың қабылданған шығын өлшемін, өнімнің өндірілуін, жұмыстың сапасын сипаттайтын орта мөлшер болып анықталады. Өз еліндегі жалпы саяси принциптердің жүйесіне қолайлы міндеттерді белгілейтін, заңдылықтар мен конституция аясында әртүрлі әлеуметтік топтардың өзара қарым-қатынасын реттейтін саяси нормалар болып табылады. Сонымен қатар, коммуникацияның тұрақты принциптерін, жеке адаммен әр түрлі топтардың өзара әрекеттерін қолдайтын мәдени нормалар да бар, ол өз халқының тілінде сөйлеу, оқу, жазу, музыкалық талғам, өз мәдениетінің стилі мен рәміздерін қолдау. Егер кейбір нормалар өзінше соны немесе талантты дәрежесін ала алмаса, онда қабылданған нормалар жедел қатардан шығып қалады да, қолайсыз мінез-құлық деп аталады.

Сондай-ақ, салт-дәстүр мәдени реттеудің қалыптасуында маңызды болғанымен, оның әсер ету шамасы төмен, өйткені ол белгілі бір этнос аясында ғана әрекет етеді, «әр ауылдың салты басқа» деген мақал да осыны көрсетсе керек. Ал, дін адамның рухани өмірін үйлесімді етуде үлкен роль атқарғанымен, бүкіладамзаттық әмбебаптық деңгейге көтеріле алмайды, өйткені құдай бір болғанымен, оның жолындағылар әр бағытта әрекет етеді (мысалы, буддалықтар, христиандар, мұсылмандар т.б.). Мораль мен құқық барлық адамдардың бірдей қолдана алатын абстрактылы ережелер деңгейіне көтеріле алады, қазіргі әлемде «халықаралық құқық» түсінігінің болуы немесе адами мораль нормалары халық аралық қатынастардың белгілі бір деңгейінде қолданылады. Алайда, қазіргі көрші мемлекеттердің өзара жанжалы, Үндістан мен Пәкістанның Кашмир аймағы үшін таласы, Қытай мен Тайваньның текетіресі мен «сауда, тариф» соғыстарының өршуі осы фундаментальды құндылықтардың дағдарысын білдірсе, ресурс пен саяси ықпал үшін бұлардың маңызы жоқтығын көрсетуде.

Мораль – адам болмысының онтологиялық және әлеуметтік өлшемдерінде терең орныққан категория. Ол тек мінез-құлық нормасы немесе әлеуметтік келісім жүйесі ғана емес, сонымен қатар адамның ішкі рухани құрылымының, этикалық рефлексиясының, өзге субъектілермен қатынасындағы құндылықтық бағдардың көрінісі. Философия тарихында мораль мәселесін алғаш жүйелі түрде көтергендер – Сократ, Платон және Аристотель болса, кейін бұл мәселе Канттың категориялық императиві мен Ницшенің моральдық релятивизмі арқылы терең этикалық проблематикаға айналды. Ал, мораль адам табиғатындағы эгоистік импульстар мен утилитарлық мүддеге қарсы тұратын реттеуші күш ретінде қарастырылады. Ол адамнан өзіндік шектеулерді талап етеді және бұл шектеу – әлсіздік емес, керісінше, ішкі күштің, ар-ұяттың, жауапкершіліктің көрінісі. Осы тұрғыда моральдық нормалар өзге адамды «құрал» ретінде емес, «мақсат» ретінде көруді талап етеді [35]. Демек, мораль – утилитарлық тиімділікке емес, ішкі ізгілікке, әділет пен инабаттылыққа негізделеді. Бұл тарихи тұрғыдан алғанда, мораль тек жеке адамның ішкі болмысы емес, әлеуметтік жүйені ұйымдастырудың да іргелі тетігіне айналған. Адамзат қоғамы өзінің даму жолында бостандық пен теңдік идеяларын этикалық ұмтылыстармен ұштастырып, оларды құқықтық және саяси нормалармен орнықтыруға тырысты. Алайда бұл үдеріс біркелкі, бейбіт жағдайда жүрмеді. Құл иеленушілік жүйелерге, феодалдық қатынастарға, отаршылдық құрылымдарға қарсы бағытталған сан ғасырлық күрестер – шын мәнінде моральдық төңкерістер болды. Олар адамның табиғи құқығы мен қадір-қасиетін мойындатуға бағытталған терең этикалық импульстардан туындады. Сондай-ақ мәдениеттанулық тұрғыда мораль әрбір өркениетте өзіндік ерекшелікпен көрініс табады. Мысалы, қазақ дәстүрінде мораль ұғымы «ар», «ұят», «намыс», «қадір» категорияларымен астасып, қоғамдағы тұлғалық бедел мен рухани реттіліктің негізгі ұстыны ретінде орныққан. Бұл жүйе жеке адамнан өзінің ішкі ар-ожданын тыңдауды, қауым алдындағы жауапкершілікті сезінуді, этикалық үйлесімділікті сақтауды талап етті. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «өзіңе қаламағанды басқаға істеме» деген қағидалар – қазақ этикасының іргелі формуласы. Сонмен

қатар қазіргі жаһандық мәдениетте моральдың орны күрделене түсті. Технократиялық прагматизм мен нарықтық рационализм жағдайында моральдық өлшемдер жиі маргинализацияға ұшырап, тұтынушылық этика алдыңғы қатарға шығады. Бұл процесте мәдени қауымдастықтар өздерінің дәстүрлі моральдық кодтарын қайта пайымдауға мәжбүр. Әсіресе цифрлық мәдениет жағдайында моральдық жауапкершілік тек құқықтық жүйемен емес, жаһандық этикалық консенсуспен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, мораль – бұл тұрақты қағида емес, әр дәуірдің рухына сай қайта анықталатын мәдени-этикалық метақұрылым. Яғни мораль ұғымы – адамның табиғи импульстары мен әлеуметтік реттеу қажеттілігі арасындағы диалектикалық кеңістік. Ол тарихи дамуда бостандық пен әділет жолындағы күрестің рухани өзегіне айналып, әрбір өркениетте өзінің мәдени-онтологиялық бейнесін тапты. Мораль адамзаттың ар-ождандық жадысы, ал оны сақтау мен дамыту – қоғамның мәдени жетілуінің айғағы.

Қазақ мемлекеті үшін де бұл аса үлкен сынаққа тол, зұлмат жылдар болғаны белгілі, өз тілі мен мәдени құндылықтарын сақтау жолында бұл «кұрбандар» мәңгілікке осы мәдениет өкілдерінің жадында қалмақ, яғни, бұл шын мәнісінде өзіндік мәдениет пен өмір сүру дағдысының қорғау мен бұл әлемде болуына толық құқылы деп түсінуінде жатыр. Қазіргі заманда теңдік, еркіндік, әділеттілік және демократиялық құндылықтарға негізделген әлеуметтік тәртіпті қалыптастыру – әрбір мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі. Құқықтық жүйе мен заң үстемдігі тек әлеуметтік қатынастарды реттеп қана қоймай, адамның психологиялық тәуелділіктен, қорқыныштан, әлеуметтік шеттетілу мен заңсыздықтан арылуына жағдай жасайтын шешуші институт ретінде көрініс табады. Алайда бұл құндылықтарды қоғам өміріне енгізу – дайын үлгіні көшіріп қолдану емес. Әрбір мемлекет өзінің тарихи-мәдени тамырын, әлеуметтік құрылымын, салт-санасын ескере отырып, демократиялық формалардың өзіндік моделін қалыптастыруы тиіс. Қазақстан жағдайында бұл – ұлттық сана мен жаһандық құндылықтардың үндестігіне негізделген ұлттық демократияны қалыптастыру қажеттігін туындатады [36]. Мәселе – универсалистік батыстық демократиялық принциптерді ұлттың ішкі мәдени кодымен, дәстүрлі құқықтық этикамен, қоғамдық институттармен табиғи үндестікке келтіруде. Мұндай синтез тек саяси құрылымды жетілдірумен шектелмейді. Ол моральдық және құқықтық мәдениеттің, ұжымдық сана мен ұлттық болмыстың терең қабаттарында орын алуы қажет. Бұл үдерістің маңызды көрсеткіштерінің бірі – қоғамдағы девианттық мінез-құлықтың сипаты мен деңгейі. Эмиль Дюркгейм девиацияны әлеуметтік реттегіш нормалардың әлсіреуімен, яғни аномиямен байланыстыра отырып, оны табиғи әрі заңды құбылыс ретінде сипаттайды. Алайда, бұл ауытқушылық әрдайым негативті реңкке ие емес. Тарихи тұрғыдан қарағанда, мәдени жаңару, шығармашылық серпіліс, ғылымдағы серпінді идеялар да қоғамда үстем болған догматикалық қағидаларды бұзу арқылы өмірге келген. Сондықтан девиация – тек қана моральдық құлдыраудың емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени эволюцияның да бір көрсеткіші. Дегенмен, қазіргі өтпелі кезеңдегі Қазақстанда девиацияның кейбір түрлері теріс әлеуметтік

салдарға әкелуі мүмкін. Бұл – кеңестік жүйенің күйреуінен кейінгі құндылықтық вакуум мен жаңа метанарративтің қалыптаспауы салдарынан туындап отырған тұлғалық бағыттың дағдарысы. Жастар арасында еліктеу, консьюмеризм, тұрпайы гедонизм мен репутациялық нарықтың үстемдігі – осы дағдарыстың көріністері. Бұл – адамның өзін тауарға айналдыруы, нарыққа бейімделу арқылы әлеуметтік бағасын анықтауы, өзінің рухани болмысынан алшақтауы [36].

Жаһандану мен медиа ықпалы жағдайында қалыптасқан бұқаралық мәдениет адамның танымдық белсенділігін емес, оның сезімдік, инстинктивтік қабаттарын қозғайды. Мұнда «жоғары мәдениет», «орта мәдениет» және «тұрпайы мәдениет» арасындағы шекаралар бұлдыр тартуда. Бұқаралық ақпарат құралдары, жарнама, кино индустрия, поп-мәдениет – бәрі адамның тұтынушы ретінде қалыптасуына жұмыс істейді. Француз социологы Гюстав Лебон бұқараны интеллектуалды емес, имитация мен бейімделуге бейім инстинкті орта деп сипаттайды. Бұл көзқарас Қазақстан қоғамында да белгілі бір деңгейде байқалады: әлеуметтік статус адамның ішкі сапасына емес, сыртқы атрибуттарына – байлық, бедел, таныстық желілерге – негізделуде. Бұдан да күрделісі – мәдени колонизация феномені [38]. М. Маклюэннің «ыстық технологиялар» туралы концепциясына сүйенсек, теледидар, интернет, жарнама сияқты визуалды құралдар дәстүрлі қоғамдардың когнитивтік құрылымын ыдыратуда [39]. Мысалы, аборигендерге балтаны таратумен олардың гендерлік және әлеуметтік ролі өзгерсе, қазіргі цифрлық дәуірде де дәл осындай мәдени мутациялар орын алуда. Қазақстанда трансұлттық корпорациялар мен батыстық идеологияға негізделген ірі құрылымдар жергілікті мәдени рәміздер мен нормаларды ескерместен универсал стандарттарды енгізуде. Осындай жағдайда ұлттық әдеп пен құқықтың үйлесімі, рухани мұраны сақтау – дамудың тек мәдени емес, стратегиялық шартына айналады. Қазақстанның тарихи тәжірибесінде құқықтық қатынастар – тек заң ережесі емес, жоғарыдан емес, төменнен қалыптасқан ар-намыс, ұят, борыш сынды әдептік категориялармен реттеліп келген. Бұл жүйеде адамның қадірі оның байлығымен емес, еңбегімен, қоғамға тигізген шынайы пайдасымен өлшенген. Алайда бүгінгі таңда бұл өлшемнің орнына утилитарлық-материалистік прагматизм мен «адам нарығы» қағидаты еніп отыр. Осыған байланысты қазіргі қазақ қоғамына қойылатын негізгі сұрақтар мыналар:

- Адамның қадірі неге негізделуі керек: ішкі қасиет пе, әлде нарықтық өтімділік пе?

- Қоғамдағы моральдық және құқықтық тәртіптің түпнегізі неде: қорқыныш па, ар-ождан ба?

- Біз қандай демократияны таңдаймыз: формалды ма, әлде ұлттық дәстүрге негізделген үйлесімді демократияны ма?

Қазақстан қазіргі кезеңде тарихи-мәдени сабақтастық пен жаһандық ықпалды синтездей отырып, өркениеттік жолдың жаңа сатысына аяқ басты. Бұл – бұрынғы идеологиялық құрылымдардың күйреп, орнына жаңа құндылықтар жүйесінің түзілу кезеңі. Осындай тарихи межеде қазақ қоғамының алдында тұрған басты міндет – өзінің әлеуметтік-мәдени болмысын жаңаша пайымдай

отырып, әлемдік өркениетпен үйлесімді, бірақ өзіндік рухани-этикалық негізге сүйенген даму бағдарын қалыптастыру. Бұл бағдар, ең алдымен, ұлттық рухты тірілту мен тарихи жадыны сақтау арқылы айқындалады. Ұлттық рух дегеніміз – жай ғана патриоттық сезім немесе этникалық сәйкестік емес, ол – қоғамның ішкі тұтастығын, моральдық жүйесін, өмір салтын, тілдік әрі мәдени өрнегін анықтайтын онтологиялық құрылым. Ал тарихи жады – бұл ұлттың collective memory деңгейінде өз болмысын тануының тәсілі, яғни өткен мен бүгінді байланыстыратын рухани көпір. Жаһандық мәдени ықпалмен диалогқа түсу – модернизациялық қажеттілік. Бірақ бұл диалог біржақты еліктеуге емес, рефлексивті мәдени сәйкестендіру үдерісіне негізделуі тиіс. Батыстық құқықтық-демократиялық модельдердің пайдалы элементтерін сіңіру – бізге басқару құрылымын жетілдіру мен адам құқықтарын қорғауда көмектесе алады. Алайда бұл модельдер қазақ қоғамының дәстүрлі әдептік құрылымдарын ығыстырып емес, қайта солармен үйлесімді әрі органикалық бірігуі қажет. Осы ретте қазақтың дәстүрлі этикасын қайта жаңғырту – стратегиялық маңызы бар мәдени міндет. Бұл тек фольклорлық, обрядтық немесе рәміздік деңгейде емес, ар-намыс, ұят, қанағат, мәрттік, үлкенге құрмет, кішіге қамқорлық секілді моральдық координаттарды қазіргі қоғам өмірінің барлық саласына енгізу арқылы жүзеге асуы тиіс. Бұл – тек өткенге оралу емес, мәдени транспозиция арқылы ұлттық рухты жаңаша мазмұнмен толтыру әрекеті. Мұндай жаңғырту үдерісінде қоғамдағы девианттық құбылыстарды терең пайымдау өзекті. Девиацияны тек әлеуметтік патология ретінде емес, қоғамдық трансформацияның индикаторы, мәдени қарсылықтың формасы, кейде тіпті жаңа құндылықтық парадигмалардың бастауы ретінде қарастыру қажет. Бұл құбылыстың этикалық не әлеуметтанулық сипаты ғана емес, мәдени-антропологиялық табиғаты да зерттелуге тиіс. Яғни мәселе – тек ауытқушылықтың өзінде емес, оны тудыратын құндылықтық вакуумда, қоғамдық келісім мен моральдық құрылымның әлсіреуінде. Осы тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ қоғамына аса қажет құндылықтық бағдар – бұл жаңа метанарратив. Бұл баяндау – жай идеология емес, қоғамға бағыт-бағдар беретін, рухани тұтастық пен мәдени үмітке дем беретін ұлттық ұлы түсініктеме. Онда адамның қадірі – байлықпен, мансаппен немесе нарықтағы өтімділікпен емес, оның адамгершілік, парасаттылық және қоғамдық жауапкершілік деңгейімен өлшенуі қажет. Бұл метанарратив – тұлғаны тұтынушы емес, рухани агент ретінде танудың іргетасы болуға тиіс. Яғни, Қазақстанның мәдени болмысы болашақта жаһандық үдерістермен белсенді түрде байланыса отырып, өзінің ұлттық рухы мен тарихи жадына берік сүйенуі тиіс. Бұл – тек мәдени идентификация емес, сондай-ақ құқық, этика, білім, өнер, экономика салаларында да ұлттық құндылықтарға негізделген жаңару жолы. Жаңа қазақстандық метанарратив – осы рухани, мәдени, құқықтық және этикалық ұстанымдардың үйлесімді синтезінен туатын болашаққа бағытталған өркениеттік бағдар [40].

XX–XXI ғасыр тоғысындағы жаһандық мәдени өзгерістер контекстінде адамзат санасына еркіндік пен теңдік идеялары төңкерістік ұран ретінде

ендірілді. Бұл құндылықтар тарихи тұрғыдан қарағанда шынайы гуманизм мен әділеттілікті көздейтін ұлы мұраттар ретінде көрінгенімен, қазіргі мәдени трансформациялар барысында олардың мазмұны терең мутацияға ұшырап, өз бастауынан айныған күйге түсті. Өйткені ұсынылған «жаңа мәдениет» жобасы адамның әлеуметтік жауапкершілігі мен моральдық міндетін емес, керісінше, барлық түрдегі міндет пен байламнан босату ұмтылысын алдыңғы қатарға шығарды. Бұл жағдайда «еркіндік» ұғымы өзінің классикалық мағынасынан – яғни адамгершілікке сай таңдау мен жауапкершілік еркіндігінен – айырылып, онтологиялық салмақтан жүрдай болған гедонистік «қалау еркіндігіне» айналды. Адам – енді қоғамның біртұтас мүшесі емес, міндетсіз тұтынушыға, өз басының қалауына ғана жауап беретін жеке бірлікке айналды. Мұндай түсінік бойынша, бала – ата-ана алдындағы құрметтен, ерлі-зайыптылар – бір-біріне деген міндеттен, ал азаматтар – қоғам мен мемлекет алдындағы жауапкершіліктен «босатылады». Бұл – тек моральдық құрылымның құлдырауы емес, сонымен бірге мәдени тұтастықтың іргесін сөгуге бағытталған сана мутациясы. Сонымен қатар, барлық мәдениеттер мен нанымдарды абсолютті тең деп жариялау – сырттай толеранттылық формасы сияқты көрінгенімен, тереңінде бұл – мағына иерархиясының жойылуы, яғни барлық құндылықтардың релятивтенуі. Мұнда мәселе әртүрлі топтарды заңды субъект ретінде тану емес, керісінше – мәдени мағынаның, моральдық бағдардың толықтай бейтараптандырылуында. Әлеуметтік, этникалық және жыныстық маргиналды топтарды легитимизациялау, егер ол этикалық жауапкершілікпен қатар жүрмесе, қоғамдық сананың құрылымдық тепе-теңдігін шайқалтуы ықтимал. Осы «жаңа мәдениеттің» астарында жатқан идеялық катехизис – тереңде теоцентризмді терістеу мен адамның метафизикалық болмысын жоққа шығару идеологиясы жатыр. Бұл дискурстың іргетасы – материалистік-эволюционистік парадигмаға негізделген. Чарльз Дарвиннің адамды биологиялық эволюцияның өнім ретінде ғана қарастыратын тұжырымы, өз кезегінде, адамның қасиеттілігін, оның рухани даралығын, абсолюттік мағына мен моральдық жауапкершілігін жоққа шығаратын көзқарасқа жол ашты. Құдайдан бас тарту – тек діни сенімге емес, адамның моральдық тірегіне, өмірлік мағынасына қарсы жасалған эпистемологиялық соққы болды [41]. Осының салдарында қоғамда абсолюттік құндылықтар мен ұжымдық моральдік координаталар бұзылды. Адам – енді саналы, ізгілікке ұмтылатын субъект емес, тек биологиялық агент, ал этика – релятивтік ұстанымдардың формалды ережесі ғана. Бұл мәдени бағдар адамның рухани әлемін, тарихи жадысын, жауапкершілік сезімін әлсіретіп, мәнсіздік пен нигилизмнің белең алуына әкеліп соқты. Сонмен қатар жаңа мәдениет өзінің тереңінде «еркіндік» пен «теңдік» ұғымдарын трансгуманистік және постмодернистік дискурс арқылы құралға айналдырды. Мақсат – адамды ұжымнан, тарихи тәжірибеден, рухани-мәдени кодтан ажырату. Бұл, түптеп келгенде, қоғамды «еркіндік» пен «құндылықсыздық» арасындағы шекарадан өткізетін қауіпті эпистемологиялық бос кеңістікке итермелейді. Яғни, қазіргі жаһандық «жаңа мәдениет» парадигмасы тек өмір салтын ғана емес, адамның өзін-өзі тану форматын түбегейлі өзгертуге бағытталған. Бұл парадигма адамды

еркіндік пен теңдікке жетелейміз деген желеумен оның ең басты болмыстық негіздерінен – мораль, борыш, руханилық, қасиеттілік, ұжымдық жауапкершілік сынды тіректерінен айыру қаупін төндіруде. Осыған қарсы тұру тек сыни дискурспен емес, тарихи жадыға, дәстүрлі мәдени кодқа, адамгершілік философиясына негізделген балама жүйе ұсыну арқылы жүзеге асуы тиіс.

Мысалы, атышулы «мәдениет индустриясын» алайық. Бұл терминді ұсынған Т. Адорно мәдениет индустриясында адам мүлдем құндылық, субъект емес, ол тек объектіге айналып кетеді дейді [42]. Мәдениет индустриясында, тауардың қалай алынғаны мәселе емес, табыс әсері компьютер арқылы есептеліп қойылған, стандартталған өнімдерді бағалаудың критерііне айналған. Ғасырлар бойы адамды жойқын табиғи және әлеуметтік күштерден қорғап келген мәдениет, енді адамның өзін утилитарлық мақсаттарда пайдаланатын құралға айналып кетеді. Оның идеологиясы коммерциялық өнерден шыққан «жұлдыздарды» пайдалануда және оны электронды жолмен жалпылама таратуда тұр. Безендірілген журналдар, «бітпейтін» сериалдар, шлягерлер, жұлдызнамалар т.б. сыртқы көзге демократияшыл болып көрінгенімен, олардың ішкі мазмұны тек конформистік мүдделермен шектеледі. Т. Адорно адамдар өздері бұл алдауға, тым болмаса бір сәт өмір қиындықтарын ұмыту үшін барады, дейді [43]. Ал «мәдениет индустриясының» қолдаушылары бұл феномен осы ретсіз әлемде адамға белгілі бір тұрақтылық, бағдар береді дейді.

Нарық сұранысы бойынша әрекет ететін мәдениет индустриясы барлық адамдардың санасына манипуляция жасап, оны өзі стандарттап берген үлгі-модельге жақындатқысы келеді. Рухани-мәдени құндылықтарды утилитарлызаттық мақсаттарға айналдыру туралы соншама көп еңбектер жазылғандықтан, соны еске сала кету дұрыс деп есептейміз, өйткені оларды санап шығудың өзі бірнеше парақтарды алар еді. Тіпті, Францияда «Шовизм» деп аталатын (француз тілінен «зат» деп аударылады) арнаулы мәдени-әдеби бағыт та қалыптасты.

Мәдени девиация ұғымы лайықтыдан ауытқу жолын білдіреді. Бұл ретте неғұрлым кең контексте девиация феномені қоғамда белгіленген мінез-құлық нормасы болса, оның ішінде діни, адамгершілік және мәдени ұстанымдардан ауытқу ретінде белгілі болады. Көбіне мәдени девиация проблемасымен психологияда кездесеміз, негізінен оның «девианттық» және «деликвенттік» феномендеріне мән берсек, осы мағынада аналитикалық психология өкілдерінің жекелеген зерттеулері қызығушылық тудыруы тиіс. Атап айтқанда, З. Фрейдтің «Тотем және табу», К.Г. Юнгтің «Психологиялық архетиптері», «Архетиптер және ұжымдық сана» және т.б. Уақыт өте келе көрсетілген феномендер пәндік өріс шегінен шығып кетеді де медицина, философия, мәдениеттану және басқа да ғылымдарды зерттеу объектісіне айналып отыр. Мәдени девиация мифологиялық түпнұсқамен салыстырылады. Осы орайда М. Элиаданың «Миф аспектілері», «Қасиетті және бұл дүниелік», «Бейнелер мен символдар», «Мәңгі оралу туралы миф» айтуымызға болады. Дәстүрлі қоғамдар мысалында М.Элиаде бастапқыда ғаламның дүркін-дүркін пайда болуы мен бұзылуын қамтитын ұлы ғарыш уақытына барып тірелетінін көрсетті. Ал, десакрализация

процесінде мифологиялық сана бастапқыда кристалданған әртүрлі архетиптердің негізін қалауға қабілетті ұжымдық санасыз құрылымның базалық элементтері ретінде көрініс беретін [44]. Мағыналық бағытына қарай жеке шығармашылық вариацияларда пайда болған мәдени-тарихи типтегі архетиптер әртүрлі аксиологиялық, конструктивтік, деструктивтік тәртіптің бағыттылығын білдіреді. Сонымен қатар, психоаналитикалық дәстүрге сүйене отырып, К.Хюбнер «Миф ақиқаты» атты жұмысында мифологиялық архетиптердің көбінесе санасыз, әртүрлі түрлер мен нысандарда батқанына қарамастан, олар дінде, ғибадатта, өнерде бар екенін көрсетті [45]. Тұтастай алғанда, мәдени девиацияның психоаналитикалық интерпретациясы онда миф іздерін сақтау тұрғысынан тұлғаның психикалық өмірінің терең тамырларына норма ретінде және патология, сондай-ақ оның шығармашылық қызметінің психологиялық табиғатын ашады. Жалпы мәдени девиация тақырыбының өзіндік ашылуы өмір философиясымен байланысты, әсіресе Г. Зиммель мен Хосе Ортега-и-Гассеттің мәдениет философиясы жөніндегі жұмыстарында бұл айқын көрініс тапты. Оларда негізгі шығармашылық қызметтегі қарама-қайшылықтар, көп жағдайда қазіргі заманғы мәдениет дағдарысын тудырды деп топшылайды [46].

Жаңа мәдениет өнімі адамзаттың сезімтал табиғатын өзгертті. Біздің зерттеуімізде қазақстандық жасөспірімдердің 100% смайл, эмодзи немесе суреттерді қолданады. Бұл эмодзиді пайдаланудың уақытты едәуір қысқартуымен түсіндіріледі, жазуды безендіреді және адамның жан жағдайын білдіреді. Сонымен қатар, уақыттың жылдам өтуі маңызды бір нәрсені жіберіп алудан қорқуға әкеледі. Әлеуметтік желілерде, әсіресе Инстаграммалар желісінде нақты уақыт режимінде 24 сағаттан кейін жоғалып кететін «видео, аудио тарихты қосу» функциясы бар. Немесе WhatsApp әлеуметтік платформасы, ол сондай-ақ алынатын және жіберілетін контактілерді, бейне және аудио хабарламаларды басқаруға, хаттарды оқуға немесе оқымауға, басқа контактілерге тарихты, иесінің профилін қарауға тыйым салуға немесе рұқсат беруге мүмкіндік береді.

Масс-медиа әсерінен (бұл жағдайда - әлеуметтік желілер) мәдениеттің девианттық нысандарының өсу проблемасы жалпы алғанда және қазіргі қазақстандық мәдениетте әлсіз зерттелген және осы феноменді талдаудың жаңа әдіснамасын қолдануды талап етеді. Бізге бұл жерде қазіргі заманғы интернет-қоғамдастық жағындағы инвективтер соншалықты қызығушылық тудырмайды, себебі олардың саны жоқ, себебі маркетингтік ортаның экономикалық және әлеуметтік-мәдени қималары арасындағы байланыстың басымдығы мәдениетке қалдырылған. Басқаша айтқанда, жалпы мәдени деңгейдің төмендеуі жиынтық қызметкердің еңбек құзыретінің және тиісінше табысының төмендеуіне алып келеді.

Одан әрі, шеңбер тұйықталады, өйткені тар бағдарлы топтар өздерінің мәдени деңгейін көтере алмайды (басқа терминдерде «мәдени капитал» жинақтай алмайды), ал ол «қайтарылмайтын нүктеге» жеткісі келмейді. Бұл феноменнің интеграцияланған нәтижесі жиынтық қызметкердің девианттық мінез-құлқының өсуінде орын алады, өйткені жалпы мәдени және кәсіби

құзыреттіліктер күшті оң корреляцияға ие. Айтылғанға орай қазақстандық халықтың мәдени деңгейін ұстап тұру/өсіру проблемасы экономиканы және тұтастай алғанда қоғамды инновациялық дамыту міндеттерін шешу үшін шешуші болып табылады.

Біздің елімізде әлеуметтік-экономикалық құрылыстың полярлық ауысуы өте ұзақ өтпелі кезеңнің көптеген проблемаларын туғызды. Белгілі әлеуметтік топтар шеңберіндегі КСРО-ның ұлттық байлығын қайта бөлу ұлттық мәдени саясатты жоққа шығарды, бұл оны қаржыландырудың жеткіліксіздігінен ұялды. Сонымен қатар, зияткерлік капиталды ұдайы өндіру процестерін инвестициялаудың жеткіліксіздігі (ол мәдени капиталмен жабылады) халықтың рухани және материалдық жағынан нашарлауына, оның денсаулығының нашарлауына алып келетіні белгілі, бұл сөзсіз қоғамның, ғылым мен экономиканың құлдырауына алып келеді. Жаһандық, әлемдік және жергілікті (еуразиялық) өркениеттер серпінінде ұзақ мерзімді үрдістердің болжамы бар, олардың мәні сезімдік әлеуметтік-мәдени құрылыстың дағдарысы мен құлдырауынан тұрады, бұл басқалардың арасында мәдениеттің өзгеруіне және әлемдік және ұлттық мәдени мұра мен әртүрліліктің өсіп келе жатқан үлесінің жоғалуына әсер етеді; отбасылық негіздерді бұзуға және адамдар арасындағы қатынастарды бұзуға; идеология мен әлемдік діндердің ықпалын төмендету.

Тіпті, Қазақстанның қоғамдық өмірін тұрмыстық байқаудың өзі біздің қоғамның посткеңестік кезеңде тұтынушылыққа тікелей батып кеткенін көрсетеді, бұл оның тіршілік әрекетінің барлық салаларында: экономикалық, саяси-құқықтық, әлеуметтік-мәдени салаларда байқалуы мүмкін. Сондықтан «қоғам мәдениеті – оның сапасының және хаостан тәртіп» орнату қабілетінің көрсеткіші. Мәдениеттің өзгеру динамикасы әртүрлі болуы мүмкін: мәдениет дамуы, жетілдірілуі немесе өзге жағдайға өтуі мүмкін. Кейбір жағдайларда мұндай ауысу мәдениеттің құлдырауы (девиациясы), оның «дағдарысы» немесе апаты ретінде саралануы мүмкін.

Қазақстанда мәдени девиациялар (әлеуметтік нормалардан ауытқулар) әлеуметтану, мәдениеттану және криминология шеңберінде зерттелді. Осы тақырыпты зерттеушілер арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады:

Аталмыш мәселені зерттеген қазақстандық ғалымдарға тоқталар болсақ:

Асылбеков М. – қазақстандық қоғамның трансформациясы тұрғысынан әлеуметтік ауытқуларды зерттеді, Қозыбаев М. – қазақ қоғамындағы девианттық мінез-құлықтың тарихи және мәдени аспектілерін зерттеді, Алдашов А. – қазіргі Қазақстандағы қылмыс пен девиацияны талдады. Ал, Губайдуллина М. – гендерлік және жастар девиациясы мәселелерімен айналысқан және Таймағанбетов Қ. – урбанизацияның девиантты мінез-құлықтың өсуіне әсерін зерттеді. Жеке-жеке тоқталып өтер болсақ, Асылбеков Марат Хамитұлы КСРО ыдырағаннан кейінгі қазақстандық қоғамның трансформациясы жағдайындағы әлеуметтік ауытқу проблемаларын зерттеген белгілі қазақстандық әлеуметтанушы ғалым. Оның зерттеулерінің негізгі бағыттарына келсек, ол өтпелі кезеңдегі әлеуметтік девиациялар, яғни, Қазақстан үшін өте күрделі болған 1990-2000 жылдары қылмыстың, нашақорлықтың, маскүнемдіктің және

девианттық мінез-құлықтың басқа да нысандарының өсуін талдады. Жұмыста қаралған негізгі аспектілердің ішінде жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу (1990-шы жылдар) маргиналдануға, жұмыссыздық пен криминалдануға қалай әсер еткенін зерттейді. Ескі әлеуметтік институттардың (ұжымшарлар, мемлекеттік кәсіпорындар) бұзылуы және бақылаудың жаңа тетіктерінің болмауы жаңа мәдени девиацияға әкелгенін көрсеткен. Дәл сол кезеңде қоғамда криминалдандыру: ұйымдасқан қылмыстың, сыбайлас жемқорлықтың, ұрлықтың өсуі орын алған. Оған қоса, нашақорлық және маскүнемдік: жұмыссыздықпен, көші-қонмен, отбасылардың ыдырауымен байланысты болып отырған. Өзіне-өзі қол жұмсау және психикалық бұзылулардың негізгі себебі әлеуметтік күйзелістің салдарынан болған [47].

М. Қозыбаев қазақ қоғамындағы девианттық мінез-құлықтың тарихи және мәдени аспектілерін зерттеген ғалым. Оның зерттеулерінің негізгі аспектілеріне тоқталсақ:

– Тарихи контекст тұрғысында - әртүрлі кезеңдерде (мысалы, отарлық, кеңестік, қазіргі кезеңдерге дейін) қазақ қоғамындағы мінез-құлық нормаларының өзгеруін зерделеу.

– Мәдени дәстүрлер мен девиация – мәдени дәстүр, діннің және дәстүрлі құқықтың («әдет», «шариғат») девианттық мінез-құлықты қабылдауға әсерін талдау.

– Қоғамдағы әлеуметтік өзгерістер мен девиация - қоғамдағы өзгерістер ретінде урбанизация, жаһандану сынды заманауи процесстердің девиация нысандарының өсуіне немесе өзгеруіне әсер етуін зерттеді [48].

Девианттық мінез-құлық түрлері - қылмыс, маскүнемдік, нашақорлық, сыбайлас жемқорлық, қазақ мәдениеті контексіндегі отбасылық зорлық-зомбылық, кейінгі кезеңде соңғы мәселе табиғи немесе жасанды түрде қоғамда үлкен резонанс тудырып отырғаны белгілі. Экономикалық және мәдени дағдарыс қоғамның негізі болып саналатын – отбасылардың шарасыз күйге түсуінің негізгі себебі. М.Қозыбаев қазақ қоғамындағы девианттық мінез-құлықты тарихи-мәдени мәнмәтіннен тыс қарауға болмайтынын атап өтті. Әлеуметтік бақылаудың дәстүрлі тетіктері, мысалы, отбасының, «рудың» рөлі, мұның өзі девиацияның алдын алудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Дәстүрлі қазақ қоғамында белгілі нақыл сөз бар, «у ішсең де руымен іш» деген, бұның мәні қоғам адам үшін жауапты, ал адам қоғам үшін жауапты.

М. Губайдуллинаның еңбектері негізінде қазақстандық қоғамдағы гендерлік және жастар девиациясы мәселелерін зерттеді. Оның зерттеулері әйелдер мен жастар арасындағы мәдени девиацияның әлеуметтік, мәдени және психологиялық аспектілерін қамтиды. Зерттеулерінің негізгі бағыттарына мән берсек, патриархалдық таптаурындар жағдайындағы әйелдер девиациясының (қылмыс, жезөкшелік, аддикция) ерекшелігін талдау жарқын көрініс тапқан. Негізінде әлеуметтік теңсіздік пен зорлық-зомбылықтың әйелдердің девианттық мінез-құлқына тікелей әсері барын айтады. Оған қоса, гендерлік рөлдерді қалыптастырудағы дәстүрлі құндылықтар мен қазіргі заманғы үрдістердің рөлін де атамай өтуге болмайды. Сонымен қатар, жасөспірімдер мен жастар

арасындағы девианттық мінез-құлықтың мысалы ретінде маскүнемдік, нашақорлық, киберқылмыс, экстремизмнің өсу себебі де осы қоғамда игіліктердің әділетті бөлінбеуінің нәтижесі деп атап көрсетеді. Ал, осы тұса отбасының, білімнің және қосалқы мәдениеттің девиантты паттерндерді қалыптастыруға әсері өте күшті екенін байқайды, отбасында берілген тәрбие шын мәнісінде шешуші рөлге иелігін атап көрсету маңызды. Негізгі мәдени девиация катализаторы ретіндегі әлеуметтік-экономикалық факторлардың қатарында жұмыссыздық, пен есепсіз көші-қон, маргинализация болып табылады. Ендіші жерде, мәдени девиацияның алдын-алу үшін мемлекеттік және қоғамдық бағдарламалардың тиімділігін бағамдасақ, кейінгі жылдары жүргізілген бағдарламалар қабылдану басында өте жақсы, прогрессивті мақстатарды көздегенімен оны іске асыру барысында көптеген қателіктер кткен нәтижелер бермеді. Осы тұрғыда, девиантты мінез-құлық үлгілерін таратудағы немесе алдын алудағы БАҚ және цифрлық кеңістіктің рөлін алып қарасақ, ондағы түрлі «фэйк» ақпараттар мен жалған құндылықтар парады әлеуметтік желілер мен медиа беттерінде самсап тұр, өздерін «халықтың сұранысы» деген сылтаумен ақтап, жалған әрі арам пиғылды жолға жетектеуде. Губайдуллина Қазақстандағы гендерлік және жастар девиациясы дәстүрлі қоғамның өзгеруімен, бірегейлік дағдарысымен және жаһанданудың ықпалымен тығыз байланысты екенін атап өтті, ол келесідей кешенді шешімдерді ұсынады: алдымен, мемлекет және қоғам тарапынан әйелдер мен жастарды әлеуметтік қолдауды күшейту қажет, екіншіден, білім беру және бос уақыт жүйесін дамыту аса маңызды, яғни, алған біліммен қатар практикалық дұрыс бағытта демалыс өткізу маңызды, үшіншіден, профилактикалық бағдарламалардағы мәдени ерекшеліктерді есепке алу керек.

Ал, Қ. Таймағанбетов Қазақстандағы урбанизация үдерістері мәдени девианттық мінез-құлықтың әртүрлі формаларының таралуына қалай ықпал ететінін зерттеді. Оның жұмыстары урбанизацияның әлеуметтік, экономикалық және мәдени салдарларын, сондай-ақ, олардың қылмыспен, маргиналдандырумен және ауытқыған мінез-құлықтың басқа да түрлерімен байланысын қамтиды. Зерттеулердің негізгі аспектілеріне көшсек: урбанизация девиация факторы ретінде, яғни, қалалардың өсуі – әлеуметтік теңсіздіктің, жұмыссыздықтың, көші-қонның күшеюін тудырады – қылмыс, нашақорлық, маскүнемдік деңгейінің артуына әкеп соқтырады. Сонымен қатар, дәстүрлі әлеуметтік институттардың әлсіреуі, отбасы, отбасы, ауылдық қауымдастық – жеке адамдардың мінез-құлқына бақылауды жоғалтуға келіп саяды. Оған қоса, қалалық ортадағы девиацияның негізгі нысандарына мән берсек, криминализация (көше қылмысы, сыбайлас жемқорлық, ұйымдасқан топтар), маргиналдану (үйсіздік, кедейлік, әлеуметтік ерекшеліктер), аддиктивті мінез-құлық (нашақорлықтың, маскүнемдіктің, ойын тәуелділігінің өсуі), жастар девиациясы (субмәдениеттер, экстремизм, киберқылмыс) жатқыза аламыз.

Және урбанизацияның әлеуметтік-мәдени салдарына келсек, дәстүрлі құндылықтар мен қалалық өмір салты арасындағы қақтығыстармен байланысты.

Осы тұрғыда, жылдам урбандалу жағдайындағы аномия (нормалар мен құндылықтарды жоғалту) ата көрсетеді. Мәдени девиантты практикаларды қалыптастырудағы көші-қонның (ауылдан қалаға) рөлі зерттеу маңызды. Сонымен қатар, өңірлік ерекшеліктерге тоқталсақ, егер ірі қалаларды алсақ (Алматы, Астана, Шымкент) мен моноқалалар арасындағы айырмашылықтар әлі де болса дұрыс зерттелмей келеді. Ал, Кеңес мұрасының қала инфрақұрылымына және әлеуметтік проблемаларға әсерін әлі де байқауға болады, көшіп-қонушылардың қалалық ортаға бейімделуіндегі этномәдени факторлардың рөлі де аса маңызды. Мәселенің негізгі шешімдері ретінде: урбанизация экономикалық дамуға ықпал етіп қана қоймай, мәдени девиацияға әкеп соғатын әлеуметтік проблемаларды шиеленістіреді. Бұл мәселені шешу үшін көшіп-қонушыларды бейімдеу үшін әлеуметтік бағдарламалар қабылдау қажет, экономикалық-салықтық көмек те қажет. Ал, жастар қылмысы мен нашақорлықтың алдын алу үшін оларға әлеуметтендіру институттарын нығайту қажет. Мәдени девиацияға қарсы іс-қимыл шараларын әзірлеу кезінде өңірлік ерекшелікті ескеру маңызды.

Қазақ қоғамы адамзаттың бір бөлігі болғандықтан бүкіл әлемдік рухани және ортақ дағдарыстың ықпалына түсетіні де түсінікті. Қазіргі әлемдегі рухани дағдарыстың негізгі белгілері күн сайын бел алып келе жатқан экологиялық күйреу, қылмыстық өсуі, моральдық құндылықтардың аяқ асты етілуі, отбасылық қатынастар іргесінің шайқалуы, ертеңгі күнге деген сенімнің жоғалуын айтуымыз керек. Адамзат өркениетін бұл рухани дағдарыстан құтқару жолында тың идеялар, жаңа дүниетанымдық арналар керек. Бізде еліміздің бай мәдени және рухани мұрасы, терең имандылық дәстүрлері негізінде жанды арналар өте көп. Өркениеттің жаңа даму жолы туралы айтылып жүрген идеялардың ішінде мысалы, Питирим Сорокиннің философиялық жүйесі көңілге қонады, оның көзқарасы бойынша қазіргі шартты түрде «материалистік» деп аталған формация жаңа «діни» формациямен ауысады. Яғни, «материалистік» формацияның негізін дөрекі тілмен айтқанда материалдық дүниеге табыну деп қарауға болалды [49]. Оның сан қыры бар, саясат пен экономика, этикасы мен заңдары, өнері мен әдебиеті дүниені осы хаттық тұрғыдан қабылдау принципіне сүйенген, ал алдағы діни формацияның негізін рухани негізге табыну деп қарауға болады. Ол өзін-өзі шектеуге, аскетизмге, моральдық құндылықтарға құрылады, бұл тұрғыда діндердің ішінде қазақи дәстүрлі исламды айта аламыз. Әрине, адам діни формация кезінде өз мүддесін ұмытып, қоғам үшін қызмет істей бастайды деген ұғым да жаңсақ, тап осы жеке бастың мүддесі ұғымы түбегейлі өзгерістерге ұшырайды. Яғни, адам жаңа құндылықтарға табынып, соны өмір танымдық бекеттерге бет бұрады, дүниеге абстрактылы тұтынушы емес, кәдімгі адам, рухани тұрғыда пенде ретінде келетін болады. Қазіргі қазақ қоғамында асыра «діншілдік» пен «жалған құндылықтар фестивальдері». Біздің ұлтымыздың адамдық бейнесі өзіндік дәстүрлі «имандылықпен» және «кісілікпен» байланысты. Кешегі отаршыл жүйеден түрлі мәдени зақымға қазақ ауылының моральдық-психологиялық келбеті тек қазақтың дәстүрлі мәдени қағидаларымен ғана түзеледі. Ендігі жерде, ұлттық менталитетіміз бен

экономиканы, саясатымызды қалай ұштастырамыз? Осындай сан сұрақтың жауабын тынбай іздеу бәлкім біздің рухани қозғаушы күшіміздің бастауы шығар. Қандай дәуір болмасын, халықтың рухани болмысы мен мәдени бағыт-бағдары үнемі терең ішкі философиялық рефлексия арқылы ұғынылуы тиіс. Ұлттың ішкі дүниесі – тек этнографиялық сипаттар жиынтығы емес, ол – тарихи тәжірибеден, дүниетанымнан, ар-ұжданнан және болмыстық сұрақтармен үндесіп жатқан сана ағысы. Қазіргі кезеңде қазақ халқының әлеуметтік кескіні, қоғамдағы жаңа құрылымдар мен психоәлеуметтік бейнелер – бәрі болашақтың бағдарын бағамдауға мүмкіндік беретін күрделі құбылыстар қатарын түзуде. Бұл өзгерістер жай ғана оқиға ретінде емес, іргелі философиялық және мәдени түсініктемелерге сұраныс туғызатын кең өріс ретінде қабылдануы қажет. Міне, дәл осы тұста қазіргі зиялы қауымның рөлі айқындалады: олардың міндеті – үнсіз қалмау, уақыттың жүрек соғысын тыңдау, тарихи түйсікке құлақ түріп, қоғамды ойлануға, сұрақ қоюға, жауап іздеуге итермелеу. Сыртқы формадағы өзгерістердің ар жағында не жатқанын түсіндіру – жай сараптамалық қызмет емес, ұлттың рухани қауіпсіздігіне жауап беретін интеллектуалдық миссия. Бұл жаңа парадигмалар қалыптастырудың, мәдениет пен сана арасындағы терең байланысты ашудың, тарихи жады мен болашақ бағдарын үйлестірудің басты шарты. Кез-келген қоғамның мәдени кодын сақтаушы, «мән сақтаушылар» рөлін осы адамдар тобы құрайды. Ермек Тұрсынов осы тұрғыда мән тасымалдаушылардың легі жылдан-жылға азайып келе жатқанын күйінішпен айтады, шын мәнінде, қазақ қоғамының болашаққа қандай өркениеттілік жолымен баратынын анықтайтын ұлттың озық ойлы азаматтары аса қажет [50]. Әрине, мемлекеттік бағдарламалар өте маңызды, бірақ мәдени құндылықтар қоғамының ішінен шығып, дамуы аса маңызды, ол оның өміршендігінің дәлелі.

Қазақстан қоғамындағы батыстық рухани ықпал туралы сөз қозғағанда, бұл ықпалдың жай ғана сыртқы идеологиялық трансляция емес, керісінше, нақты әлеуметтік-өркениеттік алғышарттар арқылы іске асып жатқанын түсіну қажет. Аталған ықпалдың тереңдігін және оның шынайы әсер ету мүмкіндіктерін бағамдау үшін бірқатар құрылымдық факторларды назарға алған жөн. Біріншіден, бүгінгі әлемді тұтастай қайта құрып жатқан медиатеchnологиялық төңкеріс – ақпараттық өркениеттің үшінші толқыны Элвин Тоффлер бойынша, Қазақстанға әлі толық әсер етіп үлгерген жоқ. Экрандық мәдениет пен цифрлық дискурстың жаппай үстемдігі біздің қоғамда енді-енді қалыптасып келе жатыр. Яғни, жазбаша мәдениет пен визуалды код арасындағы межелік фазадамыз. Бұл өтпелі кезең, бір жағынан, жаңа рухани құрылымдардың туындауына жағдай жасаса, екінші жағынан, ұлттық мәдениет пен жаһандық трендтердің арасында когнитивтік үзілістер туғызуда. Екіншіден, батыс өркениетіне тән гуманистік құндылықтар – шығармашылық бостандық, даралықты тану, күш қолданудан бас тарту этикасы, этноцентризмді сын тұрғысынан қарастыру – Қазақстанда әлі институционалдық деңгейде орныққан жоқ. Мұның негізгі себебі – елдегі зиялы қауымның тарихи-мәдени жүктемесінде жатыр. Кеңестік идеологияның сарқыншағы мен жаңа нарықтық жүйенің ретсіздігі, бюрократиялық капитализмнің үстемдігі бұл топтың әлеуметтік-сыни функциясын әлсіретіп,

рухани бағытта айқын бағдар жасауына кедергі келтіруде. Үшіншіден, Қазақстандағы зиялы қауым бүгінгі күні жаңа тәуелсіз елдерге тән өзіндік ерекшеліктер мен ішкі қарама-қайшылықтар аясында әрекет етуде. «Егемендік синдромы» деп сипаттауға болатын бұл жағдай – ұлттық идентификацияға ұмтылу, түпнегізді қайта пайымдау, даму үлгілерін таңдау, жаңа элитаны қалыптастыру секілді көпқабатты процестердің тоғысқан алаңы. Бұл – ішкі рухани компассыз қалған өтпелі қоғамның әлеуметтік-мәдени формасы.

Төртіншіден, қазіргі зиялы қауымның қалыптасуына жағымды әсер ететін факторларға елдің бейбітсүйгіш бағыттағы геосаяси ұстанымы, дінаралық келісімді көздейтін зайырлы құндылықтар, толеранттылықты насихаттау, сонымен қатар білім беру мен ғылыми кадр дайындаудың белгілі бір деңгейде жетілген жүйесі жатады. Бұл – интеллектуалдық даму үшін негізгі ресурстардың бар екенін білдіреді. Бесіншіден, интеллектуалдар мен шығармашылық элита өкілдерінің экономикалық жағдайы – олардың қоғамдағы беделіне теріс әсер ететін маңызды фактор. Шығармашылық пен нарықтық механизмдер арасындағы бейімделу үдерісі күрделі және қарама-қайшы сипатта жүріп жатыр. Бұл жағдайды елемей – рухани саланың құлдырауына апарады. Соған қарамастан, қазіргі зиялы қауымды **бірнеше бағдарлық топтарға** бөліп қарастыруға болады:

- **Архаистер** – дәстүрді абсолюттендіріп, жаңаны қабылдауда тежелгендер;
- **Батысшылдар** – ұлттық ерекшелікті елемей, әмбебаптық үлгілерді идеализациялаушылар;
- **Апологеттер** – билікпен толық үйлесімге ұмтылып, сыни ұстанымды жоғалтқандар;
- **Сыншыл-реформаторлар** – мәдени және саяси процестерге терең талдау жасап, балама бағдар ұсынуға тырысатын прогрессивті топтар.

Қазақстандағы батыстық рухани ықпал – біржақты ену емес, тарихи жүктеме мен өркениеттік трансформациялардың түйіскен торабында жүріп жатқан күрделі мәдени диалог. Бұл ықпалдың қоғамға сіңуі немесе кері тебілуі зиялы қауымның қызметімен тікелей байланысты. Демек, қазіргі кезеңде ұлттық мүдде мен жаһандық мәдениет арасында көпір болуға қабілетті интеллектуалдық элитаның жаңа типологиясын қалыптастыру – уақыт талабы. Бұл типология посттоталитарлық ауыртпалықтан арылып, рухани егемендікке ұмтылған, жаһандық идеяларды сын тұрғысынан қабылдайтын, бірақ ұлттық мәдениеттен ажырамаған тұлғалардан тұруы тиіс. 1960 жылдары Кеңестер тұсындағы Ғылым академиялардың қаржыландыруына байланысты үлкен қайта қарау жұмыстары тұсында Қазақ Ғылым Академиясының басшысы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың шешімін Мәскеу күтіп отырған ды, әдетте геология, металлургия ғылым салалары үлкен қаржыландыруға ие болатын, бұл жолы академик басқа шешім қабылдайды. Тек бір институт қана мемлекет тарапынан қаржыландыруға ие болды, ол Мұхтар Әуезов басқаратын Тіл және әдебиет институты еді, сондағы академиктің ойы бойынша техникалық ғалымдар әрдайым қаржы таба алады, ал ұлттың рухани мұрасы, тілі мен әдебиеті мәдениеті тек сол ұлттың өзіне ғана қажет. Кейіннен сол институт қалдырған мұралар тәуелсіз қазақ

мемлекетінің пайда болуына тікелей әсер етті. Кеңестік кезеңнен кейінгі рухани-мәдени трансформациялар барысында, тәуелсіз қазақ мемлекетінің қалыптасуына ықпал еткен маңызды факторлардың бірі – бұрынғы институттардан қалған мәдени-өркениеттік мұра болды. Бұл мұра тек саяси құрылымдарға емес, рухани сабақтастыққа, мәдени жадының сақталуына және тарихи өзіндік сананың жандануына айтарлықтай әсер етті. Тарихқа қайта үңілу – адамзатқа тән онтологиялық қажеттілік, себебі адам болмысы өзінің мәнін өткен арқылы таниды, ал өткен – болашақ жолын бағдарлайтын мәдени компас қызметін атқарады. Алайда осы үрдіспен қатар, дәстүрді біржақты абсолютизациялайтын, жаңашылдық пен сынға жол бермейтін мәдени ұстаным да қатар жүруде. Мұндай көзқарас ғылыми айналымда **архаизм** ұғымымен сипатталады. Архаизм – тек өткенді дәріптеу емес, даму логикасын инерциямен бұру, жаңаша ойлау қабілетінің әлсіреуі, мәдени динамиканың тұйыққа тірелуі. Бұл ұстаным көбіне фундаменталистік, ортодоксалды және партикулярлық сипаттармен ұштасып жатады. Этномәдени жүйелер табиғи түрде өзегін сақтауға, архетиптерінен алыстамауға тырысатыны заңды құбылыс. Алайда бұл ұмтылыс **мәдени тұйықтыққа**, өзгеріске қарсылыққа айналса, ондай дәстүршілдік рухани жаңғырудың емес, **құндылықтық стагнацияның** нышанына айналуы мүмкін. Мысал ретінде, А. Тойнбидің цивилизациялық талдауына сүйенсек, архаистік бағдарлар менталитетте, діни тәжірибеде, саяси жүйеде, тіпті тілдік саясатта да айқын байқалады [51]. Ол Германиядағы тевтондық рухты қайта тірілту, Израильде көне иврит тілін жаңғырту, Үндістандағы санскритке қайта оралу тәрізді тенденцияларды архаизмнің типтік көріністері ретінде қарастырады. Бұл әрекеттердің кейбірі түптамырды сақтау тұрғысынан маңызды болғанымен, олар заманауи жүйелік өмірмен үйлесім таппаса, қоғамды интегративті емес, ретроградтық бағдарға итермелеуі мүмкін. Сондай-ақ жаңа заман ғылымы мұндай тұйықтықтың салдарын нақты негіздермен тұжырымдайды. Мәселен, Дж. Холденнің эволюциялық концепциясында ашық жүйелердің бейімделуі мен дамуы негізге алынса, жабық құрылымдарда регрессия заңдылықты процесс ретінде сипатталады [52]. Ал кибернетика саласының өкілі Р. Эшби болса, қатаң әрі өзгеріске жабық жүйелерде энтропияның өсіп, нәтижесінде құрылымдық коллапстың орын алатынын айтады [53]. Бұл ғылыми тұжырымдар мәдени жүйелерге де тікелей қатысты: жабық мәдениет – тоқырауға, ашық мәдениет – эволюцияға апарады. Яғни дәстүр – мәдениеттің іргетасы, бірақ оны абсолюттік шындыққа айналдыру – мәдени өмірді динамикалық процестен догмалық күйге көшіру деген сөз. Қазіргі Қазақстан жағдайында маңыздысы – дәстүр мен жаңашылдықты қарама-қарсы қою емес, олардың арасында сындарлы диалог орнату. Өткенге құрмет – болашаққа жауапкершілікпен қарауға негіз болуы керек. Архаизм мен жаңашылдық арасында тепе-теңдік орнату – бұл тек мәдени таңдаудың емес, ұлттың рухани болашағын анықтайтын тарихи сұрақ. Немесе қатал экзогамиялық некені керемет десек, онда кезінде З. Фрейд өзінің «Тотем және табу» деген еңбегінде келтірген, папуастар мен австралиялық 22 аборигендердегі

жеті аталық үрдіс пен экзогамияның шектен шыққан үлгілерін модель ретінде қабылдауымыз керек пе? [54].

1.3 Кибербуллинг мәдени девиацияның заманауи формасы ретінде

Кибербуллинг ұғымының шығу кезеңі салыстырмалы түрде жас құбылыс болып табылғанымен, ол тікелей ғаламтор мен заманауи мессенджерлердің контексінде орын алады. Алғашқы зерттеушілердің бірі Р. Токунага өзінің мета-аналитикалық зерттеуінде кибербуллинг ұғымның ондаған анықтамаға ие болғанын байқайды, негізінде сол ертедегі «буллингтің» немесе «моббинг» классикалық формасына келіп тоқтайтынын анықтаған [55]. Жалпы, «буллинг» термині ең алғаш XX ғасырдың басында, 1905 жылы қолданысқа енді, тек XX ғасырдың 90-шы жылдарында ғана бұл термин нақтылы зерттеле бастады. Ал, Д.Ульвеус 1993 жылы жасаған өзінің зерттеуінде буллингті – агрессивті әрекет, жүріс-тұрыс деп атады, ол төмендегі келесі критерияларға сәйкес:

- Қасақана зиян келтіру;
- Тұрақты және қайталаулы буллинг формасы;
- Күштің өзара салмағы тең емес қарым-қатынастар, мәселен, онлайн форматта буллинг объектісі мен буллерлер өзара тең емес қатынаста.

Кейіннен, Д. Ульвеустің зерттеулерінің нәтижесінде канадалық ғалым В.Белси 2006 жылы – «кибербуллинг ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отыра іске асырылатын бір немесе бірнеше адамнан құралған топтардың өзгелерге деген қасақана және әрдайым қайталанып отыратын зиянды әрекеті» деп топшылады [56].

Кибербуллинг феноменіне ғалымдар қауымының назары 2000 жылдардың басында пайда болды, негізгі себебі ретінде құбылыстың бойынан суицидке апаратын ерекеше «скиллді» байқаған. Көбінесе, америкалық және канадалық ғалымдар осы бағыт бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді, Ресейде және Орталық Азия елдерінде анағұрлым кейін еленіп, зерттеле бастады. Солардың қатарында: Р. Ковальски, С. Лимбер, П. Агатсон – кибербуллингтің фораларын анықтады, К. Блайя кибербуллингтің мектептегі форматына назар аударған, О.Юбарра – кибербуллинг пен депрессиялық күйлердің байланысы, С.Хиндуджа және Джастин Патчин кибербуллинг пен суицидтің өзара байланысын зерттейді. Мәселен, 2005 жылы АҚШ-та кибербуллингті зерттеу орталығы ашылып, оны С. Хиндуджа және Дж. Патчин басқарды, олар негізінен қылмыстық құқық тұрғысынан мамандар болып табылады. Орталық осы мәселе бойынша көптеген зерттеулер мен қоғамның барлық деңгейлеріне арналған белсенді ақпараттық жұмыс жүргізуде.

Көршілес Ресейде Г.В. Солдатова басқаратын «Интернетті даму қоры» 2007 жылдан бері ақпараттық-компьютерлік технологиялардың әсерінен болатын келеңсіз және қылмыстық әрекеттерді алдын-алу профилактикалық жұмыстарын жүргізеді. Тек қана кибербуллинг емес, оған қоса, цифрлық медиа құралдарды қолдану сауаты аса маңызды, балалардың әлеуметтік желілерді пайдалану

қолдану тәртібі мен жеке персоналдық ақпараттарды қорғау мәселесін зерттейді [57].

Кибербуллингтің қасақаналық критерийі – буллингті жоспарлаушының нақтылы түрде зиян тигізуге деген жоспарын білдіреді. Бірақ тек әзіл-қалжың форматындағы әрекеттер буллинг болып есептелмейді. Қасақана буллинг жасау мақсатын Э. Менесини мен А. Носентини бойынша, экранның ар жағындағы адамды тікелей көрмеген соң, оның нақты ниеті туралы ой түю қиын, бұл құбылысты тек кросс-мәдени зерттеу негізінде ғана анықтау мүмкін болған [58], мысалы, Швеция, Испания, Германия мен Италиядан қатысушылардың бір ортаға тоғысқан ойы адаммен тікелей қарым-қатынас жасамаған соң ол нақты бағытталған буллинг пе, немесе сәтсіз әзіл-қалжың ба деген ойға келген. Топшылай келе, егер буллерде әуелден зиян келтіру мақсаты дәлелденбесе, бұл буллинг емес деген қорытындыға келді. Ал әрдайым қайталану критерийін негізге алу арқылы ақиқатқа жақындай түсу мүмкіндігі бар, яғни, бірден көп қайталанған буллингтік әрекет негізгі түсінікті анықтайды, мысалы, бір мәрте желіге жарияланған ақпарат оның бағытталған тұлғасы үшін әрдайым қайталанған деген сөз. Мәселен, желіде тараған фото және видео материалдар екі индивид арасынан шығып үшінші тұлғалар арқылы тарап отырса, бұл жерде қайталап таратушылар «буллерлер» ме деген заңды ма? деген сұрақ туады, бірақ адам өзге адамның келеңсіз фото-видео материалдарының таралуына қатысып, таралуына мүдделі болған жағдайда ол да буллер болып танылуы тиіс.

Ульвеус зерттеулерінде өзара күш теңсіздігі туралы ойда бір индивидтің екінші индивидтен күш басымдылығына сәйкес іске асырылатынын меңзейді. Буллингтің классикалық форматында бұл тікелей физикалық күш қолдану мен манипуляциялық-психологиялық әсер ету деп танылады. Өз кезегінде, буллингтің классикалық немесе кибер формасына тәуелсіз тұрғыда «әлсіз» әрдайым душар болып отыратыны белгілі. Осыған қатысты, Волак, Митчелл және Финкельор зерттеулеріне сәйкес, бұл құбылыс дәл кибербуллингке тән болып табылады [59]. Ғаламторда осы «күшке» ие болу оңай, техникалық сауаттылық пен қолдану тарихының ұзақтығына сәйкес жаңа қолданушыларға қысым жасау байқалады делінген. Бұдан шығатын қорытынды, кибербуллингті анықтаушы және жеделдетуші, туғызушы – арасындағы теңсіздік мәселесі.

Жоғарыда атап өтілген критерийлерден бөлек, «анонимділік қалқаны» кибербуллингтің ең осал тұсы болып табылады. Зерттеулерге сәйкес, бұл буллингтің классикалық форматынан кибер форматқа ауысу тұсын анықтайтын негізгі қызыл жолақ [60]. Анонимділік буллерге өз әрекетін еш алаңдаусыз орындауға жақсы мүмкіндік береді, сол себепті де кибербуллинге ұшыраған тұлға өзін қорғансыз сезінеді. Буллерлер, өз кезегінде, жасаған әрекетінің түбіне көбіне бойлай алмайды, себебі, нәтижесін көзбен бағып көру мүмкіндіктері жоқ. Қоғамдық бақылаудың жоқтығы мен есімінің еш жерде шықпауы кибербуллингтің күшейуіне тікелей әсер етіп отыр деуге толық негіз бар. Бір тұлғаға бағытталған буллингтік фото-видео материалдың желіде желдей есіп кетуі де бұл процеске жан бітіріп тұр. Буллингке ұшырған тұлға осы факт туралы өзгелермен бөлісуді жөн санамайды, кері жағдайда ғаламторды пайдалануға

шектеу қойылатынын біледі. Жоғарыда айтқанымыздай, кибербуллингтің сан түрлі формалары мен сипаттары бар, осыған орай, Н. Виллард «Кибербуллинг және киберқауіп» [61] атты еңбектің авторы келесі формаларды ұсынады:

– **Флейминг** (ағылшын тілінен Flaming, қазақша «тұтану, тұтату») – екі немесе одан көп тұлғалар арасындағы бір-біріне бағытталған балағат, реплика алмасу процесі. Көбіне, бұл форма онлайн ашық алаңдарда орын алады, форумдар, ватсап чаттар сынды. Орын алған дау-дамайға жаңа қатысушы тек қызықтау ниетімен қатысып одан әрі өршіте түседі, негізгі тақырып тасада қалады;

– **Киберхаррасмент** (ағылшын тілінен Harassment, қазақша «шеттету») – тек бір тұлғаға бағытталған буллингтік әрекет. Харрасмент жеке қарым-қатынаста кең таралады, негізгі ерекшелігі ұзақ уақыт бойы қайталанатын бір тұлғаға бағытталған топтың қысымы.

– **Гриферлер** – онлайн ойыншылар арасындағы кибербуллингтік әрекеттер, олар түрлі кері лексиканы пайдаланып, алаяқтық әрекетке де барады. Тұлғаның, әсіресе жас-өспірімдердің әлеуметтенуіне, инкультурация процесіне енуіне кері әсерін тигізелі, тек виртуальды әлеммен ғана шектеліп қалады.

– **Троллинг** – провакторлар, тұлғаны манипуляциялық әрекеттермен сынау арқылы оның негативті реакциясын бағамдаушылар. Белгілі бір деңгейде жәбірленушінің алдында «билікке және ықпалға» ие болады.

– **Киберсталкинг** – бұл сипатта буллер тікелей жәбірленушіге немесе оның отбасына арнайы түрде қорқытулар мен зәбір көрсету жоспарын бағыттайды.

– **Жала жабу** – белгілі бір тұлғаға арнайы және жоспарлы түрде бағытталған жалған ақпарат тарату және жала жабу. Бұл көбінесе барлық әлеуметтік желілерді пайдалану арқылы жасанды фото және видео материалдар арқылы жүзеге асырылады.

– **Жалған идентификация** басқа адамның жеке парақшасын бұзып кіру арқылы өзге тұлғалармен негативті сарында ақпарат алмасады, жалған және зорлық-зомбылыққа толы ақпараттар таралады, қаржылық алаяқтық әрекетін жүзеге асырады.

– **Аутинг** болса біреудің жеке ақпараттарын, фото және видео материалдарын желіге жариялау арқылы буллинг жасау, көбіне тұлғаның жеке сексуалды ориентациясын әшкерелеу мақсатында жасалады;

– **Остракизм** белгілі бір тұлғаны жоспарлы түрде бір онлайн топтан немесе комьюнитиден шығару, ватсап чаттардағы «топтан шығарып жіберу» әрекеттері жарқын мысал бола алады. Зерттеу нәтижесінде адам баласы белгілі бір топқа «қатысы» болуын қалайды, ол өзіндік идентификация үшін өте маңызды болып табылады. Ортақ топтар мен ортақ онлайн алаңдардан біреуді әдейі шығару оны саналы тұрғыда «байкот» жариялағанмен бірдей. Бұл әрекеттің нәтижесінде индивидтің жеке басын бағалауына әсер еткен.

Батыстық ғылыми журналдардың ақпараты бойынша агрессивті хабарламалардың таралу платформаларын анықтар болсақ, Skype, Windows Messengerлері арқылы 13–19%, e-mail – 13–16% таралған екен [62]. Ал қалған әлеуметтік желілердегі кибербуллингтің үлесі 25%-дан 42%-ға дейін болғаны

анықталған [63]. Одан бөлек, мессенджерлер мен веб-сайттардағы буллингті ескеруіміз қажет. Кейінгі жылдары кибербуллинг мемлекеттік деңгейдегі мәселеге айналып отыр, заңнамалық тұрғыда бұл процеске құқықтық баға беру қиындап бара жатқаны белгілі. Әсіресе, жас өспірімдер арасындағы кибербуллингке қатысты бақылау орнату, ажырату күрделі. Осыған орай, Ш.Гордонның зерттеулеріне назар аударсақ [64]:

– **Кек алу әрекеті.** Кибербуллингке ұшыраған жасөспірім міндетті түрде жауап қайтаруға оқталады, арнайы рационалды стратегияға бай емес жасөспірім түрлі қателіктерге ұшырайды. Осы жолда ол жәбірленушіден жәбір көрсетушіге айналып шыға келеді;

– **Өзі тілеп алдының кері.** Буллинг мектепте және қоғамдағы теңсіздікке байланысты, кибербуллинг «әлеуметтік баспалдақтың» негізгі көрсеткіші бола алады;

– **Зерігу.** Зеріккен тұлғалар немесе жасөспірімдер түрлі буллингке баруы мүмкін, сол арқылы өмірін «қызықтыруға» ұмтылады. Оған қоса, ата-ана мен үлкендердің назарының аздығы да негізгі себеп болып табылады. Ғаламтор өмірдегі жалғыз әлеуметтену құралы болып қалады.

Кибербуллинг – заманауи цифрлық кеңістіктегі әлеуметтік агрессияның жаңа көрінісі. Оның туындауына әсер ететін негізгі факторлардың бірі – **құрдастар тобының қысымы** мен топтық сәйкестікке ұмтылу қажеттілігі. Жасөспірімдер үшін әлеуметтік топқа тиесілі болу – өз-өзін танудың, өзіндік бағалаудың басты көзі. Осы себептен, кейбір балалар виртуалды агрессияға құрбыларымен теңесіп, «**ортақ ережеге**» **бағыну мақсатында** барады. Олар үшін қабылдану – моральдық шектеулерден де жоғары тұратын психологиялық қажеттілікке айналады. Мұндай мінез-құлық жиі «**бәрі солай жасайды**» деген **қате ұжымдық түсінікпен** ақталады. Яғни, егер көпшілік қорлауға қатысып жатса, бұл қалыпты әрекетке айналғандай әсер қалдырады. Осындай әлеуметтік нормаларға еру – **даралықты басып, ұжымдық жауапкершіліксіздікті** қалыптастырады. Бұл кезде жасөспірімдер кибербуллингтің шынайы зардаптарын сезінбейді, себебі оларға бұл «ойын» немесе «әлеуметтік реакцияның» бір түрі болып көрінеді. Бұдан бөлек, кибербуллинг кейде **әлеуметтік иерархия құрудың құралына** айналуы мүмкін. Жасөспірімдер желідегі агрессияны өздерін «басқалардан жоғары» көрсету тәсілі ретінде қолданады. Бұл жағдайларда виртуалды кеңістіктегі беделді немесе тартымды тұлғалар әлсіздерді нысанаға алады, оларды мазақ етеді, қоғамнан аластатады немесе олар туралы жалған ақпарат таратады. Мұндай әрекеттер арқылы **әлеуметтік баспалдақтың жоғары сатысына көтерілу** мақсаты көзделеді.

Киберкеңістіктің ерекшеліктерінің бірі – **анонимділік**. Пайдаланушының нақты кім екені белгісіз болғандықтан, агрессор өзін қауіпсіз сезінеді. Бұл жалған қауіпсіздік сезімі оның моральдық шекараларын жойып, **реалды өмірде ешқашан айта алмайтын сөздер мен әрекеттерге** баруына мүмкіндік береді. Желідегі буллинг құрбанының реакциясы көрінбейтіндіктен, агрессор өз әрекетінің салдарын ұғынбайды. Тағы бір маңызды мәселе – **эмпатияның жетіспеушілігі**. Көптеген жас киберагрессорлар өз әрекетінің салдарын

ескермейді, себебі олар жәбірленушінің эмоциялық жағдайын сезінбейді. Эмпатиялық қабілетінің әлсіздігі кибербуллингтің салдарын жеңілдетіп, оны нормализациялайды. Кейбір жасөспірімдер бұндай әрекет арқылы өзін тапқыр, батыл немесе танымал сезінеді.

Зерттеулерге сүйенсек, әртүрлі жас топтарында **киберагрессияның басты мотивтері** әркелкі:

- Ойын-сауық – 46%
- Билік пен үстемдік көрсету – 40%
- Қасақана зиян келтіру немесе эмоционалды кернеуден арылу – 35% [65].

Алайда барлық жасөспірімдер бірдей кибербуллингке қатыса бермейді. Бұл феноменнің артында жеке тұлғалық және әлеуметтік-тәжірибелік болжаушылар жатыр. Мысалы, зерттеуші С. Гуо жүргізген мета-аналитикалық шолу нәтижесінде, киберагрессияға бейімділікке әсер ететін 15 негізгі фактор анықталған. Ең ықтимал болжаушылардың қатарында – офлайн режимдегі қорлау тәжірибесі мен мінез-құлықтық девиациялар. Сол сияқты, **киберкүрбан болудың** да алдын ала болжауға болатын белгілері бар. Әсіресе, нақты өмірде қорлық көрген балалардың ұзақ мерзімді психологиялық жарақаттарының ықпалы зор. Мұндай жағдайлар болашақта цифрлық кеңістікте де жәбірленуші болу ықтималдығын арттырады [66].

Жалпы алғанда, киберагрессордың типтік бейнесі мынадай сипаттарға ие:

- Жасы – жоғары жасөспірім немесе жас ересек;
- Жынысы – ер балалар арасында жиі кездеседі;
- Бұрын офлайн буллингке қатысқан тәжірибесі бар;
- Эмпатия деңгейі төмен, өзін танымал немесе ықпалды тұлға ретінде қабылдайды.

Кибербуллинг – бұл тек цифрлық кеңістіктегі моральдық девиация ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың терең дағдарысының белгісі. Құрдастар тобына кірігу, мәртебе құру, эмоциялық кернеу мен эгосын қанағаттандыру сияқты мотивтер арқылы буллингтің жасырын психодинамикасы қалыптасады. Осы мәселеге қарсы тұру үшін тек технологиялық емес, психологиялық, педагогикалық және мәдени тұрғыдағы кешенді тәсіл қажет. Яғни, тек құқықтық шектеу емес, құрдастық мәдениет пен тұлғалық эмпатияны қалыптастыру басты шешім болуы тиіс. Кибербуллинг феноменін жан-жақты талдау кезінде, агрессор мен құрбанның типтік психологиялық портреттерін сипаттау – құбылысты түсінудің маңызды сатысы болып табылады. Киберагрессорлар көбінесе өз әрекеттерін моральдық тұрғыдан ақтап, оны тиімді немесе орынды тәсіл ретінде қабылдайды. Мұндай тұлғалар әдетте интернет кеңістігінде өте белсенді, бұған дейін шынайы өмірде қорлау немесе агрессиялық әрекеттерге қатысқан тәжірибесі бар, сонымен қатар жоғары деңгейдегі мазасыздық пен жасырын депрессиялық симптомдар көрсетеді.

- Киберагрессияға бейім тұлғалар арасында жиі кездесетін қасиеттер қатарында – **антисоциалды белгілер:** нарциссизм, импульсивтілік, эмоционалдық шеттеу, психопатиялық бейімділіктер байқалады. Олар көбіне

жасаған зиян үшін өкініш сезінбейді, өзгелердің күйзелісіне жанашырлық танытпайды. Мұндай мінез-құлықтың тамырлары жиі **дисфункционалды отбасылардан** немесе ата-анасының бақылауы әлсіз әлеуметтік ортадан шығатын жасөспірімдерден табылады. Сонымен қатар, олардың білім алу ортасы да қолайсыз болуы мүмкін – мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қатынас салқын, мектеп климаты қолдаудан гөрі бақылауға бағытталған.

- Құрбандар бейнесі де белгілі бір стереотипке сәйкес келеді. Кибербуллингке ұшырағандар көбіне әйел жынысты, интроверт, интернетте белсенді, әлеуметтік оқшауланған тұлғалар болып келеді. Оларда депрессия, жалғыздық, төмен өзін-өзі бағалау, және кейде өздерінен күшті агрессорға қатысты қорғансыздық сезімі айқын байқалады. Кейбір жағдайларда бұл тұлғалар да өз кезегінде оффлайн агрессияның тәжірибесін бастан өткерген.

Бүгінгі зерттеулер көрсетіп отырғандай, киберагрессия мен құрбандыққа бейімділік арасында тікелей себеп-салдарлық байланыс бар. С. Гуо ұсынған мета-анализге сәйкес, офлайн зорлық-зомбылыққа ұшырау – интернеттегі агрессияның да басты алғышарттарының бірі. Сонымен қатар, онлайн-ортада қауіпті мінез-құлық көрсету – мысалы, бейтаныстармен желілік байланысқа ашық болу, көпшілікке қолжетімді аккаунт жүргізу – құрбан болу ықтималдығын бірнеше есеге арттыратыны дәлелденген [66].

Кибербуллинктің өзіндік ерекшеліктері бар:

- **Анонимдік фактор** – интернеттегі тұлғаның белгісіздігі агрессорға шынайы өмірде жете алмайтын әрекеттерді жасауға еркіндік береді.

- **Кеңістік пен уақыт шекарасының жойылуы** – буллинг тәулік бойы және кез келген жерде орын алуы мүмкін.

- **Көрермендердің көлемі** – аудиторияның ауқымын агрессор өзі таңдауы мүмкін, бұл қысым мен қорқыныш сезімін күшейтеді.

- **Медиа құралдарының қолданылуы** – буллинг көбіне мем, бейне, фото және басқа да визуалды-цифрлық құралдар арқылы жүзеге асады.

- **Психологиялық триггерлер** – эмоция, фрустрация, мотивациялық қажеттіліктер және әлеуметтік стереотиптер киберагрессияның қозғаушы күші болуы мүмкін.

Агрессияның пайда болуын түсіндіруде психоаналитикалық теориялар айрықша рөл атқарады. З. Фрейд адамның ішінде жатқан жойқын энергия сыртқа шығарылмаса, бұл ішкі қысым агрессиялық немесе деструктивті мінез-құлық ретінде көрінеді дейді. Ол бұл құбылысты **катарсис** деп атап, эмоцияны зиян келтірмейтін түрде сыртқа шығару арқылы шиеленісті жеңілдетуге болатынын көрсеткен. Фрейдтің пайымдауынша, адамда зорлық инстинкті туа біткен және ол тек әлеуметтік нормалармен тежеледі [67]. Ал, Эрих Фромм агрессияны жағымсыз экзистенциалды импульс ретінде қарастырады. Ол оны қорқыныш, азап, қуғын-сүргіннен туындайтын қорғану не кек алу механизмі ретінде талдайды. Садистік агрессияның түпнегізінде біреудің үстінен билік жүргізуге деген шектен шыққан ұмтылыс жатыр дейді [68]. Сонымен қатар, Карл Густав Юнг бұл процесті бейсаналық архетиптердің әрекетімен байланыстырады. Агрессия – көлеңкелік (shadow) бейненің тұлға санасына әсер етуінің нәтижесі.

Бұл бейсаналық күштер өз уақытында танылып, өңделмесе, тұлғалық дағдарысқа алып келуі мүмкін [69]. К. Хорни агрессияны тұлғаның **негізгі мазасыздығына** жауап ретінде түсіндіреді. Ол адам мінез-құлқын үш бағытқа жіктейді: «адамдарға», «адамдардан», «адамдарға қарсы». Соңғысы – агрессия мен жауластық мінез-құлықтың алғышарты [70]. Сондай-ақ, агрессияның әлеуметтік сипаттары да маңызды. Д. Доллардтың **фрустрациялық теориясы** бойынша, агрессия – белгілі бір мақсатқа жетуге кедергі келтіретін жағдайға эмоционалдық жауап. Бұл теорияда екі басты заң бар: біріншісі – агрессия әрдайым фрустрациядан туады, екіншісі – фрустрация міндетті түрде агрессиямен аяқталады. Мұнда агрессия инстинкт емес, **жауап реакция** ретінде қарастырылады. Яғни, кибербуллинг – тек интернет кеңістігіндегі жағымсыз мінез-құлықтың дербес түрі ғана емес, ол сонымен қатар қазіргі қоғамда қалыптасқан тұлғалық, әлеуметтік және мәдени бұзылыстардың айнасы іспетті. Бұл құбылыс цифрлық платформалар арқылы сырттай көрінетінімен, оның тамыры тереңде – психоәлеуметтік шиеленіс, мәдени ортаның әлсізденуі, тәрбиелік вакуум мен тұлғалық дисгармония сияқты кең өрісті құрылымдарға негізделген. Цифрлық агрессия – сыртқы симптом ғана. Оның астарында эмпатия дағдарысы, рухани жұтаңдық, тұлғаның моральдық бағдарсыздығы және әлеуметтену процесінің үзілуі жатыр [71]. Киберкеңістікте тұлғаның әлеуметтік бетпердесін жасыруы мүмкіндігі – оның жауапкершілік шекараларын жойып, анонимді агрессияның өршуіне себеп болады. Бұл – адам мінез-құлқындағы постмодерндік трансформациялардың бір көрінісі: субъективтілік пен моральдың ыдырауы, шынайылық пен шекаралардың бұзылуы. Сондықтан кибербуллингке қарсы күрес тек заңнамалық шаралармен немесе техникалық реттеу механизмдерімен шектелмеуі керек. Бұл – рухани мәдениетті қалпына келтіру, цифрлық гуманизмді орнықтыру және тұлғаның ішкі мәдени рефлексиясын дамыту жолындағы күрес. Яғни, бұл тек сыртқы тәртіп емес, ішкі парасатты жаңғырту мәселесі. Өйткені агрессияның шынайы емі – жазалау емес, түсіну мен жанашырлықты дамытатын әлеуметтік орта құру. Ал қазіргі қоғамда тұлғаның агрессияға бейім болуы – тек биопсихологиялық реакция емес, бұл – оның әлеуметтік байланыстарының үзілуінің, өзін-өзі бағалау дағдарысының, балалықтан бері қалыптасқан эмоциялық жарақаттардың белгісі. Сондықтан кибербуллингке қарсы тұру үшін психоэмоционалдық сауаттылықты арттыру, құндылықтық дискурсты жаңарту және мәдени-әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеу қажет. Бұл – тек цифрлық қауіпсіздіктің емес, тұлғалық тұтастықтың, қоғамдық келісімнің және адами қадір-қасиеттің мәселесі. Фрустрацияның күші бірнеше факторларға байланысты, бірінші фактор – бұл әрекетті орындауға ынталандыру. Мотивация неғұрлым жоғары болса, мақсатқа жету жолында кедергі болса, көңілсіздік соғұрлым жоғары болады. Екінші фактор – кедергінің маңыздылығы. Егер кедергі неғұрлым маңызды және қиын болса, фрустрация соғұрлым жоғары болады. Үшінші фактор – бұл көңілсіздік басталғаннан кейінгі әрекеттер саны. Адам еңсеру үшін неғұрлым көп әрекет жасаса мақсатқа жету үшін, егер әрекеттер орындалмаса, соғұрлым ашуланшақтық күшейе түседі. Адам өз әрекеттерінің жағымсыз салдарын болжай алады, содан кейін тежеу

реакциясы пайда болады. Іс-әрекеттер фрустрацияның шынайы көзіне емес, басқа адамға бағытталған «реакция алмастыру» деп аталады. Болашақта фрустрациялық теория өзгерді, өйткені ол көптеген сынға ұшырады. Бұл теория әрдайым іс жүзінде көрінбейтін қатаң схема үшін айыпталды, атап айтқанда, адамдардың агрессивті әрекеттері тек көңілсіздік болған кезде ғана көрінбейді [72].

Агрессияның табиғатын түсіндіру бағытында психология ғылымында бірнеше теориялық тәсілдер қалыптасты. Солардың ішінде фрустрациялық теория – агрессияның эмоциялық-танымдық шығу тегі мен мінез-құлықтық көріністерін негіздеуде маңызды орын алады. Бұл теорияны бастапқыда Д.Доллард ұсынғанымен, кейін оны Л. Берковиц модификациялап, әлеуметтік контекстті ескерген кеңейтілген үлгісін ұсынды. Оның пайымдауынша, фрустрация міндетті түрде агрессивті әрекетке алып келмейді, бірақ адамда ішкі шиеленіс пен агрессияға бейімділікті күшейтетін ахуал қалыптастырады. Берковиц бұл құбылысты тікелей детерминациялық байланыс ретінде емес, ықтималдық сипаттағы эмоционалды дайындық ретінде түсіндіреді. Агрессияның шынайы көрініс табуы белгілі бір сыртқы немесе ішкі қоздырушы тітіркендіргіштерге байланысты болатынын атап өтеді. Яғни, адамда фрустрация туындағанымен, әлеуметтік-мәдени нормалар мен тұлғалық бақылау механизмдері агрессияны тежеуге қабілетті. Бұл жерде, әсіресе, әлеуметтік орта мен тұлғаның қарым-қатынас жүйесі шешуші рөл атқарады: егер агрессия күшейіп, қолдауға ие болса, ол мінез-құлыққа айналуы мүмкін; керісінше жағдайда – ішкі бақылау мен әлеуметтік шектеу оны бейтараптандыруы ықтимал [73].

Агрессияны қалыптастыратын тағы бір маңызды теориялық көзқарас – әлеуметтік оқыту теориясы. А. Бандура мен Д. Уотсонның еңбектері бұл бағыттың іргетасын қалады. Олардың ойынша, агрессия биологиялық инстинкт немесе тек ішкі күйзелістің нәтижесі емес, әлеуметтік ортада меңгерілетін мінез-құлық формасы. Адам мінез-құلقىның қалыптасуы модельдік үлгілерді байқау, қайталау және ол үшін алған марапаттар мен жазалар арқылы реттеледі. Бұл теорияда күшейту механизмі – яғни мінез-құлықтың жағымды немесе жағымсыз салдарына байланысты оның тұрақталуы – шешуші рөл атқарады. Мысалы, бала егер агрессивті әрекеті үшін марапат алса (басқалардың құрметі, күлуі, мақтауы), бұл әрекет санасында позитивті күшейтіліп, қайталану ықтималдығы артады. Сонымен қатар, ата-аналар мен құрдастардың мінез-құлық үлгілері, медиа өнімдердегі зорлық-зомбылық көріністері де индивидке агрессияны үлгі ретінде ұсынуы мүмкін. Әсіресе бала кезіндегі отбасылық тәрбие стилі агрессияның болашақтағы репертуарында негізгі компонентке айналады. Осылайша, әлеуметтік оқыту теориясы агрессияны сыртқы орта мен тұлғалық тәжірибенің өзара ықпалдастығы ретінде қарастырады [74].

Гуманистік психология бағыты да агрессия феноменін өзіндік интерпретацияға ұшыратты. Бұл бағыттың өкілдері – К. Роджерс, В. Франкл және К. Перлс – адамның ішкі еркіндігі мен өзін-өзі таныту ұмтылысын орталыққа қояды. К. Роджерстің көзқарасында агрессия – тұлғаның таңдау

еркіндігін шектеуге жауап ретінде туындайтын мәжбүрлі қорғаныс реакциясы. Адам өзінің қажеттіліктерін жүзеге асыруда бөгетке тап болғанда, яғни әлеуметтік қысым, моральдық шектеулер немесе сыртқы бағалау арқылы еркіндігін жоғалтқан жағдайда, оның ішкі тепе-теңдігі бұзылады. Мұндай күйзеліс – қауіп ретінде қабылданған тәжірибе – агрессияны өз орнын қорғау тәсілі ретінде белсендіруі мүмкін. Бұл бағыттағы зерттеулер адамның өзін-өзі бағалау жүйесіне ерекше мән береді: егер тұлға өз «Мен»-ін сыртқы бағаларға тым тәуелді етіп қалыптастырса, онда ол сынға, бағаға, күмәнға өте сезімтал болып, агрессияны психологиялық қорғаныс ретінде пайдалануы ықтимал. Демек, агрессия мұнда деструктивті инстинкт емес, тұлғаның ішкі тұтастығын сақтау мен психологиялық шекарасын қорғау жолындағы әрекеті ретінде түсіндіріледі. Осы үш теориялық бағыт – фрустрациялық, әлеуметтік оқыту және гуманистік тәсілдер – агрессияны әртүрлі қырынан сипаттап қана қоймай, оны қалыптастыратын және шектейтін факторларды кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Агрессия – биологиялық импульс қана емес, әлеуметтік ықпал мен тұлғалық жағдайлардың тоғысында пайда болатын динамикалық құбылыс [75].

Зорлық-зомбылық ұғымы ғылыми дискурста әртүрлі мағынада қолданылып, оның интерпретациясы зерттеушінің теориялық бағыты мен әлеуметтік контекстке байланысты ерекшеленіп отырады. Бұл құбылысты зерттеуде Л.С. Алексеева зорлық-зомбылықты «өз-өзіне немесе өзгеге күш пен билікті мақсатты түрде қолдану, соның нәтижесінде физикалық не психологиялық зиян келтірілетін әрекет» ретінде анықтайды. Мұндай анықтама агрессия мен зорлық-зомбылықты теңестіргендей әсер береді. Ал М.Р. Арпентьева зорлық-зомбылықты саналы түрде зиян келтіруге бағытталған әрекет деп сипаттай отырып, оны қасақана жасалған мәжбүрлеу формасы ретінде ұсынады. В.И. Вишневскаяның түсіндіруінде бұл ұғым адамның еркінен тыс белгілі бір мінез-құлықты немесе жағдайды қабылдауға мәжбүр ету құралы ретінде қарастырылады. Осы интерпретациялар арқылы зорлық-зомбылықтың негізгі мазмұны – мәжбүрлеу, субъективті теріс бағалау және әлеуметтік нормаға сәйкес келмеу – біртіндеп айқындала түседі. И.А. Ильин бұл құбылысты негізсіз, ерікке қарсы бағытталған теріс агрессия ретінде сипаттап, оның қайталанбауы керектігін атап өтеді. Мұндағы ортақ көзқарас – зорлық-зомбылықтың субъективті қабылдануы, яғни оның бағалануы әрбір қоғамда қалыптасқан мәдени нормаларға байланысты. Зорлық-зомбылық тек жекелеген адамдар арасындағы қатынастармен шектелмей, кең мағынада әлеуметтік биліктің іске асырылу формасы ретінде де танылады. Бұл тұрғыдан алғанда, билік пен ерік арасындағы теңсіздік зорлық-зомбылықтың пайда болуына алғышарт жасайды. Көп жағдайда агрессия қоғамдық рұқсатқа ие болғанда, ол зорлық-зомбылық емес, тәртіпті сақтау немесе тәрбие беру деп түсіндіріледі. Осы жерде әлеуметтік рұқсат ұғымы мен жазалаудың болмауы зорлық-зомбылық әрекеттерін қалыпты немесе қабылданған мінез-құлық ретінде көрсетуі мүмкін. Мысалы, мектептегі кейбір қатаң педагогикалық әдістер немесе отбасылық бақылау түрлері мәдени тұрғыда заңды деп есептелсе де, шын мәнінде тұлғаның еркіндігіне қарсы

бағытталған әрекет болуы ықтимал. Демек, зорлық-зомбылықтың әлеуметтік рөлі көбінесе оның мәдени бағалануына, легитимизациялануына және институционалдық рұқсат дәрежесіне тәуелді.

Агрессия мен зорлық-зомбылықты мәдени-контекстік интерпретацияда қарастыру бұл ұғымдардың универсалдылықтан гөрі локалдылыққа бейімді екенін көрсетеді. Бір қоғамда агрессивті әрекет тәртіпті қалпына келтіру немесе ар-намысты қорғау деп бағалануы мүмкін болса, басқа қоғамда дәл сол әрекет заңсыз және патологиялық деп танылуы ықтимал. Мұндай салыстырмалы көзқарас зорлық-зомбылықты агрессияның әлеуметтік нормалармен санкцияланған немесе керісінше, айыпталған нысаны ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Яғни зорлық-зомбылық – бұл мәдени кодтар мен нормалар жүйесі шеңберінде институцияланған агрессия формасы. Ол әрдайым жәбірленушінің еркіне қайшы бағытталады және әлеуметтік рұқсатқа не қарсы, не үйлесімді болады. Осыған байланысты, агрессия мен зорлық-зомбылық арасындағы шекара тек мінез-құлықтың өзі арқылы емес, оны бағалайтын мәдени және моральдық құрылымдар арқылы белгіленеді.

Мектептегі қорқыту (буллинг) – агрессивті мінез-құлықтың ерекше түрі ретінде балалар мен жасөспірімдер ортасында жиі кездесетін, күрделі әлеуметтік-психологиялық құбылыс. Оның ерекшелігі – әрекеттердің жүйелі, мақсатты және қайталанатын сипатында. Қорқыту физикалық зорлықпен (ұрып-соғу, итеру), психологиялық қысыммен (қорқыту, кемсіту, мазақ ету), сондай-ақ әлеуметтік оқшаулау мен беделге нұқсан келтіру арқылы жүзеге асуы мүмкін. Бұл құбылыстың құрылымында, әдетте, үш негізгі рөл ажыратылады: буллер (агрессор), жәбірленуші (құрбан) және бақылаушылар (көрермендер). Буллер – өз әрекеті арқылы басқаның әлсіздігін пайдаланып, үстемдік орнатуға тырысатын субъект. Жәбірленуші – қорлаудың, қысымның, күш көрсетудің нысанына айналған тұлға. Ал бақылаушылар – буллинг процесіне тікелей қатыспайтын, бірақ оның куәгері бола отырып, үнсіздікпен не бейтараптылықпен бұл әрекетті күшейтуге ықпал ететін топ. Бұл үштік құрылым қорқыту құбылысының әлеуметтік динамикасын сипаттайды: мұнда тек агрессор мен құрбан ғана емес, пассивті қолдау көрсететін сыртқы орта да маңызды рөл атқарады. Қорқыту феноменін тереңірек түсіну үшін агрессияның рұқсат етілген және тыйым салынған формаларын ажырата білу маңызды. К. Бутнер мен К.Ригби ұсынған жіктеуге сәйкес, агрессия үш топқа бөлінеді: тыйым салынған, рұқсат етілген және шартты түрде рұқсат етілген. Тыйым салынған агрессия – қоғам тарапынан заңмен немесе моральдық нормалармен қатаң айыпталатын әрекеттер, мысалы, дене жарақатын келтіру, ашық кемсіту, қорлау. Рұқсат етілген агрессия – эмоциялық разряд ретінде қабылданатын, бірақ нақты зиян келтірмейтін, кейде тіпті әлеуметтік рөлдік ойындар арқылы іске асырылатын әрекеттер. Ал шартты түрде рұқсат етілген агрессия – формалды түрде заң бұзбаса да, моральдық және психологиялық тұрғыдан зиян келтіретін, көбіне жазасыз қалатын, бірақ нақты жағымсыз салдарға әкелетін әрекеттер. Қорқыту осы үшінші типке жатады: ол көбіне мектептегі күнделікті өмірде «бала мінезі», «жастық есерлік» деп қабылданып, әлеуметтену тәсілі ретінде ақталуы мүмкін.

Алайда шын мәнінде, ол баланың психикасына терең зақым келтіретін, өзін-өзі бағалауға, тұлғалық дамуына кедергі жасайтын жүйелі зорлық түрі болып табылады. Бұл құбылыстың терең тамыр жаюына барлық қатысушылардың рөлі мен жауапкершілігі тікелей ықпал етеді. Ең алдымен, буллердің агрессиялық әрекеттері көп жағдайда мектеп ішінде немесе отбасында жазаланбайды, керісінше, кейде үстем мінездің көрінісі ретінде қабылданып, тікелей не жанама қолдауға ие болады. Бұл – агрессияның шоғырлануына, мінез-құлық үлгісі ретінде орнығуына жол ашады. Екінші жағынан, бақылаушылардың үнсіздігі де шешуші факторлардың бірі болып табылады. Олардың әрекетсіздігі, агрессияға қарсы тұра алмауы немесе қатысудан қорқуы буллингті күшейтіп, агрессордың үстемдігін заңдастырғандай әсер қалдырады. Бұл жағдайда қорқыныш сезімі шешуші рөл атқарады: куәгерлер де буллингтің құрбанына айналуға қауіптенеді. Үшінші маңызды тарап – ересектер мен педагогтар. Егер мұғалімдер мен ата-аналар қорқыту фактілеріне мән бермесе, не болмаса оны «уақытша мінез-құлық» деп қабылдаса, агрессия үдей түседі. Ересектердің араласуы – тек бақылау ғана емес, эмоционалды қолдау көрсету, этикалық бағдар беру, мектеп ішіндегі ортақ құндылықтарды орнату және сақтауға бағытталған әрекет болуға тиіс. Яғни, буллинг – жеке индивидтердің арасындағы проблема ғана емес, бүкіл ортадағы қатынас мәдениеті мен әлеуметтік жауапкершіліктің көрсеткіші [76].

Цифрлық кеңістіктің күннен-күнге кеңеюі агрессияның жаңа формаларына жол ашты. Интернеттегі анонимділік, әлеуметтік желілердегі алгоритмдік бақылаудың әлсіздігі және онлайн коммуникацияның жылдам әрі шектеусіз сипаты – осының барлығы агрессивті әрекеттердің жаңа өрісін қалыптастырды. Қазіргі таңда агрессия тек физикалық немесе вербалды деңгейде ғана емес, виртуалды форматта да көрініс тауып отыр. Әсіресе әлеуметтік желілер мен мессенджерлер платформалары – кибербуллинг деп аталатын агрессия түрінің таралуына кең арна болды. Мұндай кеңістікте жеке адамға бағытталған тілдік шабуылдар, көпшілік алдында масқаралау, фейк контент тарату, психологиялық манипуляция сияқты әрекеттер жиі кездеседі. Интернет қолданушылары анонимділік пен физикалық алыстықтың арқасында жауапкершілікті сезінбейді, бұл жағдай агрессияны күшейтудің негізгі психологиялық алғышартына айналады. Кибербуллингтің ерекшеліктері дәстүрлі агрессиядан бірнеше маңызды аспектілер бойынша өзгешеленеді. Ең алдымен, ол уақыт пен кеңістіктің шекараларын толық жояды: құрбан мектепте де, үйде де, демалыс кезінде де агрессиядан қорғана алмайды. Онлайн агрессия күннің кез келген сәтінде, кез келген құрылғы арқылы жетуі мүмкін. Екіншіден, виртуалды кеңістіктегі өзара әрекеттесулер көбіне эмпатияның болмауымен сипатталады. Экран арқылы қарым-қатынас жасағанда басқа адамның эмоциясын сезіну, бет-жүз реакциясын байқау мүмкіндігі шектеледі, бұл агрессияның моральдық шекарасын жояды. Үшіншіден, интернеттегі мазмұнның қайталанғыштығы мен таратылу жылдамдығы – кибербуллингтің ауыр салдарларының бірі. Бір рет жарияланған қорлайтын бейне немесе мәтін бірнеше минут ішінде жүздеген адамға жетуі мүмкін. Сонымен қатар, көп жағдайда агрессияны бақылап, тоқтататын нақты және тиімді механизмдердің болмауы мәселені ушықтырады.

Аноним аккаунттар, жалған тұлғалар мен көпшілік үнсіздігі буллингті тоқтатуға емес, керісінше оның жалғасуына себеп болады. Осы себепті кибербуллингпен күресте тек техникалық бақылау жеткіліксіз. Мәселені шешу үшін мәдени-когнитивтік және құқықтық тетіктердің кешенді түрде қолданылуы қажет. Ең алдымен, сандық этика және цифрлық азаматтық түсініктерін қалыптастыру маңызды. Бұл – интернет кеңістігінде жауапкершілікпен әрекет ету, басқа адамның құқығын құрметтеу, цифрлық мораль нормаларын ұстану мәдениетін дамыту дегенді білдіреді. Сонымен қатар, мектептегі тәрбие процесінде цифрлық мінез-құлық мәдениетіне байланысты арнайы тренингтер мен тәрбиелік бағдарламалар енгізілуі тиіс. Мұғалімдер мен ата-аналар балалардың интернеттегі белсенділігін қадағалап қана қоймай, олармен ашық диалог жүргізіп, қауіпсіздік ережелерін түсіндіруі қажет. Отбасында сенім мен қолдау ахуалын қалыптастыру – кибербуллингтен зардап шеккен балалардың қорғану ресурстарының бірі. Сонымен қатар, құқықтық деңгейде кибербуллингке қарсы нақты заңнамалық шаралар мен санкциялар белгілеу де оның таралуын шектеуге көмектеседі. Яғни, бұл құбылыспен күрес – технология мен мораль, отбасы мен білім беру, құқық пен мәдениет тоғысқан көпдеңгейлі әрекет алаңы. Мектептегі қорқыту құбылысы, әсіресе жүйелі түрде қайталанған жағдайда, жәбірленушіге терең психологиялық және мінез-құлықтық зиян келтіреді. Бұл зиян тек сыртқы әрекеттермен шектелмейді, ол баланың ішкі әлеміне, өзін-өзі қабылдауына, болмысын бағалауға кері әсер етеді. Жәбірленуші үнемі мазасыздық күйінде өмір сүреді, оның эмоциялық тұрақтылығы бұзылады, айналасындағы адамдарға деген сенімі әлсірейді. Өз-өзіне деген сенімсіздік, өзін төмен бағалау, оқшаулану тенденциясы тереңдей түсіп, кейде девиантты мінез-құлыққа немесе суицидтік ойларға әкелуі мүмкін. Әсіресе, жасөспірімдер үшін бұл аса қауіпті, себебі олар үшін әлеуметтік қатынастар мен құрдастар пікірі жеке тұлғалық қалыптасу процесінде шешуші рөл атқарады. Қорқыту кезінде құрбан болған бала өзін үнемі қауіп астында сезінеді, бұл оның когнитивті және эмоционалды даму жолын бұрмалайды, мектепке, ортаға, кейде өмірге деген теріс көзқарас қалыптастырады.

Буллинг процесінің салдары тек жәбірленушімен шектелмейді. Бақылаушылар да, агрессордың өзі де бұл әлеуметтік рөлдер барысында тұлғалық трансформацияға ұшырайды. Бақылаушылар қорқыныш, жауапсыздық немесе бейтараптық нәтижесінде ынтымақтастықтан алыстап, қорғану мәдениетіне көшеді. Олар басқалармен сенімді қарым-қатынас орнату мүмкіндігін жоғалтып, әлеуметтік жауапкершіліктен шеттейді. Бұл кейін өмірлік маңызды жағдайларда әділетсіздікке қарсы тұру қабілетінің әлсіреуіне әкеледі. Ал буллер – яғни агрессор – өз әрекетінің жазасыз қалғанын көріп, зорлық пен күш қолдануды тиімді коммуникация құралы ретінде қабылдай бастайды. Бұл тұлғалық құрылымда деструктивті мінез-құлықты шоғырландырып, ересек өмірде манипуляция, қысым көрсету, қатыгездік сияқты тенденциялардың тұрақтануына ықпал етуі мүмкін. Осылайша, буллинг әлеуметтік құрылым ретінде барлық тараптарға ұзақ мерзімді жағымсыз әсерін тигізеді. Осы әлеуметтік және психологиялық салдарға жол бермеу үшін мектептік ортада

арнайы алдын алу және интервенциялық стратегиялар қажет. Ең алдымен, қарым-қатынасты реттейтін бағдарламалар мен ортақ құндылықтар жүйесін қалыптастыру маңызды. Бұл – оқушылар арасында эмпатияны, өзара құрметті, жауапкершілікті дамытуға бағытталған кешенді тәрбиелік жұмыс. Мұндай бағдарламалар әлеуметтік-эмоционалдық оқытуды (social-emotional learning) енгізу арқылы жүзеге асуы мүмкін. Сонымен қатар, мұғалімдер мен ата-аналарға арналған арнайы тренингтер өткізілуі қажет. Бұл тренингтерде буллингтің белгілерін тану, тиімді реакция стратегияларын меңгеру, жәбірленушіге қолдау көрсету тәсілдері, сондай-ақ агрессормен конструктивті диалог орнату дағдылары қарастырылады. Тек қана жазалау емес, түсіну, бағыттау, қайта әлеуметтендіру механизмдері іске қосылуы тиіс. Бұған қоса, мектеп ішіндегі орта демократияландырылып, балалардың еркін пікір айтуына, шағымдану мен көмек сұрауына жағдай жасалуы қажет. Эмпатия мәдениетін қалыптастыру – тек эмоциялық жұмыс емес, бұл – баланың басқаға зиян келтірмей, өз орнын табуға бағытталған гуманистік тәрбие процесінің өзегі. Осылайша, буллингтің салдарын жою және оның алдын алу – тек педагогикалық немесе психологиялық емес, тұтас мәдени-әлеуметтік стратегияны қажет ететін күрделі міндет. Қазіргі қоғамдағы агрессия мен зорлық-зомбылық құбылыстары – қарапайым мінез-құлық актісі ғана емес, терең психологиялық, мәдени және әлеуметтік-онтологиялық факторларға тәуелді, көпқабатты құбылыс. Бұл құбылыстар адамның жеке тәжірибесімен қатар, оның өмір сүріп отырған әлеуметтік ортасымен, қабылданған нормалар мен құндылық жүйелерімен тығыз байланысты. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер арасындағы қорқыту (буллинг) – агрессияның формалды түрде қоғам тарапынан айқын айыпталмайтын, бірақ тұлғалық даму мен психикалық саулыққа елеулі зиян келтіретін деструктивті көрінісі. Ол көбіне мектептік ортада қалыпты құбылыс ретінде қабылданып, «тәрбиенің бір бөлігі» немесе «балалар арасындағы қалыпты қарым-қатынас» деп бағаланады. Алайда шын мәнінде, бұл – тұлғааралық зорлықтың жасырын әрі қауіпті түрі.

Цифрлық технологиялардың кең таралуы қорқыту құбылысына жаңа өлшем қосты. Кибербуллинг – виртуалды кеңістікте агрессия мен бақылаусыздықтың үйлесімінен туындайтын, моральдық және құқықтық жүйелерге елеулі сын-тегеурін тудыратын құбылыс. Уақыт пен кеңістіктен тәуелсіз, қайталануға бейім, анонимділікпен бүркемеленген бұл жаңа форма – қазіргі әлеуметтік өмірдің күрделі аспектілерінің бірі. Оның әсері тек құрбан болған балаға ғана емес, куәгерлер мен бүкіл цифрлық қауымдастықтың қарым-қатынас мәдениетіне әсер етеді. Сондықтан кибербуллингті жеңіл-желпі интернет-тәртіп бұзушылығы ретінде емес, тұтас мәдени және психологиялық мәселе ретінде қарастыру қажет. Бұл жағдайларда профилактика – тек тәртіп шараларымен шектелмеуі тиіс. Қоғамда, әсіресе білім беру кеңістігінде, эмпатияны тәрбиелеу, моральдық жауапкершілікті күшейту және мәдени этикаға негізделген әрекет үлгілерін қалыптастыру басты басымдыққа айналуы керек. Жас ұрпақтың бойында саналы азаматтық, өзара құрмет пен бір-бірінің құқығын қорғау мәдениетін орнықтыру – буллинг пен агрессияның таралуына қарсы тұра алатын ең тиімді құрал. Бұл –

тек заңдық шаралардың ғана емес, тәрбие мен білім жүйесінің, отбасы мен қоғамның ортақ миссиясы.

2.1 Кибербуллинг коммуникацияның жаңа модельдері мен жеке тұлғаның виртуалды кеңістікте өзін-өзі қорғау тәсілдері

«Еңсеру» (ағылшын тілінде Coping) – мәдениеттанулық және психологиялық әдебиетте қабылданған термин, еңсеру ұғымынан аударма болып табылады. Владимир Дальдың 1995 жылғы сөздігіне сәйкес, «совладание» сөзі ескі орыс тілінен шыққан «лад» (тіл табысу) және жеңу, ретке келтіру, өзіне бағындыру дегенді білдіреді [77]. Бейнелі түрде айтқанда, «жағдайды еңсеру» дегеніміз, яғни, жағдайды бағындыру. Копинг терминін алғаш рет Л. Мерфи 1962 жылы балалардың даму дағдарыстарымен бірге жүретін қиындықтарды жеңу зерттеулерінде қолданды [78]. Кең мағынада, күрес астында (ағылшын тілінен соре-бір нәрсені жеңу) жеке тұлғаның проблемалық (стресстік) немесе дағдарыстық жағдаймен өзара әрекеттесу тәсілі түсініледі. Копинг ұғымы адамның стресстік жағдайларға жауап беруін сипаттайтын, терең психологиялық мазмұны бар бейімделу әрекетінің күрделі жүйесі ретінде қарастырылады. Бұл – бір сәттік әрекет емес, уақыт ішінде дамып, өзгеріп отыратын үдеріс. Копинг стратегиясы нақты жағдайдың мән-мағынасына, жеке адамның ресурстарына және әлеуметтік қолдаудың болуына қарай әртүрлі сипат алады. Л.И.Анцыферова бұл үдерістің бірізді, кезең-кезеңмен жүретінін, әрі әрбір кезеңде түрлі тәсілдер қолданылуы мүмкін екенін айта отырып, барлық жағдайға бірдей тиімді, әмбебап стратегия болмайтынын ескертеді. Әрбір адам басынан өткеретін қиындықтарға өзінше жауап беріп, жағдайға сай келетін амалдарын қолданады [79]. Копинг феноменін ғылыми тұрғыдан талдауда бірқатар теориялық тәсілдер қалыптасқан. Алғашқы тәсіл – психоаналитикалық бағытқа негізделген және ол Н. Хаанның еңбектерінде дамыды. Бұл көзқарас бойынша, копинг адамның ішкі «эго» құрылымының қорғаныс механизмдерінің бірі ретінде қарастырылады. Яғни, тұлға мазасыздық пен ішкі шиеленістен арылу үшін бейсаналық деңгейде белгілі бір әрекеттерді іске қосады. Бұл – психологиялық тепе-теңдікті сақтап қалуға бағытталған автоматты қорғаныс жүйесі. Бұл тұрғыда копинг – эмоциялық кернеуді бәсеңдетуге бағытталған, тұлғаның ішкі ресурстарын жұмылдыратын бейімделу реакциясы. Кейінгі кезеңдерде копингке диспозициялық тұрғыдан келу пайда болды [80]. Бұл тәсілде адамның мінез-құлық стилі, оның тұрақты психологиялық қасиеттерімен байланыстырылады. Яғни, белгілі бір адам әрқашан қиындыққа ұшырағанда бірдей тәсілмен әрекет етуі мүмкін деген болжам ұсынылады. Мұнда копинг жеке тұлғаның салыстырмалы тұрақты қасиеті ретінде қарастырылып, өмір бойы бір үлгіде сақталатын күресу стилі ретінде сипатталады. Алайда бұл тәсілдің шектеулілігі – нақты жағдайлардың ерекшеліктерін ескермейтіндігінде. Себебі, адам әртүрлі оқиғаға әртүрлі жауап бере алады, ал жеке қасиеттер әрдайым шешуші рөл атқармайды.

Копингтің ең кең таралған және ғылыми ортада жоғары бағаланатын тұжырымдамасы – Р. Лазарус пен С. Фолкман ұсынған транзакциялық (ситуациялық) тәсіл. Бұл модельде копинг адам мен қоршаған ортаның өзара әрекеттесу процесі ретінде сипатталады. Яғни, адам қиын жағдайға тап болғанда, алдымен оны бағалайды (когнитивті бағалау), содан кейін әрекет ету жолдарын іздестіреді [81]. Бастапқы бағалау барысында адам оқиғаның қаншалықты қауіп төндіретінін, қаншалықты маңызды екенін саралайды. Мысалы, кибербуллинг жағдайында жасөспірім алдымен бұл оқиғаны қорлау ретінде қабылдайды, оған эмоционалды жауап береді – ашулану, үрей, күйзеліс. Бұдан кейін екінші деңгейдегі бағалау жүреді – бұл жағдайда не істей аламын, қандай әрекет менің жағдайымды жақсартады деген сұрақтар арқылы адам өз әрекетін жоспарлайды. Бұл кезеңде қолда бар ресурстар, жеке күш-жігер, әлеуметтік қолдау деңгейі есепке алынады.

Копинг стратегияларын таңдауда адамның өмірлік мақсаттары, моральдық ұстанымдары мен құндылықтар жүйесі маңызды орын алады. Яғни, бұл тек сыртқы жағдайларға реакция емес, тұлғаның ішкі дүниесінің көрінісі. Стресстік жағдаймен күресу тек бір жолмен ғана емес, бірнеше әдісті қатар қолдану арқылы жүруі мүмкін. Р. Лазарус атап өткендей, бастапқы және қайталама бағалаулар өзара тығыз байланысты және олардың нәтижесі – адамның кейінгі эмоционалды және мінез-құлықтық реакцияларын анықтайды. Сондықтан копинг – бұл адамның өмірлік қиындықтарға қарсы тұру қабілетін, оның когнитивті және мотивациялық жүйелерінің өзара әрекетін сипаттайтын бірегей үдеріс [82]. Бұл ұғымды түсіну тек теориялық маңызға ие емес, ол тұлғаның психологиялық тұрақтылығын қамтамасыз етудің, тұлғалық дамуды қолдаудың, сондай-ақ түрлі стресстік жағдайларда көмектесудің практикалық негізіне айналып отыр. Бағалау кезеңдері тәуелсіз және синхронды түрде жүруі мүмкін, осыған қатысты Р. Лазарус бастапқы және қайталама бағалау стресстің көріну формасына, кейінгі реакцияның қарқындылығы мен сапасына әсер етеді дейді. Жағдайды когнитивті бағалаудан кейін адам механизмдерді дамыта бастайды, яғни, стрессті жеңу, нақты күресуді білдіреді. Егер күрес сәтсіз болса, стресс сақталады және одан әрі күресуге тырысу қажет болады. Бұдан шығатын қорытынды, күресу процесінің құрылымы стрессті қабылдаудан басталады, содан кейін, когнитивті бағалау, жеңу стратегиясын әзірлеу және іс-әрекеттің нәтижесін бағалау. Күтілетін нәтиженің болмауы стресс және оңтайлы жауап беру тәсілдері туралы идеяларды түзетуді қажет етеді. Осылайша, механизмге негізделген кері байланыс адамның қоршаған әлеммен үздіксіз өзара әрекеттесу циклін қалыптастырады.

Ал, С. Фолкман мен Р. Лазарус ситуациялық-спецификалық күрес стратегияларының 8 түрін анықтады (олар факторлық талдау негізінде алынған), мінез-құлық, эмоционалды және когнитивтік салаларда көрінетін осы күресу стратегияларының негізгі сипаттамаларын сипаттай отырып: қазіргі заманның постмодерндік шындығында тұлғаның өмірлік қиындықтармен бетпе-бет келу формалары бұрынғыдай біржақты, әмбебап сипатта емес. Копинг ұғымы енді тек психологиялық бейімделу механизмі ретінде емес, субъектінің өзін-өзі

жаратушы агент ретінде өз тәжірибесін құрылымдай алатын қабілетінің көрінісі ретінде қарастырылады [79]. Бұл процесте тұлға саналы түрде біржақты рационалдық логикадан гөрі, көпдауысты, фрагменттелген және контекстуалдық стратегиялық шешімдерге бет бұрады. С. Фолкман мен Р. Лазарус ұсынған күрес стратегияларының сегіз типологиясы осы көпқырлы субъективтіліктің нақты көрінісі іспетті. Олар адамның мінез-құлқы мен эмоциялық реакцияларының ішкі архетиптерін ғана емес, сонымен қатар қазіргі әлеуметтік кеңістіктегі адамның когнитивті және мағыналық бағыттарын да сипаттайды. Мәселен, қарама-қайшылық – постмодерннің фрагменттелген субъектісі үшін тән мінез-құлық: ішкі сенімнің орнына сыртқы импульске бағыну, рефлексияның орнына бейсаналық реакция. Бұл жерде адамның әрекеті жүйелі шешімге емес, аффектінің толқынына сүйенеді. Ал дистанция стратегиясы – шынайылықтың ауырлығынан уақытша алыстау, сананың өзін құтқару амалы. Ойдан тыс қалу, эстетикалық не фантазиялық кеңістікте қайта құрылу – бұл адамның постмодернге тән «көпмаскалық» болмысының репликасы.

Өзін-өзі бақылау – қазіргі адамдағы жеке жауапкершіліктің постструктуралистік көрінісі. Бұл – әлемдік құрылымдарға сенім жоғалған шақта субъект өзінің ішкі кодексіне жүгінеді, өзін-өзі реттейтін моральдық агентке айналады. Осы қатарда әлеуметтік қолдауды іздеу – постмодерн дәуіріндегі интерсубъективтіліктің, желілік ұжымдастықтың мәнін ашып береді: адам мағына мен жауапкершілікті енді тек ішкі емес, басқа субъектілердің қолдауымен құрастырады. Сондай-ақ жауапкершілікті қабылдау формасы, керісінше, кейде экзистенциалды кінә мен торығудың көрінісін бейнелейді. Мұндағы ішкі рефлексия көп жағдайда өзін-өзі іштей ыдырату, енжарлық, үмітсіздікпен астасып жатады. Бұл постмодерннің кері әсер еткен жағы: жауапкершілікті сезіне отырып, субъект оған төтеп бере алмайды, себебі, универсал мағына орталықтары күйреген. Аулақ болу стратегиясы да дәл осы кеңістіктегі күйзеліс пен бейсаналық қорғаныстың көрінісі. Ойын, маскалық әлеуметтік рөлдер, виртуализацияланған әрекеттер – бұлар кибермәдениеттегі адамның шынайылықпен байланысын әлсірететін постмодерндік тәсілдер. Осы стратегиялар ішінде «мәселені жүйелі түрде шешу» мен «оң қайта бағалау» пострационалдық және конструктивті әрекетке жол ашады. Бұл жерде субъект өз тәжірибесіне мағына беріп, оны қайта жазып шығады – яғни, бұрынғы жарақат енді жаңа оқиғаның негізі, өзгерістің векторы ретінде ұғынылады. Бұл – субъектіні тек қорғанушы ғана емес, белсенді трансформатор ретінде танудың бір мысалы.

Жалпы алғанда, адам өмірлік қиындықтарға жауап ретінде тек бейімделіп қана қоймайды, олар арқылы өзінің тұлғалық әлемін қайта құрастырады. Бұл жерде копинг тек психологиялық реакция емес, мән тудырушы, мәдени-онтологиялық акт. Постмодерн жағдайында бұл процесс айқын көрінеді: жасөспірімдер когнитивтік бейберекет жағдайында көбінесе шындықтан қашу, виртуалдық реалияларға бой ұру арқылы қорғанады. Әсіресе, денсаулыққа, отбасылық қақтығыстарға не оқудағы сәтсіздікке қатысты стресс жағдайында балалар мен жасөспірімдер шындықпен бетпе-бет келудің орнына, ойдан

шығарылған кеңістіктерге кетуге тырысады – бұл постмодерннің гиперреалистік шындығында жиі кездесетін стратегия. Мұндай кезде агрессия, оқшаулану, немқұрайдылық сияқты формалар – ішкі мағынасыздық пен психологиялық тұрақсыздықтың симптомдарына айналады. Дегенмен, жасөспірімдерде альтруизм секілді күрделі, жоғары деңгейдегі копинг формалары да байқалады. Мәселен, отбасындағы дағдарыс жағдайында кейбір жастар өзгені қолдау арқылы өз мәселесін еңсеруге тырысады. Бұл – гуманистік бағыттағы бейімделудің бір көрінісі. Постмодерн жағдайында мұндай әрекеттер – тұлғаның хаос пен фрагменттелген кеңістікте тірек нүктесін өз бойынан таба алатын әлеуетінің дәлелі. Сонымен, қазіргі жасөспірімдердің стресс жағдайына жауабы – тек әлеуметтік психологиялық шындықты емес, сонымен қатар өз болмысын қайта кодтау әрекеті. Бұл күрделі, көпқырлы және қайшылықты үдеріс – постмодерн адамының жаңа антропологиялық картасын бейнелейді.

Дәстүрлі буллинг жағдайында зардап шеккендерге қол жетімді кейбір күрес стратегиялары кибербуллинг жағдайында қолданылмайтыны анық. Мысалы, дәстүрлі қорқыту жағдайында жәбірленуші жәбірленушімен бетпе-бет кездесіп, одан физикалық түрде аулақ бола алады немесе оған қарсылық көрсете алады. Кибербуллинг құрбаны мұндай әрекеттерді жасай алмаса да, олар үшін техникалық шешімдер бар, мысалы, құқық бұзушының есептік жазбасын бұғаттау, сайтты техникалық қолдауға жүгіну немесе форум және т.б. жүргізіліп жатқан зерттеулердің деректерін бағалау үшін күресу стратегияларын санаттарға бөлу қажеттілігі туындайтыны сөзсіз, алайда бұл жекелеген санаттар көбінесе күрестің өзекті стратегиясын сипаттамайды. Бұл, біріншіден, әрі қарай зерттеу кезінде стратегияларды проблемалық және эмоционалды түрде қарастыруға болатындығына байланысты. Екіншіден, кибербуллинг жағдайында зардап шеккендер, таңдалған мақсатқа байланысты әртүрлі күрес стратегияларына жүгіну сирек емес [83].

Қазіргі заманда цифрлық технологиялардың шапшаң дамуы мен жаһандық ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жасөспірімдердің күнделікті өміріне терең әсер етуде. Интернет желісінің кеңінен таралуы жас ұрпақ үшін жаңа мүмкіндіктермен қатар, бұрын-соңды кездеспеген әлеуметтік және психоэмоционалды қауіп-қатерлерді де алып келді. Осындай құбылыстардың бірі – кибербуллинг, яғни интернет құралдары арқылы қасақана және қайталанатын агрессия әрекеттерін жүзеге асыру. Бұл құбылыс жасөспірімдердің девиантты мінез-құлқының заманауи көрінісі ретінде ерекше өзектілікке ие болып отыр. Сондай-ақ кибербуллинг феноменінің табиғатын көпқырлы тұрғыдан қарастырып, оның пайда болу себептерін, негізгі құрылымдық сипаттарын, қатысушы субъектілердің рөлдік функцияларын және онымен күресу стратегияларын жүйелі түрде талдау. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы психоәлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік қолдау тетіктерін бағалай отырып, күрделі интернет-ортада олардың қандай әрекет үлгілерін таңдайтынын анықтау көзделеді. Ал оның теориялық негізін киберкеңістіктегі агрессияны психологиялық және әлеуметтік тұрғыда зерттеген бірқатар беделді ғалымдардың еңбектері құрайды. Олардың қатарында Г.У. Солдатова,

Дж.Ювонен, А.А. Баранов, А.В. Осадчая, И.А. Ильин секілді зерттеушілердің көзқарастары мен эмпирикалық тұжырымдары зерттеу әдістемесіне тірек болады. Аталған авторлар кибербуллингтің көпфакторлы табиғатын ашып, жасөспірімдердің әлеуметтік мінез-құлқының динамикасын сипаттауға үлес қосқан. Осылайша, кибербуллинг тек жеке агрессия көрінісі ғана емес, сонымен қатар ол – әлеуметтік қатынастар жүйесінің, мәдени нормалар трансформациясының және цифрлық коммуникация контексіндегі тұлғааралық қарым-қатынастың күрделі көрсеткіші ретінде зерттелуі қажет күрделі әлеуметтік-психологиялық феномен [84].

Кибербуллинг ұғымы соңғы онжылдықта психология, әлеуметтану және педагогика салаларында кең талқыланып келе жатқан маңызды мәселелердің біріне айналды. Бұл феноменнің түп-тамыры классикалық буллингпен байланысты болғанымен, оның табиғаты мен іске асу тетіктері мүлде өзгеше сипатта дамыды. Классикалық қорқыту көбінесе нақты кеңістікте, тұлғааралық тікелей қарым-қатынас аясында жүзеге асса, кибербуллинг виртуалды кеңістікте өмір сүретін, уақыт пен кеңістік шектеуінен тыс әрекет ететін, техникалық құралдарды пайдалану арқылы жүретін ерекше формаға ие. Мұндағы басты ерекшелік – агрессия анонимді түрде жүзеге асады, жәбірленуші мен агрессор арасындағы қашықтық едәуір артқан, ал агрессия актісі тәулік бойы қайталанып отыруы мүмкін. Сонымен қатар, онлайн қорлау фактілері сандық ізі сақталып қалатындықтан, олар қайта-қайта көрініс тауып, жәбірленушінің психикасына ұзақ уақыт бойы әсер ете алады. Ал кибербуллингтің эволюциясы – бұл технологиялық мүмкіндіктердің адамаралық қатынастар табиғатына тигізген ықпалының тікелей көрінісі. Бұл құбылыс тек коммуникациялық құралдардың дамуының нәтижесі ғана емес, сонымен бірге цифрлық мәдениет аясында тұлғаның өзін-өзі танытуының деформацияланған тәсілі ретінде де бағаланады. Кибербуллингтің нақты кеңістіктегі буллингтен айырмашылығы – бақылаушылар санының шексіз болуы, агрессия актісінің жариялылығы мен қайталануы және әлеуметтік бақылаудың әлсіздігі. Киберагрессияның психологиялық механизмдерін талдағанда, ең алдымен агрессордың мотивациялық құрылымына назар аудару қажет. Әдетте кибербулллердің әрекетінде билік көрсетуге, үстемдік орнатуға немесе өз кемшіліктерін басқа біреуді қорлау арқылы компенсациялауға ұмтылу анық байқалады. Мұндай мотивация көбінесе ішкі психоэмоционалдық шиеленіспен, өзін-өзі бағалаудың төмендігімен, сондай-ақ әлеуметтік мойындалуға деген патологиялық қажеттілікпен ұштасады. Сонымен бірге, агрессор үшін виртуалды кеңістіктегі анонимділік – моральдық және құқықтық жауапкершіліктен жалтарудың тиімді құралы. Бұл жағдай жазасыздық сезімін күшейтіп, агрессиялық әрекеттердің жиілігі мен қарқындылығын арттыра түседі. Эмпатия деңгейінің төмендігі де киберагрессияның басты факторларының бірі. Қарсы тараптың эмоциясын сезіне алмау немесе оны елемеу – агрессордың моральдық шектеулерін бұза отырып, өз әрекетін қалыпты деп қабылдауына алып келеді. Осы жерде интернет кеңістігінің «адамсыздандырылған» табиғаты көрінеді: экран артындағы адам нақты тұлға ретінде емес, цифрлық бейне ретінде қабылданады, бұл агрессияны

актауды жеңілдетеді. Анонимділік пен арақашықтық – эмпатия механизмдерінің бұзылуына тікелей әсер ететін басты медиаторлар. Осылайша, кибербуллингтің дамуы ақпараттық қоғамдағы адамның тұлғалық және моральдық трансформациясымен тығыз байланысты. Бұл құбылыс психологиялық жағынан күрделі, әлеуметтік жағынан қауіпті және педагогикалық жағынан алдын алуды қажет ететін қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

Кибербуллинг жағдайындағы күресу стратегияларын жүйелеу мәселесі қазіргі психология мен педагогикадағы маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып отыр. Зерттеушілер бұл мәселеге әртүрлі көзқараспен қарағанымен, көпшілігі кибербуллингке жауап ретінде қолданылатын мінез-құлық үлгілерін функционалдық сипаттамаларына қарай санаттарға бөліп қарастыруды ұсынады. Осы бағыттағы негізгі жіктеуді Перрин, Солдатова, Осадчая және басқа да авторлар ұсынған. Бұл тәсіл кибербуллинг жағдайындағы жауаптарды адамның ішкі ресурстары мен қоршаған ортадан қолдау алу деңгейіне қарай топтастырады [85].

- Бірінші топқа белсенді немесе реактивті стратегиялар жатады. Бұл санатқа кек қайтару, жанжал жағдайын сындарлы диалог арқылы шешуге тырысу, сондай-ақ нақты техникалық әрекеттер жасау сияқты тәсілдер кіреді. Мұндай стратегиялар көбіне өзін қорғауға бағытталған және субъектінің қауіппен белсенді бетпе-бет келуін білдіреді. Белсенді жауаптар көбінесе жасөспірімнің өзінің субъектілік позициясын сақтап қалуға және виртуалды кеңістіктегі рөлдік мәртебесін қорғауға ұмтылуымен сипатталады.

Түркия Республикасы екі дүние ортасында отырған, ұлы империялық кезеңді бастан өткеріп, еуропалық бағыттағы индустриалды дамыған мемлекет, шығу тегін даладан алатын бұл мемлекеттің тәжірибесі аса маңызды. Түрік қоғамында мәдени девиация, яғни, әлеуметтік нормалардан ауытқу – дәстүрлі исламдық құндылықтар, қалалық глобализация және жастар субмәдениеттері арасындағы күреспен астасып жатқаны белгілі. Бұл процестер әсіресе соңғы 10 жылда айқын байқалады, себебі де жоқ емес, әлеуметтік медиа, экономикалық тұрақсыздық және саяси поляризация ықпалымен көптеген өзгерістер келуде. Саны 85 миллионнан асып бара жатқан бұл мемлекет өз болашағын қандай бейнеде көргісі келетіні жөнінде біраз пікірталастар бар, бірі Түркия – дәстүрлі демократиялық құндылықтарды ұстанған, батыстаған мемлекет болуы тиіс десе, екінші бір топ – империялық кезеңдегі үстемдікті аңсап, исламдық құндылықтарды алға тарту қажет деп есептейді, ал үшінші бір топ – Ататүрік қалыптастырған «түрік болу қандай бақыт» концепциясына сүйеніп, сол жолмен ғана жүруді дұрыс деп санайды. Осындай алабыртқан, шығыс пен батыстың қақпасы болып отырған мемлекет үшін бұл аса маңызды парадигмалар, әйтпесе, бұл тікелей ұлттық идентификацияға әсер етуші, құраушы түсініктер, енді осыған бұл ойлар мен өзге де азшылық ұстанатын идеялардың әлеуметтік желілер арқылы таралу масштабын қосыңыз. Бірнеше мәдени девиация болып табылатын мысалдарға мән берсек: «Jenerasyon Z» атты топ дәстүрден тыс құндылықтарды зәңгі көреді, оның ең жарқын көріністері феминизм, ЛГБТ+ құқықтары, карьераға басымдық беру, оған қоса глобалды медиа ықпалы, экономикалық белсенділікке мұқтаждық та осы топтың қажеттіліктері. Ал, қоғамдағы «консерваторлар оларды «батыстандырылған» деп сынайды. Оған қоса, «азаматтық некені» жөн көретін топтар – олар некеге тұрмай-ақ бірге тұру дұрыс деп санайды, көбінесе қалаларда жиі кездеседі, Түркияда 80 нән астам ірі қалалар барын ескерсек, бұл өте үлкен көрсеткіш. Оның негізі себебі – некенің экономикалық қымбаттығы, бұл жеке еркіндікке ұмтылуға бағыттайды. Бұл топқа діни қоғам «моральдық тұрғыдан төмендеу» деп қарайды. Сондай-ақ, «сандық көшпенділер» де бұл қоғамда бар, олар негізінен Анталия, Стамбул сынды үлкен қалаларда немесе шетелде фриланс жұмыс жасайды, отырықшы түрік қоғамы үшін бұл үлкен мәселе. Негізгі себебі – валюта дағдарысы, жергілікті жалақылардың төмендігі болып отыр, елдегі соңғы 3 жылдағы инфляцияның өзі Еуропадағы ең жоғары деңгейде. Үкімет оларды «экономикалық қауіп» деп санайды, себебі онлайн жұмыстар барынша еркін ойлау мен альтернативті позицияны сыйлайды.

Сайып келгенде бұл тенденциялар дәстүрлі отбасы моделінің ыдырауына әкеліп соғады. Себебі, гендерлік және сексуалдық ауытқулар

көбеюде. Мысалы, Түркия – Ислам әлемінде ЛГБТ науқаны бар ең либералды елдердің бірі ретінде белгілі. Әлеуметтанулық сауалнамалар бойынша жастардың 30% пайызы бір жынысты некелерін қолдайды. Ал, феминизм және әйел қозғалыстарына келсек #MeToo Түркияда белсенді, әсіресе медиа және университеттерде, «İstanbul Sözleşmesi» (Әйелдерге қарсы зорлықты тоқтату туралы конвенция) 2021 жылы Түркия таратты, бұл әйелдер наразылықтарын тудырды. Бұндағы үкіметтің ойы «дәстүрлі отбасы құндылықтарын» қорғау үшін гендерлік теңдікті шектейді. Оған қоса, атеизм және деизмнің өсуі байқалады, әсіресе, жастар арасында діни нанымды жоққа шығарушылар саны артып келеді (Pew Research бойынша, 18-29 жастағылардың ~10% атеист). Әлеуметтік желілерде #DeistGençlik (#ДеистЖастар) хэштегі танымал. Сонымен бірге, альтернативті діни ағымдар: сопылық, неодервишілік, руханилық (йога, медитация). Бірнеше айқын мәдени девиация түрлерін айтып өттік, ендігі жерде қандай әрекеттер қажет? Болашақ болжам ретінде жастар арасындағы либералды тенденциялар (әсіресе үлкен қалаларда) күшейе түсетіні белгілі, қоғамның дәстүрлі құндылықтар мен жаңашылдар болып екіге бөлінуге келуі әбден мүмкін. Оған қоса түрлі андерграунд мәдениеттің күшеюі – ресми идеологияға баламалар іздеуден туып отыр. Түркиядағы мәдени девиация – глобализация мен ұлтшыл-консервативті реакция арасындағы күресті айқындай түседі, себебі қазіргі жастар буыны дәстүрден ауытқығанымен, мемлекет бұл үрдістерді қатаң бақылауда. Түркияда мәдени девиацияны анықтау және шектеу тәжірибесі мемлекеттік саясат, құқықтық реттеу, білім беру және әлеуметтік-мәдени шаралар арқылы жүзеге асырылады. Алдымен мәдени девиацияны анықтауға келсек, келесі формаларда кездеседі:

- Діни экстремизм – радикалды исламистік топтардың үгіт-насихаттары;
- Этникалық сепаратизм – шығыстағы этникалық топтардың проблематикасы;
- Гендерлік теңсіздік және әйелдер құқығына қарсы дәстүрлі көзқарастардың өршуі;
- Жастар арасындағы бұзақылық мәдениетінің өсуі (есірткі, зорлық-зомбылық).
- Қоғамдық моральды бұзатын медиа-контент (мысалы, кері идеяларды насихаттау немесе акпараттық манипуляция).
- Мемлекет бұл ауытқуларды заңдар, қауіпсіздік шаралары және мәдени бағдарламалар арқылы бақылайды:
- Антитеррор заңдары: Терроризм мен сепаратизмге қарсы қатал шаралар әрдайым орындалады;
- Интернетті қатысты әлеуметтік желілердегі девиантты мазмұнды бақылау;
- Діни қызметті бақылау: Диянет (Diyanet), қазақстандық ҚМДБ баламасы, арқылы исламды ресми түрде басқару және радикалды ағымдарды болдырмау жұмыстарын атқарады.

Ал, білім беру және идеологиялық тәрбие мектепте «ұлттық мәдени тәрбие»: Ататүрік принциптеріне (кемализм) негізделген бағдарламалар

қабылданған. Ал, діни білімді реттеу үшін имам-хатип мектептеріндегі оқу бағдарламаларына қатаң бақылау жүргізіледі. Сондай-ақ, жастар саясаты ұлттық құндылықтарды насихаттау жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Түрік қоғамы әлеуметтік-мәдени шараларға баса мән береді, себебі олар жастардың санасын қалыптастырады, мәселен:

– Медиа мен өнерді басқару бойынша Түркия үкіметі теледидар мен киноиндустриясына ықпал етеді, әлемдегі ең дамыған soft power үлгісінің иегері, яғни, тарихи сериалдар арқылы ұлттық бірлікті нығайту жолында үлкен жетістіктерге ие;

– Гендерлік теңдікке қарсы трендтер де жоқ емес, айталық кейбір консервативті топтар әйелдердің әлеуметтік рөлін шектеуге тырысады, бірақ феминистік қозғалыстар да белсенді жұмыс атқаруда.

– Қоғамдық пікірді басқару бойынша үкімет жиі «ұлттық қауіпсіздік» дискурсын пайдаланып, теріс көзқарастарды шектейді [103]. Түркиядағы исламизм, кемализм және авторитаризм арасындағы өзара әрекеттестікті талдайды, Түркияның қазіргі саяси және әлеуметтік-мәдени ландшафтында исламизм, кемализм және авторитаризм арасында күрделі динамика жоғары, бұл үш феномен бір-бірімен үнемі өзара әрекеттесіп, елдің саяси бағытын, қоғамдық пікірін және мемлекеттік құрылымдарды қалыптастырып отыр, осы өзара әрекеттестікті талдау үшін олардың тарихи контексті мен қазіргі заманғы саяси процестерін қарастыру қажет. Еске салсақ, Ататүріктің реформалары, 1923–1938 жылдары Түркияны дүниежүзілік секуляризация моделіне айналдырды, яғни, халифат жойылды, діни заңдар орнына еуропалық құқық жүйесі енгізілді, дінді мемлекеттен бөлу конституцияға енгізілді.

Ұлтшыл-секулярлық идеология негізінде мемлекеттік аппаратты, әскерді және білім беру жүйесін толық бақылады деп айтуға болады [104] мектептегі ұлттық тәрбие жүйесінің мәдени девиацияны қаламы шектегенін зерттейді. Түркия білім беру жүйесіндегі ұлттық тәрбие (milli eğitim) мемлекеттік идеологияны нығайту және мәдени ауытқуларды басқарудың негізгі құралы болып табылады. Бұл саясат кемалистік принциптерге негізделген, бірақ соңғы онжылдықтарда исламистік-ұлтшыл элементтермен толықтырылды. Мектептегі тәрбие жүйесінің мәдени девиацияны қалай шектегенін төмендегі аспектілер арқылы талдауға болады. мәселен, ұлттық тәрбиенің тарихи негіздері: білім берудің орталықтандырылуы: 1924 жылы «Бірыңғай білім беру туралы заң» (Tevhid-i Tedrisat Kanunu) қабылданды, барлық мектептер мемлекеттік білім министрлігінің бақылауына алынды. Ең алдымен, секулярлық ұлтшылдық негізінде діни білім орнына азаматтық тәрбие енгізілді, тарих пен әдебиеттің идеологияландырылуы бойынша түркі тарихы мен тілін ұлықтау енгізілді [105]. Енді, интернеттегі мәдени девиацияны бақылау тәжірибесіне келсек, Түркияда интернет арқылы таралатын мәдени девиацияны (қоғамдық нормалардан ауытқуларды) бақылау – мемлекеттің цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздік және идеологиялық бақылау стратегиясының маңызды бөлігі. Бұл тәжірибе заңнамалық реттеулер, техникалық фильтрлеу және құқықтық қудалау арқылы

жүзеге асырылады. Төменде осы саясаттың негізгі аспектілері талданады, Түркиядағы интернетті реттеудің заңдық негіздері: 5651 №-лі Заң («Интернеттегі қылмыстар туралы»), 2007 жылы қабылданды, 2014 және 2020 жылдары қатаң түрде өзгертілді. Оның негізгі мақсаттарына тоқталар болсақ терроризмді, ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін мазмұнды блоктау қажеттілігі. Қоғамдық моральды бұзатын материалдарды жою жолға қойылды.

Жалған ақпаратпен күресу үшін ВТК (Байланыс және информатикалық технологиялар басқармасы) интернет провайдерлеріне мазмұнды блоктауға бұйрық бере алады [106]. 7239 №-лі «Қауіпсіздік заңы» (2020): әлеуметтік желілерде түркиялық пайдаланушылардың деректерін отандық серверлерде сақтау міндеттілігін енгізді. Үкіметтің Twitter, YouTube және Wikipedia-ға тыйым салуы (2017–2020): «Ұлттық қауіпсіздік» себебімен уақытша блоктаулар сынды тәжірибесі бар. Мәдени девиацияны бақылаудың негізгі формаларына келсек, саяси және әлеуметтік мазмұнға бақылау жүргізіледі. 2020 жылы Twitter 3 аптаға блокталды. Wikipedia 3 жылға тыйым салынды, себебі, Түркияны терроризммен байланыстыратын мақалалар көптеп жазылған [107]. Діни және моральдық нормаларды қорғау үшін исламға қарсы мазмұндағы атеистік немесе исламды сынайтын платформалар блокталған. Ал, ЛГБТ қозғалысына қарсы шараларға келсек 2021 жылы Tinder, Grindr сияқты қолданбаларға тыйым салынды, себебі олар «отбасы құндылықтарын» қорғау мемлекеттің негізгі міндеті деп санайды. Үкімет жасөспірімдерді қорғау үшін барлық провайдерлер «ұлттық фильтр» жүйесін қолдануы тиіс деп міндеттеді. Техникалық және әкімшілік әдістерге тоқталсақ: DNS және IP блоктау, тыйым салынған сайттарға қатынауды болдырмау үшін DNS бұрмалау (Deep Packet Inspection) қолданылады, бұл құқық мәселесін алға шығаруы мүмкін, бірақ ұлттық бірегейлік пен мемлекеттік тұтастық мәселесі одан да жоғары деген оймен іске асырылады. Ал, VPN қызметі 2022 жылы анонимді желілерді (Tor, Psiphon) анықтау жүйелері жетілдірілді. Пайдаланушыларды идентификациялау үшін 2022 жылдан бастап Facebook, Twitter және Instagram пайдаланушыларынан телефон нөмірін растау талап етіледі. Анонимді аккаунттарды жою мақсатында түркиялық соттар 100 000-нан астам парақшаны жапқан [108]. Түркияның интернеттегі мәдени девиацияны бақылау тәжірибесі – ұлттық қауіпсіздік пен діни құндылықтарды қорғауға бағытталған. Түркия орналасқан жері үлкен саяси, сауда және тарихи текетірестерге толы аймақ болып табылады, оның кез келген заманауи сұрақтарға шешім табуы аса маңызды, құқық қорғау немесе демократия сынды құндылықтардың ұлттық мүддемен пара пар еместігін байқаймыз.

Қазақстан әлемде жер көлемі жөнінен 9-шы орында болса, оның 7500 км астамы Ресеймен шекара болып табылады, оған қоса ұзақ және терең байланыстардың болуы бұл мемлекетте орын алған құбылыстар міндетті түрде әсер ететіні белгілі, осы тұрғыдан сын-қатерлерді осы бастан алдын алғанымыз дұрыс. Ресейдегі мәдени девиация қоғамдық консерватизм мен жастар арасындағы постмодернистік өзгерістер арасындағы қарама-қайшылықты көрсетіп отыр, мемлекеттік дәстүрлі құндылықтар, мысалы православие,

отбасы, патриотизм мен индивидуализм, глобализация ықпалы арасындағы күрес Ресейдің әлеуметтік динамикасын анықтап отырғаны бар, осы тұста бұл қоғамда бар мәдени девиацияларға тоқталып өтейік: «дауншифтинг» атауымен белгілі бұл түснік қалалық адамзаттың құбылысынан құтылып, ауылға көшу немесе қарапайым өмір сүруге деген құштарлық, экономиканың драйвері болып табылатын жастардың жаппай ауылды аңсауы қауіпті болмақ, түпкі себебі капитализмнен шаршау, экологиялық сананың өсуі болып отыр. Ал қоғам бұл құбылысты жай ғана «белсенділіктен қашу» деп сынайды. «NEET» деп аталатын тағы бір құбылыс бар, оның негізі жұмыс істемейтін және оқымайтын жастар болып отыр, негізгі себеп ретінде жастар жұмыссыздықты, депрессиюны, мотивацияның жоқтығын айтады. Ал бұл мемлекет үшін тағы бір қауіп, оларды «әлеуметтік қауіп» деп санайды. Ресейдің Түркиямен ұқсастығы «сандық көшпелілер» болып отыр, яғни, фриланс арқылы шетелден жұмыс істеу, олар көбіне Бали, Тайланд сынды мемлекеттермен байланысты, бұл өз кезегінде Ресей экономикасының тұрақсыздығы, шетелдегі жоғары өмір сапасын білдіріп отыр. Әлбетте, консервативті қоғам оларды «отансыздық» деп сынайды. Бұлардан бөлек, әсіре оңшыл-патриоттар да бар, олар Ресейдегі барлық мәселелердің пайда болуының себебін өзге этнос өкілдерінің кесірі деп ойлайды, «скинхэдтар» деп аталатын топ олардың ұрып-соғып «кек» қайтарады. Бұл тенденциялар ресейлік оқыған, жағдайы жақсы және тұрақты орташа таптың ыдырауын көрсетеді және мемлекет оларды «батыс ықпалы» деп санайды, бірақ бұл мәселенің шешімі емес екені белгілі.

Ресейде саяси және мемлекеттік позицияға «қарсы мәдениет», андерграунд музыка, стрит-арт, перформанс-арт – ресми идеологияға қарсы шығу формасында жүзеге асады. Соңғы мәселелерді ескере келе, «эмиграциялық толқын» – 2022 жылдан бастап жастар мен IT-мамандарының шетелге кетуі байқалуда, бұл да мемлекеттің адами капиталына біраз әсерін тигізбей қоймайды. Ал, діни және рухани ауытқулар бойынша «нью-эйдж» қозғалыстары, яғни, йога, эзотерика, вегандық – дәстүрлі православиеден бас тарту сынды қозғалыстар бар. Оған қоса, секталар мен культтер – адамдардың рухани ізденістерінен пайдалану арқылы жүзеге асуда. Нәтижесінде, болашақта жастар арасындағы саяси апатия – наразылықтар пассивті формада (эмиграция, виртуалды кеңістіктерде) жалғаса береді. Ал, қоғамның поляризациясы – консерваторлар мен либералдар арасындағы алшақтық өсе береді, жүріп жатқан жанжал бұны өршітпесе азайтпайтыны белгілі болып отыр. Ал, андерграунд мәдениеттің күшеюі – ресми идеологияға баламалар іздеуден басталуда. Ресейдегі мәдени девиация процесстері үлкен мемлекеттік бақылау мен жастар арасындағы еркіндік іздеу арасындағы күрестен туады. Бұл үдеріс посткеңестік идентификация мен глобалды заманның талаптары арасындағы тепе-теңдікті көрсетеді. Ресей Федерациясы мәдени девиацияларды шектеу үшін кешенді шаралар қолданады, олардың ішінде құқықтық реттеулер, медиа-бақылау, білім беру жүйесіндегі идеология және қоғамдық ұйымдардың қызметі бар. Бұл саясаттың негізгі мақсаты – «орыстың дәстүрлі құндылықтарын» қорғау деген атауға ие, соған қоса экстремизмге жол бермеу және мемлекеттік идеологияны

нығайту. Құқықтық негіздерге келсек мәдени девиацияға қарсы заңдарға тоқталсақ: экстремизмге қарсы заңнама (№114-ФЗ), 2002 жылғы «Экстремистік қызметке қарсы тұру туралы» заң: «экстремистік материалдар» тізімін ұстап, оларды блоктайды, 2022 жылға дейін 6 000 материал тыйым салынды (соның ішінде оппозициялық блогерлердің видеолары) жазаланды. Ал, 2022 жылғы түзетулерге келсек: «жалған ақпаратты» (ФЗ-№32) таратуға қатаң жазалар енгізілді (10 жылға дейін бас бостандығынан айыру). Федералды №114-ФЗ заңы.

2023 жылы бұл мемлекет ЛГБТ-қозғалысты «экстремистік» деп таныды, бұл «халықаралық ЛГБТ қозғалысына» қатысушыларға қарсы қылмыстық іс қозғауға мүмкіндік берді [109]. Ал, медиа және интернетті бақылау бойынша «Роскомнадзордың» рөлі өте жоғары, оның ішінде сайттарды блоктау бар, мысалы 2024 жылдың басына қарай 500 000 сайт тыйым салынды, олар анықтамасыз «экстремизм» немесе «жалған ақпарат» үшін бұғатталған. Ендігі жерде, VPN қызметтеріне қысым 2021 жылдан бастап Tor, ProtonVPN блоктаудан басталды. Әлеуметтік желілерге қойылған талаптарға сәйкес келмеу себебіне байланысты Telegram 2018–2020 жылдары блокталған, бірақ қазір қызмет етеді, Meta болса (Facebook, Instagram) 2022 жылы «экстремистік» деп танылды [110]. Жаңалықтарға бақылау жүргізу де аса маңызды, белгілі жайт – ресми мемлекеттің позициясымен келіспеген тұлғаларға «шетелдік агент» мәртебесі беріледі. Либералды «Медуза», «Дождь» сияқты арналарға тыйым салынды, ал мемлекеттік насихат RT, Sputnik арқылы альтернативсіз ақпарат таратады. Білім және мәдениет саласындағы шараларға келсек, мектептегі «патриоттық тәрбие» сабақтары енгізілді, 2023 жылдан бастап міндетті «Кіші жастағы патриоттық тәрбие» пәні енгізілді, тарих оқулықтарындағы өзгерістерге КСРО тарихын романтикалау тән [112]. Жеке тұлғаларды да «агент» деп тануға болатын заң қабылданды [113].

Ресейде кибербуллинг мәселесіне қатысты шаралар құқықтық реттеулер, технологиялық шешімдер және әлеуметтік бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Бірақ бұл саясат кейде азаматтық құқықтарды шектеу үшін де қолданылады.

Қазақстан соңғы жылдары Қытаймен үлкен саяси-экономикалық серіктестік орнатуда. Сол себепті ол мемлекеттегі мәдени девиация қоғамдық нормалардан немесе мәдени дәстүрлерден ауытқитын әлеуметтік-мәдени құбылыстарын білу маңызды. Бұл термин кейде теріс мағынада қолданылады, бірақ ол жай ғана дәстүрлі емес қылықтарды, құндылықтарды немесе өмір салтын білдіруі мүмкін. Қытайда мәдени девиацияның кейбір мысалдары: Жастар субмәдениеттері – (躺平 – Tǎngpíng – тангпинг) – бұл жас ұрпақтың «ешқашан қозғалмау» философиясы, яғни қоғамдық қысымға қарсы тұру үшін минималды күш жұмсау әрекеті. Оған қоса, «буддалық жастар» (佛系 – Fóxì – фокси) – бұл топ өмірдегі амбициялардан бас тартып, тыныш, бейтарап өмір сүруді қалайтын жастардың үлкен бөлігі. Ал, гендерлік және сексуалдық ауытқуларға келсек, Қытайда гей, лесбиян, бисексуал және трансгендерлер қоғамда толық қабылданбайды, бірақ жастар арасында бұл тақырыптар ашық талқылана бастады, қоғамдық «сең» қозғалды. «Қалыптан тыс» сән стильдерінің болуы, косплей, андрогиндік

кейіптер жастар арасында батысқа ұқсас гендерлік стереотиптерді бұзу тенденциясы барлығын білдіреді. Интернет қолдану мәдениетінің әсері «қызылдың ізіндегі қарсылық» – кейбір жас қытайлықтар өздерінің саяси көзқарастарын әшкерелеп, цензураға қарсы шығады, мысалы, «Жасыл қалқан» қозғалысы оған дәлел. «Сандық дарақылар – әлеуметтік желілерде сарказм, мемдер арқылы қоғамдық пікірді сынау кең таралған. Сонымен қатар, дәстүрлі емес отбасы моделдерін жақтайтын «child free, баладан бос» – жұптар баласыз өмірді таңдап, жеке бақытқа ұмтылады.

Тіпті, «көп жұптық қарым-қатынас (полиамория) – кейбір жастар дәстүрлі моногамиядан бас тартатын да девиация формалары бар. Ал, сыртқы келбетке келер болсақ, татуировкалар, пирсинг және «қара субмәдениет» – бұл құбылыстар Қытайда әлі де қатаң қаралады, бірақ жастар арасында кең таралуда. Әлбетте, Қытай үкіметі мәдени девиацияны кейде қатаң бақылаумен шектейді, өйткені ол «социалистік құндылықтарға» қарсы деп саналады, дегенмен, жаңа буын үшін бұл құбылыстар – жеке тұлғалық өркендеудің бір түрі ғана болып табылады. Қытай қоғамында дәстүрлі конфуциандық құндылықтар: отбасы, қоғамдық иерархия, ұжымдық гармония сынды әлі күнге дейін басым болса да, жаңа буындар арасында мәдени девиация процестері белсенді түрде дамып келеді. Бұл құбылыстар қытайлық жастардың глобализация, цифрландыру және жеке бақыт идеяларына ұмтылуынан туындайды. Бірқатар қоғам үшін маңызды девиацияларды үкімет те бақылап отырғаны белгілі, айталық цензура және пропаганда негізінде «девиантты» қозғалыстарды «моральсыз» деп жариялау арқылы олардың жолын кесу әрекеттері бар. Заңдық тұрғыдан шектеулер гей-прайдтарға тыйым салу, феминистік топтарды жабу кең таралған. Баладан бос отбасыларға экономикалық ынталандырулар қарастырылған – балалы отбасыларға субсидиялар бөлінген. Осы мәдени девиациялардың болашағына болжам айтар болсақ, қалай десек те жастар арасында индивидуализм өседі, керісінше ұжымдық менталитет әлсіреуі мүмкін. Үкімет қоғамды бақылауды бұдан әрі нығайтады, әлбетте «қызыл сызықтар» қазіргіден орасан зор кеңейуі мүмкін. Ал бұл қоғам екіге бөледі – дәстүрлі құндылықтар мен жаңашылдар арасында қақтығыс орнауы мүмкін. Қытайдағы мәдени девиация – шынында да бұл жастардың әлеуметтік-экономикалық қысымға реакциясы. Ол ҚКП-ның қатаң бақылауына қарамастан дамиды, өйткені цифрлық ғасырда дәстүрлі құндылықтарды сақтау қиындығы белгілі болып отыр. Бұл процестер Қытайдың келешектегі әлеуметтік-саяси динамикасын айқындайды. Бұған қатысты бірқатар қытай ғалымдарының еңбегін атап өтсек: Ян И. 2010 жылы өз еңбектерінде Қытай қоғамындағы индивидуализация процестерін талдайды, әсіресе жастар арасындағы дәстүрден ауытқулар туралы ауқымды зерттеу ұсынады [113]. Жанг Л. 2021 жылы «Tāngpíng» қозғалысын саяси-экономикалық наразылық ретінде зерттейді [114]. Ал, гендерлік және сексуалдық ауытқуларға байланысты еңбектерді Энгебретсен Е. 2014 жылы өзінің «Қытайдағы ЛГБТ қауымдастығы, әсіресе әйелдер арасындағы квир идентификация» еңбегінде шығарды [115]. Сонымен қатар, Чоу В. 2017 жылы «Қытайдағы гей-мәдениеттің тарихы және қазіргі заманғы күйі» атты мақала жазды [116]. Янг Г. 2022 жылы

«Мемдер мен эзоп тілін қолдану арқылы цензураны айналып өту стратегиялары» атты еңбегі де маңызды [117], ал, үкіметтік реакция және қоғамдық бақылау бойынша Брэйди А. 2020 жылы Интернет цензурасы және «қызыл сызықтарды» сақтау механизмдері атты көлемді еңбек жазды [118]. Сондай-ақ, Джеффри Е. Қытай заңнамасындағы ЛГБТ құқықтарының эволюциясы атты еңбек жазды. Бұл мақалалар халықаралық ғылыми журналдар тізімінде өте жоғары импакт-факторға ие болып отыр.

3.2 Қазақстандық виртуалдық мәдениеттегі кибербуллингтің ерекшеліктері

Келесі кезекте, біз мынадай мәселелік алаң мен дискурстарды ұсынамыз: ҚР коммуникацияның жаңа формалары мен қоғамды цифрландырудың адам мінез-құлқына ықпалының әлеуметтік-мәдени факторлары, қоғамды цифрландыру жағдайында ауытқулардың әлеуметтік-саяси аспектілері, адамға қарсы бағытталған негізсіз айыптаулар мен қауіп төндіретін ақпараттар, адамның осы қоғамды немесе адамды жек көруіне себеп болатын әрекеттер, кибербуллингтің еліміздегі заманауи түрлерін зерделеу, жеке психологияға әсер ететін ақпаратты жинау (әртүрлі күйзеліске ұшыраған немесе түсініксіз сезімдегі адамдар үшін жағымсыз немесе қисынсыз ақпарат ағыны одан әрі күйзеліске және моральдық-этикалық жағымсыз әрекеттерге әкелуі мүмкін), «Жаңа Қазақстандағы» адамның болмыстық негіздерінің өзгеру себептерін зерттеу, жастар арасындағы девиантты мінез-құлық факторларын анықтау; этникалық мәдени кодтарға және тұлға параметрлеріне қатысты маркерлерді белгілеу; ақпараттық қоғам жағдайында діни экстремизм мен ауытқудың жаңа түрлерінің арақатынасын анықтау т.б.

Қазақстандағы мәдени девиация – дәстүрлі құндылықтар, жаһандануның ықпалы және посткеңестік елдердегі «өзгерістер» арасындағы өзара әрекеттестікті көрсетіп отыр. Бұл үрдістер әсіресе, жастар арасында байқалады және қоғамдық пікірдің поляризациясына әкеліп соғады. Қазіргі қазақ қоғамындағы мәдени девиациялар мән берсек, «қалалық» жастардың глобализацияға ұмтылуы, ол негізінде космополиттік идеяларға толы ойлармен байланысты. Негізінде «әлем азаматы» позициясын ұстанатын бұл жастарға ұлттық құндылықтар ешқандай мәнге ие болмайды. Олар батыс стиліндегі киім, музыка, тілдік слэнгтерді пайдаланады. Ал әлеуметтік желілердің ықпалы оларды шетелде оқу немесе жұмыс істеуге үгіттейді. Бұл шындығында «жетілмеген батыстану» деп танылады. Кейінгі кезде Қазақстанда «некеге деген көзқарастың» өзгеруін байқауға болады, оның көрінісі ретінде кеш некелесу, ажырасулардың өсуі және «азаматтық некелердің» көбеюін жатқызуға болады. Оның негізі себебі экономикалық тұрақсыздық пен жеке еркіндік идеалдарының тым әсіре насихатталуы болып отыр. Ал, дәстүрлі қоғам діни қоғам «отбасы құндылықтарының төмендеуінің» салдары ретінде таниды. бұның логикалық нәтижесі «DINK (Double Income, No Kids)» отбасылардың пайда болуын айтсақ

болады. Ол баласыз жұптардың санының артуын білдіреді, яғни, бала тәрбиелеудің қымбаттығын ескерсек және мансапқа басымдық берумен сипатталады. Ал, мемлекет бұл процессті демографиялық мәселе ретінде қарастырады. Бұл мәдени девиациялар дәстүрлі құндылықтармен қайшылық туғызады, бірақ қалалық ортада қабылданып, тіпті, дамып отырған динамика бар. Түркиямен салыстырғанда Қазақстанда ЛГБТ-қауымдастық жабық әрекет етеді, ашық шерулер өткізілмейді, бірақ жастар арасында қабылдау баяу болса да өсуде. Феминизмге келер болсақ әйелдердің кәсіби қызметтегі орнын арттыруға бағытталған бастамалар бар, қазірдің өзінде мансапты таңдаған арулар көп. Әлбетте, қоғамның консервативті бөлігі бұл тенденцияларды «батыс ықпалы» деп санайды. Сенім жүйелеріне келсек, жастар арасында атеизм және агностицизм өсуде, әсіресе бұл үрдіс ірі қалаларда байқалуда. Керісінше «діншіл» жастардың да үлесі көп, олар барлық сұрақтарды діннен іздеуді жөн көретін топтар, кейде ұлттық құндылықтарға байланысты сұрақтардың пайда болуының себебі осы. Дәстүрлі исламнан тыс «коучтер», «жетістікке тез жету», блогерлер қоғамда таныма, оларға қатысты қоғамда пікір екі ұдай, біріншілері ол да еңбек деп қарастырса, екіншілер бұны «алаяқтық» ретінде бағалайды.

Цифрлық мәдениетке келер болсақ, позитивті өзгерістер жоқ емес, мәселен мәдени мемдер, әзіл-сықақ арқылы қоғам сыны қазақ тілінде шебер жүргізіледі.

Негативті «бақылаусыз» киберспорт және геймерлік мәдениет жастардың өзіндік идентификация мәселесіне келеңсіз әсері бар. Сондай-ақ, фриланс жастар арасында танымал, бірақ Ресейдегідей белең ала қойған жоқ. Заңнамалық тұрғыда ЛГБТ «пропагандасына» қарсы заңдар әлі де жобалануда, ал діни экстремизмге қарсы шаралар қатарында «дәстүрлі қазақ құндылықтарын» насихаттау жолға қойылған. Оған дәлел «Наурызнама», ұлттық домбыра күні сынды мерекелер. Патриоттық тәрбие жүйесін нығайту аса маңызды, демографиялық динамика оң болғанымен де әлі де болса бұл бағыт шатқаяқтап тұрғаны белгілі. Осы тұрғыда болашаққа бағдар жасасақ, жастар арасындағы либералды тенденциялар, әсіресе қалалық ортада күшейе түсуде. Қоғамның поляризациясы, бөлінуі – дәстүрлі құндылықтар мен жаңашылдар арасындағы қақтығыс даму қаупі бар.

Еліміздегі андерграунд мәдениеттің дамуы – ресми идеологияға баламалар іздеуден басталады. Қазақстандағы мәдени девиация – глобализация мен ұлттық дәстүрлер арасындағы тепе-теңдікті немесе оның жоқтығын көрсетеді. Қазіргі жастар буыны өзгерістерді қаласа да, қоғамның дәстүрлі бөлігі бұған қарсылық білдіреді. Қазақстанда цифрландыру және интернеттің таралуы қоғамдық сананың трансформациясына әкеліп соқтырды, яғни, виртуальды өмірдің әсері әсіресе жастар буынында айқын көрініс тапқан. Бұл үрдісті келесі негізгі аспектілер арқылы қарастыруға болады: әлеуметтік қатынастардың виртуалдануы – Достық қатынастардың өзгеруі жастар арасында нақты кездесулердің орнын мессенджерлер (WhatsApp, Telegram) және әлеуметтік желілер (Instagram, TikTok) алып отыр. Бұдан шығатын «онлайн қарым-қатынас» феномены кеңінен тарады, бұл дәстүрлі үйлену әдеттерін өзгертуде. Нәтижесінде, отбасылық байланыстардың әлсіреуі ұрпақтар арасындағы қарым-

қатынас негізінен онлайн режимге ауысты (мысалы, видеоқоңырау арқылы). Сонымен қатар, жастар арасында «френд-зона» ұғымы кеңінен таралды, бұл отбасылық құндылықтарға әсер етуде. Мәдениет пен идентификацияның трансформациясы глобалды мәдениеттің ықпалынан болып отырғаны түсінікті, мысалы TikTok, YouTube және Netflix арқылы батыс мәдениетінің элементтері, мысалы, К-поп, американдық әндер кеңінен таралды. Жастар арасында «корей стилі» (K-beauty, K-fashion) өте танымал болды. Бұдан келіп қазақ ұлттық идентификациясының өзгеруі виртуальды кеңістікте қазақ тіліндегі контенттің азаюына әкелуде (ерекшелік Instagram және TikTok-та). Екінші жағынан «Қазақстандық TikTok-ерлер» феномены (мысалы, Бақытжан Тілеухан сияқты блогерлер) жастар арасында жаңа рөл үлгілерін қалыптастыруда. Ендігі жерде білім беру және кәсіби дамудағы өзгерістер онлайн білім берудің таралуы әсіресе COVID-19 пандемиясы кезінде дистанционды оқу кеңінен қолданылды, бірақ оның тиімділігі төмен деп табылды. Фриланс және цифрлық кәсіптердің өсуі жастар арасында SMM, веб-дизайн, программирование сияқты онлайн кәсіптер танымал болды. «Цифрлық көшпенділер» бізді де айналып өтпеді, олардың санының артуы Алматы және Астана жастарында басым.

Ал, психологиялық әсерлерге мән берсек заттық байланыстың әлсіреуі жастар арасында депрессия және үрейдің өсуі байқалады, ол «идеалды өмірдің» орын алмай жатқандығына байланысты. Қоғамда «дофаминға тәуелділік» сынды психикалық денсаулыққа әсер ететін үдеріс те бар. Ойын-сауықтың виртуалдануы киберспорттың дамуының кері әсерлері де бар. «Марафондық сериал көру» (binge-watching) феномены уақытты ұтымсыз пайдалануға әкеледі.

Қазақстандық қоғамның цифрлық трансформациясы виртуалды өмірдің күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналуына алып келді. Бұл феномен әлеуметтік қатынастарға, мәдениетке, экономика мен саясатқа кешенді әсер етеді. Қазақстанда тұтынушылық мінез-құлықтың, яғни консьюмеристік қоғамының орнығуының онлайн-шоппингтің Kaspi.kz және Wildberries қала тұрғындарының 40% дәстүрлі дүкендерін ауыстырды. Тауарларды қайтару «импульсті сатып алулар» салдарынан 25% -ға өскені белгілі. Сандық әдеттерге байланысты Netflix/Spotify жазылымы, жастардың жалақысының 15% дейін жұмсайды.

Кибербуллинг Қазақстанда, әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында маңызды әлеуметтік проблемаға айналып отыр. Ғылыми зерттеулер мен ресми дереккөздерден негізгі деректерді келтірейік. Мәселенің ауқымы ЮНИСЕФ деректері бойынша Қазақстан (2021):

- Қазақстандық оқушылардың 22% -ы кибербуллингке ұшыраған.
- 7% тұрақты түрде (айына 2-3 рет) зақымданған.
- Қыздар ұлдарға қарағанда 15% жиі зардап шегеді.
- Кибербуллинг оқиғаларының 68% WhatsApp және Instagram-да болады.
- Зардап шеккендердің 45% мәселесі туралы ешкімге хабарламайды.

Негізгі нысандар (ҚР Ұлттық құқықтық статистика орталығын жіктеу бойынша):

- Қорлау (43% жағдай);

- Жеке деректерді тарату (27%);
- Жалған аккаунттар (18%);
- Қауіп-қатерлер (12%).

Қауіпке бейім топтарына мән берсек:

- 12-17 жас аралығы – жоғары-әлеуметтік желілердегі белсенділік, психологиялық осалдық;
- ЛГБТ жастар – өте жоғары – консервативті қоғамдағы стигматизация;
- Мүгедектігі бар балалар – орташа (21%) – оқшаулау, онлайн қарым-қатынасқа тәуелділік. Ал, психологиялық салдарын Қазақ ұлттық медицина университетінің зерттеуі (2021) бойынша:
 - Кибербуллинг құрбандарының 38% депрессия;
 - 29% алаңдаушылық;
 - Үлгерімнің 40% төмендеуі;
 - 15% суицидтік ойлар (ЛГБТ + жасөспірімдер арасында - 25% дейін);

Енді құқықтық реттеуге келсек: ҚР заңдары: ҚР ҚК 145-бабы («Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу») - төтенше жағдайларда қолданылады. 130-бап («Қорлау») - 100 АЕК-ке дейінгі айыппұл, «Балаларды қорғау туралы» заң (2021) - мектептерді кибербуллингке ден қоюға міндеттейді. Негізгі проблема істің тек 3% -ы ғана сотқа жетеді (Бас прокуратураның мәліметтері, 2023).

Алдын алу бағдарламаларын қарастырсақ, тиімді практикалар (ЮНЕСКО деректері бойынша, 2023 жылы енгізілді: сандық қауіпсіздік бойынша мектеп курстары (Нұр-Сұлтан және Алматы мектептерінің 15% -не енгізілген).

111 сенім телефоны (ай сайын 500 + өтініш қабылдайды). Бот @stopbullyingkz _ bot Telegram - анонимді кеңестер.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстандағы мәдени құндылықтардың дағдарысы орын алуда. Қазақстан қоғамында дәстүрлі мәдени құндылықтардың бұзылуы 21 ғасырда ерекше айқын көрініс тапқан күрделі әлеуметтік-мәдени феномен. Бұл дағдарыс глобализация, цифрландыру және посткеңестік транзит процестерінің әсерінен қалыптасып отыр. Дағдарыстың негізгі көріністеріне зер салсақ:

Тілдік идентификацияның әлсіреуі:

- ЮНЕСКО мәліметі бойынша (2023), қазақ тілінде сөйлейтін жастардың үлесі 1991 жылғы 72%-дан 2023 жылғы 58%-ға дейін төмендеген;
- Қалалық жастар арасында қазақша-орысша-ағылшынша үштілік кодының ауысымының таралуы (ҚазҰУ зерттеуі, 2022);
- Ұлттық дәстүрлердің маргинализациясы;
- Қазақтың дәстүрлі той-мәселерінің коммерцияландырылуы (65% жастар «қыз ұзатуды» TikTok контенті ретінде қарастырады - Bilim Foundation, 2023);
- «Қонақасы» дәстүрінің қалалық ортада жоғалуы (1990 жылдармен салыстырғанда 47%-ға азаю - Этномәдениет институты, 2021 жылы дерегіне сәйкес, қазақ мәдениетінің мәдени кодынында сақталған қонақ күту, кісі сыйлау дәстүрінің деформацияға ұшырауы сынды девиациялық түсінік бар. Шын мәнісінде, қонақ күту тек дастархан жайып, ас тарту емес, терең этикалық мәселелерді қамтитын тәрбиелік мәнге ие мәселе.

Осы тұса, соңғы жылдары қазақстандық қоғамның «дертіне» айналған ойынкұмарлық, яғни, «лудоманияға» мән берсек, бұл құбылыс тікелей тұлғаның өз еркімен девиацияға ұшырауға апаратын төте жолы. Заманауи ғылымда ойынкұмарлық патологиясын зерттейтін бірнеше терминдер бар. Ең алдымен, осы ойынкұмарлық пен лудомания терминдерінің қатар қолданылуына мән берсек, екеуінің де негізінде ойын деген құмарлық жатыр. Белгілі бір деңгейде бұл терминдер психологияға тән, тұлғаның өзін-өзі құртуға шарасыздан әкелетін ойынға деген құмарлықтың патологиялық формасы.

Сонымен қатар, бұл терминдердің ағылышын тіліндегі баламасы да бар, ол гемблинг деп аталады, яғни, *to gamble* – ұтыс үшін құмар ойын ойнау дегенді білдіреді [119]. Тұлғаға әсер етуші зиянды тұсын анықтау мақсатында оны «патологиялық гэмблинг» деп атайды, бұл толық қанды мәдени девиация деуімізге болады. Бірақ, әлеуметтанушылардың «қалыпты гэмблинг» деп таныған форма бар, ол тұлғаның күнделікті өмірдің қиындықтарынан шаршар, демалу мақсатында құмар ойын ойнау түрін айтады.

Тұлғаның осы девиация түрін зерттегенде «аддикция» деген тағы бір терминді қолданамыз, яғни, тұлғаның белгілі бір деструктивті әрекет жасауға деген қажеттілігі. Лудоман тұлға өзінің іс-әрекетіне ешқандай есеп бере алмайтын, өмірлік құндылықтары мен принциптеріне деген немқұрайлы қарайды. Ал, аддикция тұлғаның эмоцияларымен ойнайтын форма. Сонымен қатар, бұл мәдени девиацияның «химиялық аддикция» атты түрі де бар, ол есірткі, синтетикалық ішімдіктің әсерінен болатын әрекеттер жиынтығы. Айтылған терминдерге белгілі бір қорытынды жасап көрелік, құмар ойын ойнау – адам баласына тән қажеттілік, бұл құбылыс оны бала кезінен елітеді, әлемге деген көзқарасын қалыптастырады әрі оның әлеуметтенуіне тікелей әсер етеді [120]. Адам баласының, ересектің ойынға деген ұмтылысының шектен тыс болуы, оны өзі бақылай алмаған жағдайда ол «патологиялық гэмблингке» айналады. Бұл этапта адам баласының қалыпты өмірі, құндылықтар жүйесі дағдарысқа ұшырайды, туған-туысқанынан айырылады. Лудоманның барлық ойы тек келесі ойын үшін ақша табумен ғана шектеледі, ешқандай кәсіби не мансап туралы ой болмайды. Негізгі идея әр жаңа тігілген ақша көлемі ұлға беруінің себебі бұрын ұтылған сомманы түгел қайтарып алу. Жеңілген сайын бұл құлшыныс арта түседі.

Бұл сипаттағы іс-әрекеттер адамның әлеуметтік мүмкіндіктері мен міндеттерінен айырып, оны әлеуметтік аутсайдерге айналдырады. Бұл ойынкұмарлықтың патологияға айналған формасының көрінісі. Осы лудоманияға тән белгілерге тоқталсақ:

- Құмар ойындарға үлкен тәуелділік;
- Бәске тігілетін соманың өсуі мен ойындар арасындағы үзілістің азаюы;
- Өзін-өзі бақылаудан айырылу;
- Деәлеуметтену [121].

Заманауи лудоманияға иән ойындарға келсек, лоторея, ойын автоматтары, букмекерлік кеңселер және онлайн казинолар. Осы ойындардың бәрі 1990 жылдары бұрынғы кеңестік елдерге кеңінен тарады, ол деидеологизация,

жұмыссыздық, экономикалық дағдарыс, өмір құндылықтарының жоғалуы сынды аномиялық процесстердің әсері. Бұл қоғамының фрустрациялық ойларының жалғыз қанағаттандыру жолы болып табылды. Лудоманияның дамуының белгіді механизмдерін зерттеу барысында келесі факторлар байқалды [122]:

- Қоршаған орта факторы – көшелердегі букмекерлік кеңсе жарнамасы, ойын орындарының көп болуы, тым арзан интернеттің қол жетімді болуы;

- Мотивациялық фактор, лудоманның екі түрі болады, «көшбасшы лудоман» негізі өзін қоршаған ортаға өзінің қаншалықты тәуекелге бара алатыны және ұтыс арқылы өзінің беделін көтеру ға тырысады, «шындықтан қашатын лудоман» ойындар арқылы өзіне жаңа эмоция алып, қоршаған орта табады, ол ата-анасынан ала алмаған жылықты ойындар мен ұтыс арқылы компенсация жасауға тырысады;

- Отбасылық фактор – ата-анасының болмауы немесе біреуінің болмауы, отбасында материалдық құндылықтардың культі, әлімжеттік көру [123];

- Өзіндік фактор бойынша адам баласы өзіне деген қоршаған ортаның еш маңызының болмауы және ойынға деген құмарлығының шектен тыс болуы;

- Экономикалық фактор – аяқ астынан байып кету мүмкіндігі және процестен ләззат алу мүмкіндігі.

Ойынға деген тәуелділіктің бірнеше кезеңдері бар:

- Дайындық кезеңі – адамының өзіне деген негізсіз сенімділіктің артуы, айналасындағыларға деген сенімсіздік, ойыннан тыс кезеңдегі мазасыздық;

- Ұтыс кезеңі – адам қойған бәстерінің шығуы оның сәттілікке ие екеніне сенімділігі артып, соманы үлкейте беру;

- Ұтылыс кезеңі – сәттіліктен айырылып, көп көлемдегі ақша ұтылады, тоқтаудың орнына айналасындағы адамдарды алдап, жаңа ойынға кіру үшін қарыздар алады, оларды қайтармайды, әлеуметтік міндеттері жайында ұмытады;

- Көңіл қалу кезеңі – адамының отбасынан айырылуы, достарының кері айналуы, депрессия мен суицидалды ойлардың пайда болуы;

- Амал жоқ кезеңде адам баласы үмітінен айырылып соңғы ойындарын ойнайды, сол қалпы өмірмен де қоштасады.

Аталмыш кезеңдердің уақыты әртүрлі болады, ғалымдардың айтуынша бұл кезеңдер 1,5 мен 3 жыл арасында өрбиді деп көрсетеді. Сонымен қатар, бұл патологиядан жазылу кезеңдері де бар:

Дағдарыс уақытында ұйқы мен физиологиялық қажеттіліктер өз орнына келеді. Қайта қалпына келу уақытында әлеуметтену процесіне қайта айналып келеді, тұрақты және дұрыс реакциялар пайда болады. Ұлғаю уақытында адамның ойынға деген қажеттілігі төмендейді, жаңа әлеуметтік мақсаттар қойыла бастайды [124].

2022 жылғы төртінші мамырда Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бала құқықтарын қорғау, білім беру, Ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Бұл заң Сенатқа 2022 жылдың наурызында келді. Facebook, Instagram, YouTube, Telegram,

WhatsApp және басқа да әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің қазақстандық интернет-кеңістікте болуына қауіп төндіретін түзетулер туралы қыркүйек айында айта бастады. Қазақстандықтар әлеуметтік желілерді бұғаттау туралы заң жобасына енгізілген түзетулерге қарсы петиция бастады. Астана мен Алматыда заң жобасын пысықтауға қайтару үшін митингілер өтті. Наурызда Мәжіліс депутаты Айдос Сарым Қазақстандағы әлеуметтік желілер кибербуллинг туралы түзетулер қабылданғаннан кейін бұғатталмайтынына кепілдік берді. Оның айтуынша, депутаттар түзетулерді қабылдау кезінде жұртшылықтың пікірін ескерген. 14 сәуірде сенаторлар кибербуллинг туралы даулы заң жобасын Мәжіліске пысықтау үшін қайтарды. Сенат депутаты Бейбіт Исабаев Қазақстандықтардың даулы реакциясын тудырған барлық нормалар алып тастайтынын айтты. Саясаткер сендіргендей, бірде-бір әлеуметтік желі бұғатталмайды. 20 сәуірде Мәжіліс Сенаттың «Әлеуметтік желілерді бұғаттау» деп аталатын заң жобасына енгізген өзгерістерімен және толықтыруларымен келісті. Осылайша, құжат жалпы парламент қабылдаған болып саналады.

ҚР жоғары білім және ғылым министрлігі «Ашық НҚА» порталында кәмелетке толмағандар арасында буллингтің алдын алу қағидаларын бекіту туралы бұйрықтың жобасымен бөліскеннен кейін кейбір қазақстандықтар осындай бұйрық жобасы балаға қатысты қорқытудың (қорқытудың) алдын алу және анықтау жөніндегі қызмет тәртібін айқындайды. Баланы қорқытудың (қорқытудың) алдын алуға, алдын алуға бірыңғай тәсілдерді қалыптастыру мақсатында әзірленді, – делінген құжатта.

Қазіргі цифрлық қоғам біртіндеп «тірі» кеңістік пен уақыттағы байланыстан әлемнің жеңімпаздары мен жаулап алушылары ретінде Интернет желісінде болуға ауысады деген әсер бар. Осылайша, Кибербуллингтің алдын алу үшін, өзіңізді және жақындарыңызды Интернет желісіндегі қауіптерден барынша қорғау үшін балалар мен жасөспірімдер таңдалған жағдайға байланысты кибербуллингке қатысушылардың девиантты мінез-құлқының ақпараттық көрінісі саласындағы білімдері мен дағдыларын үнемі жетілдіріп отыруы керек, бұл үшін рөлдер қажет:

1. Мүмкіндігінше құпиялылықты сақтаңыз, жеке деректеріңізді хабарламаңыз.
2. Бейтаныс адамдарға өз парақшаңызға кіруге рұқсат бермеңіз.
3. Интернетте жарияланған ақпаратты қадағалаңыз.
4. Біреуді ренжітуі мүмкін суреттері бар хабарламалар жібермеңіз.
5. Қорлауға жауап бермеңіз және кек алмаңыз.
6. Агрессорды блоктаңыз немесе есептік жазбаңызды өшіріңіз.

Сонымен қатар, жасөспірім үшін ата-аналар балалардың психологиялық жағдайы, олардың проблемалары, күтулері және онлайн белсенділігі туралы хабардар болған кезде отбасындағы сенімді қарым-қатынас өте маңызды. Жалпы білім беретін мекемелерде психологтар мектеп оқушыларының мінез құлқының деструктивті нұсқаларын анықтауы керек, жәбірленушімен және агрессормен ғана емес, сонымен қатар оқушылардың немесе студенттердің барлық топтарымен ақпараттық-профилактикалық антибуллингтік іс шаралар мен

әңгімелер өткізу. Қазіргі ғылыми зерттеулер жасөспірімнің белгілі бір субмәдениеттерге қатысуы мен психологиялық проблемалардың, девиантты мінез-құлықтың және психоәлеуметтік дезадаптация белгілерінің болуы арасындағы байланысты көрсетеді. Жасөспірім кезінде қарым-қатынас қоршаған әлем және басқа адамдармен қарым-қатынас туралы ақпарат алудың маңызды және нақты арнасы ретінде адамның жеке басының қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Кибербуллинг жасөспірім кезінде бұл баланың жеке даму ерекшеліктерімен делдал болатын әлеуметтік эксперимент әдісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл еңбекте кибербуллингтің мәдени девиация ретінде қарастырылуы, оның жас ұрпаққа тигізетін әсері мен қоғамның әлеуметтік құрылымына келтіретін зиянды салдары жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, кибербуллингтің алдын алу мен реттеу бойынша ұсынылатын тиімді шаралар кешені ұсынылды. Талқылаулар мен зерттеулер нәтижесінде мынадай қорытындылар алынды:

1. Кибербуллинг жастар арасындағы жай ғана субкультуралық үдеріс емес, қазіргі заман үшін маңызды және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қажетті мәдени девиациялық үдеріс болып табылады. Мәдени девиацияны зерттеушілер оның пайда болуы, бағыттары мен түрлері мәселесін зерделеген – бұл мәдени девиациялардың алдын алуға қажетті практикалық іс-шараларды дайындауға ықпалдаса алады. Қазіргі ақпараттық қоғамның қарқынды дамуы мен цифрландыру үрдістері кибербуллингтің жаңа және қауіпті формаларын туындатты. Кибербуллингті мәдени девиация ретінде қарастыру оның тек жеке тұлғаларға ғана емес, тұтас қоғамға әсер ететінін көрсетеді. Мәдени девиация теориясы бойынша, егер агрессия, қорқыту және кемсітушілік сияқты мінез-құлықтар әлеуметтік ортада қалыпты құндылық ретінде қабылданса, олардың таралуы заңды процесс болып көрінеді. Кибербуллингтің кеңеюі, әсіресе жастар арасында, әлеуметтік және психологиялық құрылымдардың өзгеруі мен әлсіреуінің нәтижесі болып табылады. Ал Роберт Мертонның стрестік теориясы қоғамдағы мақсаттар мен жетістікке жету жолдарының арасындағы алшақтықты сипаттайды. Цифрлық қоғамда жастар үшін әлеуметтік мәртебе мен жетістікке жетудің жолдары шектелгенде, олар агрессия мен қорқыту арқылы назар аударуға, күйзелістерді жеңуге немесе әлеуметтік статусты арттыруға тырысады. Бұл мәселе кибербуллингтің мәдени девиация ретінде пайда болуын айқындайды, себебі жастар өз мақсаттарына жету үшін қоғамда қабылданған жолдар мен мүмкіндіктерді таба алмай, бұзушылықтарға ұрынады. Сонымен қатар Эмиль Дюркгеймнің аномия ұғымы да кибербуллингтің таралуына қатысты маңызды түсінік береді. Аномия – бұл әлеуметтік нормалардың әлсіреуі мен дағдарысы, қоғамдағы моральдық құндылықтар мен ережелердің әлсіреуі. Кибербуллингті аномия тұрғысынан қарастырғанда, интернет кеңістігіндегі қарым-қатынастарда нақты әлеуметтік ережелердің болмауы немесе әлсіз орындалуы жастардың агрессивті мінез-құлыққа бейімділігін арттырады. Бұл мәдени құрылымдардың бұзылуы мен әлеуметтік нормалардың әлсіреуі кибербуллингтің қалыптасуына мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ кибербуллингтің мәдени ортада агрессия мен қорқытуның қалыпты және қабылданған құндылық ретінде қабылдануы оның кеңінен таралуына ықпал етеді. Әлеуметтік желілер мен онлайн қауымдастықтарда агрессия мен қорқыту кейде қалыпты және қабылданған мінез-құлық ретінде қарастырылса, бұл оның таралуын әрі заңсыз әрекеттердің әлеуметтік бейімделуін қалыптастырады. Осылайша, кибербуллингтің таралуы белгілі бір мәдени және субмәдени ортаның құндылықтары мен нормаларының әсерінен табиғи құбылыс ретінде қабылданады. Яғни, кибербуллингтің мәдени девиация ретінде сипатталуы оның

әлеуметтік, психологиялық және мәдени әсерлерін түсінуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік құрылымдардың әлсіреуі, мәдени құндылықтар мен моральдық нормалардың өзгеруі, сондай-ақ агрессия мен қорқытуның қоғамда қалыпты құндылық ретінде қабылдануы кибербуллингтің таралуына себепші болады. Сондықтан бұл құбылысты реттеу мен алдын алу үшін мәдени, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан кешенді шаралар қабылдау қажет – ол үшін бұрынғы және жаңа формаларын, оның пайда болу себептеріне кешенді зерттеулер жүргізу қажет.

Кибербуллингті мәдени девиация ретінде қарастыру оның әлеуметтік құрылымдар мен мәдени нормаларға қандай әсер ететінін айқындап, оның таралуының терең себептерін түсінуге мүмкіндік береді. Мертонның стрестік теориясы мен Дюркгеймнің аномия ұғымы кибербуллингтің мәдени ортада қалыптасуын және оның таралуының қоғамдағы әлеуметтік мақсаттар мен нормалармен үйлесімсіздігін көрсетеді. Әлеуметтік желілер мен цифрлық кеңістікте агрессия мен қорқытуның қалыпты мінез-құлық ретінде қабылдануы оны жастар арасында таратуда маңызды рөл атқарады. Осылайша, кибербуллингтің мәдени девиация ретінде сипатталуы оның тек жеке мінез-құлық емес, тұтас қоғамның әлеуметтік және мәдени құрылымдарындағы өзгерістердің бір көрінісі болып табылады.

2. Зерттеу кибербуллингтің мәдени девиация ретінде пайда болуын терең талдай отырып, оның әлеуметтік және психоэмоционалдық салдарын нақты көрсетті. Бұл құбылыс ақпараттық қоғам мен цифрландырудың нәтижесі ретінде, жасөспірімдер мен жастар арасында әлеуметтік нормалар мен мінез-құлықтың өзгеруімен тығыз байланысты. Әлеуметтік желілер мен интернет алаңдарында агрессия мен қорқыту сияқты әрекеттердің қалыпты қабылдануы қоғамның моральдық құрылымдарына теріс әсер етеді, бұл кибербуллингтің таралуын одан әрі күшейтеді. Кибербуллингтің мәдени девиация ретінде қарастырылуы оның таралуын түсінуге және алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан жағдайында ұлттық тәрбиенің рөлі маңызды болып табылады. Қазақтың дәстүрлі құндылықтары, әсіресе «жеті ата» сияқты отбасылық жауапкершілікті қалыптастыру, қазіргі цифрлық ортада кибербуллинг сияқты мәселелерді шешуге бағытталған тиімді құрал ретінде қызмет етеді. Заңнамалық өзгерістер, оның ішінде балалардың құқықтарын қорғау туралы қабылданған заңдар, кибербуллингпен күресте маңызды рөл атқарады. Алайда, заңдардың түсініктілігі мен нақты анықтамалары қажет, себебі «қауіпті ақпарат» және «буллинг» ұғымдарының анық еместігі заңды қолдануда қиындықтар туғызуы мүмкін. Сонмен қатар кибербуллингтің алдын алу үшін оқыту бағдарламаларын жетілдіру, ата-аналар мен педагогтерді ақпараттандыру, балаларға психоэмоционалдық қолдау көрсету маңызды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен интернет платформаларында зиянды контентті жою және кибербуллингке қарсы жасанды интеллект құралдарын қолдану қажет. Бұл шаралар балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, заңсыз әрекеттерді азайтуға мүмкіндік береді. Яғни, кибербуллингті тиімді түрде тоқтату үшін құқықтық, педагогикалық және технологиялық әдістердің кешенді

жүйесі қажет. Ұлттық тәрбиенің мәні мен маңызын ескере отырып, бұл шаралар қоғамның моральдық негіздерін нығайтып, жас ұрпақтың психоэмоционалдық әл-ауқатын сақтауға мүмкіндік береді.

3. Мәдени девиациялық күй – қоғамның психологиялық-әлеуметтік келбетімен қатар, мәдени үдерістер, технократия, мораль, құндылықтар және олардың трансформациясына да тәуелді. Қазақстанның дәстүрлі мәдениеті мен ұлттық тәрбиелік құндылықтары қазіргі қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылық пен жастардың адамгершілік дамуында маңызды рөл атқарады. «Жеті ата» дәстүрі және төзімділік, құрмет ұстанымдары ұрпақ сабақтастығын сақтап, зорлық-зомбылыққа қарсы иммунитет қалыптастырады. Ұлттық тәрбиелік бағдарламалар, мысалы, «Адал азамат», жастарды моральдық құндылықтарға тәрбиелеп, қоғамда үйлесімді өмір сүруге баулиды. Цифрландыру мен виртуалды кеңістік дәстүрлі құндылықтардың дамуына жаңа мүмкіндіктер мен сын-қатерлер әкелуде. Бұл жағдайда ұлттық тәрбие жүйесі өзекті болып қала береді, бірақ оны виртуалды кеңістікте үйлестіру мен жастарға моральдық құндылықтарды беру жаңа тәсілдерді талап етеді. Әлеуметтік желілер мен интернетте мінез-құлық нормаларын қалыптастыруда ұлттық тәрбиенің рөлін күшейту қазіргі ақпараттық қоғамда маңызды міндет болып табылады. Яғни, ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің дәстүрлі негіздері цифрлық қоғамда да өзектілігін сақтап, жастарды әлеуметтік аномалиялар мен зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталуы тиіс. ҚР мәдени девиация туралы зерттеулер девиациялық беталыстарды зерттеумен қатар, оның алдын алудың өзіндік нормативтерін құқықтық-заңдық, мәдени құндылықтар мен тұлға қалыптастыру бойынша тұрақтандыру мәселесін алға қойды.

4. Кибербуллингтің критериилері мен технологиялары: флейминг, киберхаррасмент, гриферлер, троллинг, китберсталкинг, жала жабу т.б. қазіргі қоғамдағы өріс алып отырған динамикасы статистикалық-әлеуметтанулық зерттеулер көрсеткендей, алаңдатарлық ахуал болып табылады. Оның пайда болуы, әсіресе, жасөспірімдер арасында әрқилы форматтарда көрініс табуы отбасындағы және қоғамдағы өзгерестерді қатар қарастыру қажеттігі туралы тұжырым жасалды: олардың детерминациялары да психологиялық-әлеуметтік мінез-құлықтан туындайды. Кибербуллингті психоаналитикалық және экзистенциалық тұрғыдан қарастыру қажеттігі оны тікелей зорлық-зомбылық қана емес, виртуалды-реалды әлемдегі агрессиялық климат ретінде тануды қажет ететіндігі пайымдалды. Ал олардың жаңа модельдерінің пайда болуы кибермәдениеттегі, цифрлық қоғамдағы, стратегиялық масштабтағы әрқилы факторларға қатысты нақты агрессор субъектінің өзіне үңілуді қажет етеді. Сондықтан да, ата-ана, куәгер, жәбірленуші жақ, цифрлық сауаттылық т.б. жаңа мәселелерді туындатады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам мен цифрландырудың қарқынды дамуы кибербуллингтің ғаламдық деңгейде кең таралуына себепші болды. Бұл құбылыс, әсіресе жасөспірімдер мен мектеп оқушылары арасында, олардың психоэмоционалдық дамуына және әлеуметтік қарым-қатынастарға теріс ықпал етеді. Әлемдік ұйымдар мен халықаралық зерттеулердің мәліметтеріне сүйенсек,

кибербуллингтің құрбаны болған балалардың саны айтарлықтай жоғары, бұл құбылыстың ауқымдылығын және оның теріс әсерін нақты көрсетеді. Әлеуметтік желілер мен интернет алаңдары арқылы жасөспірімдер арасында агрессия мен қорқыту мінез-құлқы қалыпты қабылданған құндылықтарға айнала отырып, әлеуметтік жүйелер мен мәдени құрылымдарға әсер етуде. Осы орайдан Қазақстанда да осы мәселелер айтарлықтай өткір күйде қалып отыр. UNICEF мәліметтеріне сүйенсек, қазақстандық оқушылардың едәуір бөлігі зорлық-зомбылыққа куә болып, оның құрбаны болуда, ал онлайн кеңістікте кибербуллингтің таралу деңгейі жоғары. Бұл деректер еліміздегі балалар мен жасөспірімдердің психоэмоционалдық әл-ауқатына теріс әсер етіп, олардың әлеуметтік бейімделуіне, өзін-өзі бағалауы мен тұлғалық дамуына айтарлықтай зиян келтіретінін көрсетеді. Ал кибербуллингтің таралу деңгейі қоғамның моральдық және мәдени құрылымдарының да бұзылуына әкелуде. Әлеуметтік желілер мен интернет платформаларындағы агрессия мен қорқыту, егер бұл құбылыс қалыпты әрі әлеуметтік қабылданған әрекет ретінде қабылданса, қоғамдағы моральдық құндылықтарды түбірінен өзгертуі мүмкін. Бұл әлеуметтік тұрақтылыққа және жастардың психоэмоционалдық жағдайына теріс ықпал етеді, сондай-ақ тұлғалық және мәдени кодтардағы маңызды өзгерістерге себеп болады. Сондықтан кибербуллингтің ғаламдық таралуы оның тек жеке тұлғаларға ғана емес, тұтас қоғамның әлеуметтік және мәдени құрылымдарына әсер ететінін айқын көрсетеді. Бұл құбылыстың терең әлеуметтік және психологиялық салдарлары оның зерттелуі мен реттелуінің қажеттілігін дәлелдейді. Осылайша, кибербуллингпен күресу үшін кешенді әрі жүйелі шаралар қабылдануы керек, бұл тек жеке тұлғалардың ғана емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге ықпал ететін маңызды қадам болады.

Сонымен қатар, кибербуллинге деген жаһандық көзқарас, Ресей, Түркия, Қытай мемлекеттеріндегі кибербуллингтің беталыстары және оларды зерттеу арқылы, нәтижесіне, онымен күресудің өзіндік бір нұсқаларын ұсынуға алып келді. Оларды былайша жинақтап көрсете аламыз:

- Құқықтық және әлеуметтік бастамалар: Қазақстандағы құқықтық өзгерістер мен әлеуметтік бастамалар кибербуллингті реттеу және алдын алу тұрғысынан маңызды қадамдарды қамтиды. 2022 жылы қабылданған «Балалардың құқықтарын қорғау туралы» заң балалардың интернеттегі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған, оның ішінде әлеуметтік желілерге балаларға қатысты заңсыз ақпаратты жою міндеттемелері енгізілген. Бұл заң интернет кеңістігіндегі балалардың психоэмоционалдық қауіпсіздігін қорғауды күшейтеді және кибербуллингке қарсы күрестің тиімділігін арттырады. Алайда, заңдағы «қауіпті ақпарат» және «буллинг» ұғымдарының анық еместігі құқық қорғаушылар мен сарапшылар тарапынан сынға алынуда. Бұл ұғымдардың дұрыс түсіндірілмеуі заңның орынсыз қолданылуына және сөз бостандығына шектеулер қоюға әкелуі мүмкін. Осы мәселелер құқықтық жүйедегі белгісіздіктерді туындатып, заңнамалық жетілдіру қажеттілігін көрсетеді., Қазақстандағы құқықтық өзгерістер балалардың интернеттегі қауіпсіздігін

қорғауда маңызды қадамдар болып табылады, бірақ заңнаманың кейбір тұстарын нақтылау қажет. Әлеуметтік желілерде зиянды контентті жылдам жою бойынша талаптар қазіргі цифрлық қауіптерге тиімді жауап береді, бірақ құқықтық жүйе мен пікір бостандығын сақтау мәселелері заңнамалық жүйені жетілдіруді талап етеді;

- алдын алу шаралары мен ұсыныстар: Кибербуллингпен күресте тиімді алдын алу шараларының жүзеге асырылуы заңнамалық, білім беру, технологиялық және әлеуметтік деңгейде кешенді тәсілдерді қажет етеді. Бұл шаралар балалардың интернетте қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оларға әлеуметтік және психоэмоционалдық қорғау беруге бағытталуы тиіс. Осыған байланысты, құқықтық, педагогикалық және технологиялық ұсыныстардың біріктірілген жүйесін енгізу маңызды;

- құқықтық ұсыныстар: Кибербуллингті тиімді реттеу үшін құқықтық негіздерді нығайту және жетілдіру маңызды. Алғашқы қадамдардың бірі – «буллинг» және «қауіпті ақпарат» ұғымдарының заңнамада нақты әрі түсінікті түрде анықталуы қажет. Бұл ұғымдардың анықтамаларын кеңейту, оларды нақты белгілеу және құқықтық қорғауды қамтамасыз ету құқықтық жүйенің айқындығын арттырып, құқық бұзушылықтардың алдын алу шараларының тиімділігін күшейтеді. Сонымен қатар, заңсыз мазмұнды жедел алып тастау тәртібін толық сипаттап, нақты уақыт аралығында жою тәртібін енгізу қажет. Бұл заңнама интернет-платформалар мен әлеуметтік желілер үшін нақты әрі түсінікті нұсқаулықтарды белгілейді, сол арқылы жауапкершілікті күшейтіп, балаларға зиян келтіретін контенттің таралуын азайтады;

- білім беру бағдарламалары: Білім беру жүйесінде цифрлық сауаттылықты арттыру мақсатында арнайы курстарды енгізу маңызды шара болып табылады. Бұл курстар оқушылардың интернеттегі қауіптерді түсінуіне, өздерін онлайн әлемде дұрыс қорғауға және зиянды контенттен аулақ болуға үйретеді. Сондай-ақ, мектептерде кибербуллингке қарсы арнайы оқыту бағдарламалары енгізілуі тиіс. Мысалы, Финляндияның ғылыми дәлелденген KiVa бағдарламасы балаларға буллингтің зиянды әсерлерін түсінуге және оны болдырмауға бағытталған. Мұндай бағдарламалар балалардың моральдық дамуына әсер етіп, оларға сындарлы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға көмектеседі;

- педагогтер мен ата-аналарға арналған тренингтер: Мұғалімдер мен ата-аналарға арналған тренингтер ұйымдастыру балалар мен жасөспірімдерге қатысты кибербуллингтің алдын алу бойынша маңызды қадам болады. Бұл тренингтер ата-аналарға балаларын интернетте қауіпсіздікпен қамтамасыз ету тәсілдерін, сондай-ақ кибербуллингке қатысты дағдарыс жағдайларында қандай шаралар қабылдауға болатындығын үйретеді. Мұғалімдерге арналған тренингтер интернеттегі қауіп-қатерлер мен оларды алдын алу жолдарын түсіндіріп, мектепте буллингтің алдын алу бойынша нақты әрекет жоспарын жасауға ықпал етеді. Бұл шаралар мұғалімдер мен ата-аналарды белсенді түрде балалармен диалог жүргізуге және олардың психоэмоционалдық ахуалын бақылауға мүмкіндік береді;

- технологиялық шешімдер: Қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен кибербуллингтің алдын алу шараларын дамытуда да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізуге болады. Әлеуметтік желілер мен платформаларда зиянды контентті анықтау және жою механизмдерін енгізу өте маңызды. Бұл мақсатқа жету үшін жасанды интеллект құралдарын пайдалану және олардың көмегімен қауіпті контентті автоматты түрде анықтап, жою жүйелерін қалыптастыру керек. Сонымен қатар, тәуелсіз комиссарлар институтын құру, олар әлеуметтік желілердегі барлық хабарламаларды бақылап, оларды тексеру арқылы кибербуллингке қатысты мәселелерді дер кезінде шешуге мүмкіндік береді. Бұл тәсілдер интернет кеңістігінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды виртуалды зорлық-зомбылықтан қорғауға мүмкіндік береді.

5. Кибербуллингпен күресте кешенді тәсілді жүзеге асыру – бұл құқықтық, педагогикалық және технологиялық шаралардың үйлесімділігіне негізделген жүйелі қадамдардың жиынтығы. Заңнамалық негіздерді жетілдіріп, кибербуллингке қарсы анық әрі айқын ережелерді енгізу, балаларға арналған арнайы оқыту бағдарламаларын іске қосу, ата-аналар мен мұғалімдерге тренингтер ұйымдастыру және технологиялық шешімдер арқылы әлеуметтік желілердегі зиянды контентті жоюды қамтамасыз ету қажет. Осы шаралар іске асырылған жағдайда кибербуллингтің таралуы айтарлықтай төмендеп, балалардың интернетте қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қоғамдық пікір қалыптастыру және тәрбие саласында: қоғамда зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру қазіргі заманғы әлеуметтік тұрақтылықтың негізі болып табылады. Ақпараттық қоғам мен цифрландыру дәуірінде БАҚ және цифрлық құралдар қоғамдық пікір қалыптастыру мен әлеуметтік нормаларды нығайтуда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтік желілер мен интернет-платформалардың ықпалы зорлық-зомбылықтың теріс салдарларын түсіндіру, құрметті қарым-қатынас жасау қажеттілігін насихаттау арқылы қоғамдық санада өзгерістер енгізуде шешуші факторларға айналды. Сонымен қатар цифрландыру мен жаһандану дәстүрлі мәдени құндылықтардың сақталуы мен дамуы үшін жаңа тәсілдер ұсынуда. Ұлттық тәрбие жүйесінің интернет кеңістігінде жаңғыруы оның заманауи талаптарға бейімделуін қамтамасыз ете отырып, жастардың мінез-құлқы мен әлеуметтік қарым-қатынастарына жаңа бағыт береді. Интернет пен әлеуметтік желілерде ұлттық құндылықтарды насихаттау, сондай-ақ жастарды моральдық-этикалық принциптерге тәрбиелеу зорлық-зомбылыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға және әлеуметтік ортаға бейімделуге ықпал етеді. Яғни, қоғамда зорлық-зомбылықсыз қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру және ұлттық тәрбиенің цифрлық кеңістікте жаңғыруы әлеуметтік тұрақтылықты нығайту мен жастардың тұлғалық дамуын қамтамасыз етеді. Цифрлық құралдарды пайдалану арқылы моральдық және әлеуметтік құрылымдарды нығайтуға, болашақ ұрпақтың психоэмоционалдық денсаулығын қамтамасыз етуге қол жеткізуге болады.

6. Кибербуллинг – өзін қорғау қиын жәбірленушімен байланыстың электрондық нысандарын пайдалана отырып, бір адам немесе адамдар тобы

жасаған агрессивті, қасақана, қайталанатын және ұзақ мерзімді әрекеттер. Кибербуллинг құбылысының таралуы және оның интернет-ресурстардың үздіксіз модернизациясына байланысты мүмкін болатын өзгерістері осы проблеманы медициналық-психологиялық зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Кибербуллинг ерекшеліктерінің психодиагностикалық құралдарының дамуының жетіспеушілігі қазіргі уақытта эмпирикалық және эксперименттік зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бермейді. Алайда, көрсетілген деструктивті процестерді анықтау үшін балалар мен жасөспірімдерге жүйелі сауалнама жүргізу қажет. Бұл эмпирикалық деректерді сенімді салыстыруға және жүйелеуге, сондай-ақ осы базада тиімді қарсы іс-қимыл бағдарламаларын әзірлеуге және кибербуллинктің алдын алу.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның динамикалық дамуы мен оның адам өміріне әсері әлемнің барлық салаларында елеулі өзгерістер тудырды. Цифрландыру мен жаһандану үрдістерінің қарқынды жүзеге асуы әлеуметтік құрылымдар мен мәдени нормалардың түбегейлі трансформациясына себеп болды. Бұл өзгерістер жаңа әлеуметтік құбылыстардың, соның ішінде кибербуллинктің пайда болуына әкелді. Кибербуллинг – бұл виртуалды кеңістікте орын алатын психологиялық және физикалық зорлық-зомбылықтың жаңа формасы, қазіргі қоғамның ең өткір мәселелерінің біріне айналды. Әлеуметтік желілер мен интернет-ресурстардың кең таралуы бұл құбылыстың кеңінен қанат жаюына, сондай-ақ жас ұрпақтың психоэмоционалдық дамуында және әлеуметтік қарым-қатынастарында теріс әсер етуіне себеп болды. Сондай-ақ ақпараттық қоғамның дамуы мен цифрлық технологиялардың кеңінен қолданылуы виртуалды кеңістікте көптеген жаңа мәселелерді тудырды. Әлеуметтік желілерде орын алатын зорлық-зомбылық әрекеттері мен қорлау балалар мен жасөспірімдер арасында олардың психологиялық күйіне айтарлықтай теріс ықпал етіп, жаңа девианттық мінез-құлықтардың қалыптасуына әкелуде. Интернеттегі зорлық-зомбылықтың таралуы, әсіресе, жас ұрпақтың өзін-өзі бағалау деңгейін төмендетіп, олардың әлеуметтік өміріне үлкен қауіп төндіреді. Бұл жағдай қазіргі ақпараттық қоғамдағы әлеуметтік және мәдени өзгерістердің тереңдігін және олардың ауқымын айқындайды. Сонымен қатар кибербуллинкті мәдени девиация ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан маңызды, өйткені бұл құбылыс өзінің әлеуметтік және психологиялық салдарлары арқылы қоғамдағы әлеуметтік тәртіптің бұзылуына себепші болуда. Мәдени девиация теориясына сәйкес, егер белгілі бір қоғамда агрессия, қорқыту және кемсіту мінез-құлқы қалыпты және қабылданған құндылықтар ретінде көрініс тапса, онда мұндай әрекеттердің таралуы заңдылыққа айналады. Бұл теория тұрғысынан кибербуллинкті зерттеу оның әлеуметтік нормалар мен моральдық құндылықтарға қаншалықты әсер ететінін, сондай-ақ құқықтық тәртіптің сақталуы мен қоғамдағы үйлесімділіктің қалпына келуі жолдарын айқындауға мүмкіндік береді.

7. Яғни, қойылып отырған мәселе бойынша зерттеу перспективасын былайша айқындауға болады:

- интегративті зерттеулер аясында мәдениеттанулық, әлеуметтанулық, психологиялық т.б. қатар: медициналық-терапиялық, психопатологиялық, заңнамалық-құқықтық ережелерді жетілдіру, ата-аналарға да андрагогикалық тұрғыдан ықпал ету жұмыстарын ұйымдастыруды да тереңірек зерттеу қажет. Кибербуллинг жастар арасында айтарлықтай белең алған жағдайда құқықтық норма талаптарын күшейту де қарастырылуы қажет;

- цифрлық қоғам жағдайындағы кибербуллинг технологиясының басқа да түрлерінің пайда болуы ықтималдылығына орай, олар болжамданып қана қоймай, алдын алу тетіктері де әзірленуі тиіс, яғни, кибербуллингтің болашақтағы көріністері зерделенуі қажет;

- жалпыадамзаттық мәселе ретінде, тек ересектер ғана емес, жастар мен жасөспірімдер арасындағы девиациялық мінез-құлықтарды жай ғана әлеуметтік ауытқулар емес, моральдік дағдарыстар ретінде арнайы зерттеулер де қажет – бұл «жастар арасындағы моральдік дағдарыстарды» белгілі бір әлеуметтік топтар ретінде емес, қоғам болашағы ретінде мәселе қоюға алып келеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Ossebayev Y., Gabitov T. Cultural transitions and dialogues in the Great Silk Road area: experience in preventing cultural deviations // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2021. – Т. 75. – № 1. – С. 61-73
- 2 Ossebayev Y. et al. The roots of the cultural deviation of Sufism in the ancient Turkic nomadic culture. Frontiers in Communication. – 2025. – Т. 10. – Б. 1
- 3 Ossebayev Y. The role of the philosophy of culture in limiting cultural deviation in the era of cyberbullying // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2022. – Т. 80. – № 2. – С. 4-13
- 4 Ossebayev E., Ghosh A. Айналмалы билер мәдени девиацияның алдын алушы ретінде // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2021. – Т. 77. – № 3. – С. 83-91
- 5 Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни // Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология. / Пер. с англ., нем., фр. Сост. и общ. ред. АН Красникова. М.: Канон. – 1998. – С. 808
- 6 Петровский А.В., Ярошевский М.Г. Основы теоретической психологии. – Издательский Дом «Инфра-М», 1998. – С. 528
- 7 Хайек Ф.А. Частные деньги // М.: Институт национальной модели экономики. – 1996. – Т. 11. – С. 229
- 8 Стиллман Д., Стиллман И. Поколение Z на работе // Как его понять и найти с ним общий язык. – 2018. – С. 273
- 9 Тищенко П.Д. Персонализированная медицина как феномен общества потребления (к вопросу о смысле персонализации) // Знание. Понимание. Умение. – 2017. – № 2. – С. 29-42
- 10 Поликанова Е.П. Социализация личности // Философия и общество. – 2003. – № 2. – С. 84-106
- 11 Ковалева А.И. Социализация // Знание. Понимание. Умение. – 2004. – № 1. – С. 139-143
- 12 Смородина М.С. Аномия общества и самоубийства // Мониторинг общественного мнения: экономические и социальные перемены. – 2006. – № 2. – С. 140
- 13 Кох И.А. Социальная аномия и социальное управление // Известия Уральского государственного университета. – 2006. – № 42. – С. 62-71
- 14 Маркова Е.В. Государство-общество-бизнес // Среднерусский вестник общественных наук. – 2006. – № 1. – С. 23-28
- 15 Вебер М. Хозяйство и общество: очерки понимающей социологии // Экономическая социология. – 2016. – Т. 17. – № 5. – С. 13-29
- 16 Сергиенко С. и др. Культурные девиации в контексте теории аномии: социологический анализ // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия: Регионоведение: философия, история, социология, юриспруденция, политология, культурология. – 2010. – № 1. – С. 91-95

- 17 Мацкевич И.М. Беловоротничковая преступность: старая теория в современной действительности // Современные проблемы уголовной политики. – 2015. – С. 3-13
- 18 Мертон Р.К. и др. К вопросу о диагностике, профилактике и коррекции девиантного поведения личности // Совершенствование профессиональной подготовки психологов для подразделений органов внутренних дел. М.: 2010. – С. 515
- 19 Zibareva O.V., Pidghirna V.N. Deviant economy socialization of regional social systems in the light of scientific thought // *Economie si Sociologie: Revista Teoretico-Stiintifica*. – 2012. – № 4. – С. 166-174
- 20 Моисеева Е. Социальная организация мира авторского кино в России // Европейский гуманитарный университет Центр перспективных научных исследований и образования (CASE), проект «Социальные трансформации в Пограничье: Беларусь, Украина, Молдова». – 2001. – С. 205
- 21 Радюкин Е.Е., Морозова О.А. Основные концепции девиантного поведения в зарубежных источниках // Вестник Санкт-Петербургского университета МВД России. – 2010. – № 2. – С. 228-232
- 22 Асламов Б.С., Самихов Б.С. Криминологические и социально-психологические проблемы девиантного поведения подростков и молодёжи в условиях трансформации общества // Труды Академии МВД Республики Таджикистан. – 2018. – № 2. – С. 153-157
- 23 Ломброзо Ч. Преступный человек (сборник). – Litres, 2012. – С. 352
- 24 Икромов С.А. Фрейд и его вклад в науку психология // *New modern researchers: modern proposals and solutions*. – 2024. – Т. 1. – № 2. – С. 43-48
- 25 Мертон Р.К. Социальная структура и аномия // Социология власти. – 2010. – № 4. – С. 212-223
- 26 Михалева К.Ю. Концепции моды в классической социологической теории: часть первая (г. Спенсер, г. Зиммель, Ж.-г. Тард) // Вестник Московского университета. Серия 18. Социология и политология. – 2011. – № 3. – С. 68-86
- 27 Комлев Ю.Ю. Теория стигматизации: генезис, объяснительный потенциал, значение // Вестник Казанского юридического института МВД России. – 2016. – № 2 (24). – С. 6-14
- 28 Клейберг Ю.А. Девиантное поведение: синтагма, онтология, эпистемология // Общество и право. – 2015. – № 1 (51). – С. 262-269
- 29 Змановская Е.В. Девиантология: (Психология отклоняющегося поведения): учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений // М.: Академия. – 2004. – С. 288
- 30 Майсак Н.В., Михеев С.В. Психологические особенности деформаций личности кадровых офицеров // Общество и право. – 2011. – № 1 (33). – С. 242-248
- 31 Soon-ok M. et al. Development of anthropological methodology in relationship between «Self and other» // Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии. – 2020. – Т. 72. – № 2. – С. 69-74

- 32 Габитов Т.Х. Национальная идея в контексте диалога культур // Вопросы философии. – 2013. – № 3. – С. 49-57
- 33 Фрейд З. Недовольство культурой // Фрейд. Психоанализ. Религия. Культура. – М.: Ренессанс. – 1992. – С. 65-134
- 34 Парсонс Т. Социальные системы // Вопросы социальной теории. – 2008. – Т. 2. – № 1. – С. 25-26
- 35 Соловьев Э. Ю. И. Кант: взаимодополнительность морали и права. – Федеральное государственное унитарное предприятие Академический научно-издательский, производственно-полиграфический и книгораспространительский центр Наука, 1992. – С. 216
- 36 Габитов Т., Мадалиева Ж. Заманауи Қазақстандағы этномәдени үдерістер және бірегейлену // Аль-Фараби. – 2022. – Т. 80. – № 4. – С. 62-74
- 37 Дюркгейм Э. Ценностные и «реальные» суждения // Социологические исследования. – 1991. – Т. 2. – С. 106-114
- 38 Лебон Г. Психология масс // Минск: Харвест. – 2000. – С. 230-231
- 39 Юхвид Е.Н. Социально-философский анализ информационнокоммуникативной системы общества в концепции М. Маклюэна // Маклюэн: диссертация... канд. филос. наук. – 2007. – Т. 9. – № 11. – С. 89-91
- 40 Габитов Т.Х., Молдагалиев Б., Жанабаева Д. Казахская культура в контексте традиционных цивилизаций Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2013. – Т. 16. – № 2. – С. 154-164
- 41 Дарвин Ч. Воспоминания о развитии моего ума и характера // Автобиография. М. – 1957. – С. 147-148
- 42 Хоркхаймер М., Адорно Т. Культурная индустрия. Просвещение как способ обмана масс. – Ad Marginem, 2016. – Т. 20. – С. 236
- 43 Плеханов И.Н. Культурфилософская концепция Т. Адорно в аспекте анализа современной социокультурной трансформации // Вызовы современного мира в рамках социально-гуманитарного знания. – 2023. – С. 65-67.
- 44 Элиаде М. Избранные сочинения: Миф о вечном возвращении; Образы и символы; Священное и мирское. – 2000. – С. 414
- 45 Белозерова А.В. Миф как «Система мышления и опыта» («Диалектика мифа» А.Ф. Лосева и «Истина мифа» К. Хьюбнера) // Вестник Московского университета. Серия 7. Философия. – 2013. – № 5. – С. 93-104
- 46 Портнов А.Н. Хосе Ортега-и-Гассет: от философии жизни к философии истории // Вестник гуманитарного факультета Ивановского государственного химико-технологического университета. – 2007. – Т. 2. – С. 86-104
- 47 Кадысова Р.Ж. Довоенная промышленная модернизация в Казахстане: историографические тенденции постсоветского периода // Вестник Томского государственного университета. – 2007. – № 297. – С. 122-127
- 48 Юсуп А., Жуматай С. Вклад академика М.К. Козыбаева в развитие отечественной исторической науки // Вестник Северо-Казахстанского Университета им. М. Козыбаева. – 2023. – № 4 (52.1). – С. 92-98
- 49 Сорокин П.А., Согомонов А.Ю. Человек, цивилизация, общество. – Изд-во полит. лит-ры, 1992. – С. 272

- 50 Мурат Х., Айдар А. Заманауи қазақ киносындағы неомифологизмдер интерпретациясы // Central Asian Journal of Art Studies. – 2023. – Т. 8. – № 4. – С. 133-150
- 51 Хантингтон С., Тойнби А. Вызовы и ответы. Как гибнут цивилизации. – Litres, 2020. – С. 292
- 52 Бабков В.В. Эволюция и генетика человека в контексте эпохи // ВИЕТ. – 1997. – № 1. – С. 76
- 53 Эшби У.Р. Введение в кибернетику. – Рипол Классик, 1959. – С. 432
- 54 Фрейд З. Тотем и табу. Психология первобытной культуры и религии. – Litres, 2018. – С. 224
- 55 Tokunaga, R. S. Following you home from school: A critical review and synthesis of research on cyberbullying victimization / R.S. Tokunaga // Computers in Human Behavior. – 2010. - № 26 (3). - P. 277–287
- 56 Аверкиева Е.В. Исследование стратегий совладания с кибербуллингом в молодежной среде: магистерская диссертация: дис. – б. и., 2020. – С. 105
- 57 Солдатова Г. В. и др. Пойманные одной сетью // Социально-психологический анализ представлений детей и подростков об интернете. М.: Фонд развития интернет. – 2011. – С. 176
- 58 Бочавер А.А., Хломов К.Д. XVI Конференция европейской ассоциации исследования подросткового возраста // Психологический журнал. – 2019. – Т. 40. – № 3. – С. 124-125.
- 59 Wolak J. Does online harassment constitute bullying? An exploration of online harassment by known peers and online-only contacts / J. Wolak, K. J. Mitchell, D. Finkelhor // Journal of adolescent health. – 2007. – Т. 41. – № 6. – P. 51-58
- 60 Wong D.S.W. Cyberbullying perpetration and victimization among adolescents in Hong Kong / D.S.W. Wong, H.C. Chan, C.H.K. Cheng, // Children and Youth Services Review. – 2014. - № 36. – P. 133–140
- 61 Willard, N.E. Cyberbullying and cyberthreats: Responding to the challenge of online social cruelty, threats, and distress / N. E. Willard // Research Press. – 2006. – P. 311
- 62 Walker C.M. An exploratory study of cyberbullying with undergraduate university students / C.M. Walker, B.R. Sockman, S. Koehn // TechTrends. – 2011. – Т. 55. – № 2. – P. 31-38
- 63 The world's first definition of cyberbullying [Electronic resource]. URL: <http://www.cyberbullying.ca/2019/02/25/cyberbullying-involves-the-use-of-information-and-communication-technologies-to-support-deliberate-repeated-and-hostile-behaviour-by-an-individual-or-group-that-is-intended-to-harm-others/> (Date of access: 19.05.2024)
- 64 Talgatkyzy D. Psychological features of the problem of bullying and cyberbullying in the field of education // Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе. – 2023. – С. 211-217
- 65 Williams K.D. Cyberostracism: effects of being ignored over the Internet / K.D. Williams, C.K.T. Cheung, W. Choi // Journal of personality and social psychology. – 2000. – Т. 79. – № 5. – P. 748

- 66 Guo S. A Meta-Analysis Of The Predictors Of Cyberbullying Perpetration And Victimization / Siying Guo // *Psychology in the Schools*. – 2016 – Vol. 53, №4 – P. 432-453
- 67 Литмен Р. Зигмунд Фрейд о самоубийстве // *Журнал практической психологии и психоанализа*. – 2003. – № 1. – С. 59-65
- 68 Фромм Э. Типы агрессии // *Психология человеческого агрессивности: Хрестоматия*. Сост. КВ Сельченко. – 1999. – С. 354-427
- 69 Юнг К.Г. Психология и поэтическое творчество // К.Г. Юнг // *Самосознание европейской культуры XX века: мыслители и писатели Запада о месте культуры в современном обществе*. – 1991. – С. 103-118
- 70 Хорни К. Невротическая личность нашего времени. – Litres, 2025. – С. 188
- 71 Козлова Е.А. Фрустрация как основа деструктивности // ББК 1 А28. – 2019. – С. 211
- 72 Шипова Л.В. Психологический анализ феномена агрессии в теории фрустрации // *Гуманитарные, социально-экономические и общественные науки*. – 2014. – № 4. – С. 283-285
- 73 Берковиц Л. Агрессия: причины, последствия и контроль. – ОЛМА Медиа Групп, 2002. – С. 512
- 74 Бобровникова Н.С. Подходы к изучению проблем агрессивного поведения и буллинга во взаимоотношениях подростков // *Исследовательский потенциал молодых ученых: взгляд в будущее*. – 2015. – С. 26-31
- 75 Франкл В. Человек в поисках смысла. – М.: прогресс. – 1990. – Т. 368. – С. 198
- 76 Углова А.Б., Богдановская И.М., Низомутдинов Б.А. Модель саморазрушающего поведения современной молодежи на основе синтеза биопсихосоциальной и киберпсихологической парадигм // *Перспективы науки и образования*. – 2023. – № 1 (61). – С. 432-450
- 77 Даль В.И. и др. Толковый словарь живого великорусского языка Владимира Даля. – Librairie des cinq continents, 1909. – С. 627
- 78 Кобзева О.В. Проявление копинг-поведения в юношеском возрасте // *Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология*. – 2011. – № 3. – С. 155-158
- 79 Анцыферова Л.И. Личность в динамике: некоторые итоги исследования // *Психологический журнал*. – 1992. – Т. 13. – № 5. – С. 12-25
- 80 Стеблянка Ю.В. Роль и значение защитных механизмов в процессе стрессоустойчивости // *Мир современной науки*. – 2011. – № 3. – С. 58-65
- 81 Lazarus R.S. Transactional theory and research on emotion and coping / R.S. Lazarus, S. Folkman // *Eur. J. Pers.* – 1987. – Vol. 1. – P. 141-169
- 82 Lazarus R.S. Stress, Appraisal and Coping / R.S. Lazarus, S. Folkman. – N.Y., 1984. – P. 218
- 83 Ortega R., Calmaestra J., Merchán J.M. Cyberbullying // *International journal of psychology and psychological therapy*. – 2008. – Т. 8. – № 2. – С. 183-192

- 84 Солдатова Г.У. Цифровая социализация в культурно-исторической парадигме: изменяющийся ребенок в изменяющемся мире // Социальная психология и общество. – 2018. – Т. 9. – № 3. – С. 71-80
- 85 Осадчая Г.И. Социология социальной сферы // Социальная политика и социология. – 2014. – Т. 2. – № 4-1. – С. 133-147
- 86 Баранов А.А. Копинг-стратегии подростка в ситуации кибербуллинга / А.А. Баранов, С.В. Рожина // Вестник Удмуртского университета. Серия «Философия. Психология. Педагогика». – 2016. – Т. 26. – № 2. – С.37-46
- 87 Белковец О.С. Феномен кибербуллинга среди подростков в социальных сетях / О.С. Белковец // Весці БДПУ. Серыя. – 2016. – Т. 1. – № 2. – С. 46-49
- 88 Вассерман Л.И. Методика для психологической диагностики способов совладания со стрессовыми и проблемными для личности ситуациями / Л.И. Вассерман и др. - СПб: НИПНИ им. В.М. Бехтерева, 2009. – С. 38
- 89 Жохова Н.Н. Влияние социальных сетей на поведение современной молодёжи / Н.Н. Жохова // Международный научно-исследовательский журнал «Успехи современной науки». - 2017. - Том 5, № 4. - С. 199-202
- 90 Антонов А.И. и др. Семейно-детный образ жизни: результаты социолого-демографического исследования // Москва: ИНФРА-М. – 2018. – С. 540
- 91 Juvonen J. Extending the school grounds–bullying experiences in cyberspace / J. Juvonen, E. F. Gross // Journal of School Health. – 2008. - №78. P. 496-505
- 92 Zych I., Farrington D.P., Ttofi M.M. Protective factors against bullying and cyberbullying: A systematic review of meta-analyses // Aggression and violent behavior. – 2019. – Т. 45. – С. 4-19
- 93 Сенько Т.В. Зависимость положения дошкольников в группе сверстников от форм их личностного поведения // Вопросы психологии. – 1991. – Т. 5. – С. 23-28
- 94 Усмонова Р.Н. Психологические особенности жертв кибербуллинга / Р.Н. Усмонова // Ученые записки Крымского инженернопедагогического университета. Серия: Педагогика. Психология. – 2017. – № 1. – С. 162-165
- 95 Беседы с искусственным интеллектом. Часть 2 <https://www.ipsos.com/ru-kz> (Date of access: 14.12.2024)
- 96 The world’s first definition of cyberbullying [Electronic resource]. URL: <http://www.cyberbullying.ca/2019/02/25/cyberbullying-involves-the-use-of-information-and-communication-technologies-to-support-deliberate-repeated-and-hostile-behaviour-by-an-individual-or-group-that-is-intended-to-harm-others/> (Date of access: 25.05.2024)
- 97 Poole S.P. The Experience of Victimization as the Result of Cyberbullying Among College Students: A Study of Demographics, Self-Esteem, and Locus of Control. [Electronic resource] / Poole S.P. URL: <http://scholarworks.sfasu.edu/etds/115> (Date of access: 14.12.2024)

- 98 How Does Peer Pressure Impact Bullying Behavior? [Electronic resource]. URL: <https://www.pacer.org/bullying/resources/questions-answered/peer-pressure.asp> (Date of access: 04.12.2024)
- 99 Motives Behind Why Kids Cyberbully [Electronic resource]. URL: <https://www.verywellfamily.com/reasons-why-kids-cyberbully-others460553#citation-1> (Date of access: 15.01.2025)
- 100 Дейнека О.С., Духанина Л.Н., Максименко А.А. Кибербуллинг и виктимизация: обзор зарубежных публикаций // Перспективы науки и образования. – 2020. – № 5 (47). – С. 273-292
- 101 The Impact of Augmented Reality on Spatial Visualization Ability and Science Achievement: Exploring their Correlation <https://ijaseit.insightsociety.org/index.php/ijaseit> (Date of access: 19.01.2025)
- 102 Suicide Interventions for Youths https://jamanetwork.com/journals/jamapediatrics#google_vignette (Date of access: 12.02.2025)
- 103 Özyürek E., Özpınar G., Altındış E. (ed.). Authoritarianism and Resistance in Turkey: Conversations on Democratic and Social Challenges. – Cham: Springer International Publishing, 2019. – P. 145-153
- 104 Zürcher E. J. Turkey: A modern history. – Bloomsbury Publishing, 2017. – P. 89-95
- 105 Çayır K. Citizenship, nationality and minorities in Turkey's textbooks: from politics of non-recognition to 'difference multiculturalism' // Comparative Education. – 2015. – T. 51. – № 4. – С. 519-536
- 106 Akdeniz Y., Altıparmak K. Internet: restricted access: a critical assessment of Internet content regulation and censorship in Turkey. – İmaj Kitabevi & İmaj Yayınevi, 2008. – P. 125-129
- 107 Akgül M., Kırıldıoğ M. Internet censorship in Turkey // Internet Policy Review. – 2015. – T. 4. – № 2. – С. 1-22
- 108 Yücel A. Hybrid digital authoritarianism in Turkey: the 'Censorship Law' and AI-generated disinformation strategy // Turkish Studies. – 2025. – T. 26. – № 1. – С. 1-27
- 109 Human Rights Watch (2023). Russia's Anti-LGBTQ Crackdown: [hrw.org](https://www.hrw.org) (Date of access: 17.02.2025)
- 110 Freedom House (2023). Freedom on the Net: Russia: [freedomhouse.org](https://www.freedomhouse.org) (Date of access: 25.02.2025)
- 111 Ministry of Education of Russia (2023). Patriotic Education Standards: edu.gov.ru (Date of access: 18.02.2025)
- 112 Amnesty International (2023). Russia's Crackdown on NGOs: [amnesty.org](https://www.amnesty.org) (Date of access: 27.02.2025)
- 113 Yan Y. The Chinese path to individualization // The British journal of sociology. – 2010. – T. 61. – № 3. – С. 489-512
- 114 Zhu Y., Peng J. From Diaosi to Sang to Tangping: The Chinese DST Youth Subculture Online // Global Storytelling: Journal of Digital and Moving Images. – 2024. – T. 3. – № 2. – P. 78-92

- 115 Engebretsen E. L. Queer ethnography in theory and practice: Reflections on studying sexual globalization and women's queer activism in Beijing // *Graduate Journal of Social Science*. – 2008. – Т. 5. – № 2. – С. 88-116
- 116 Coleman E.J., Chou W.S. *Tongzhi: Politics of same-sex eroticism in Chinese societies*. – Routledge, 2013. – P. 68-79
- 117 Xing Z. *The Everyday Practices of Resistance in Chinese Social Media: The Uses of Memes for Civic Engagement*. – 2022. – P. 112-127
- 118 Лисицына А.А. Прорыв Китая в Антарктику // *Социальные и гуманитарные науки. Отечественная и зарубежная литература. Сер. 9, Востоковедение и африканистика: Реферативный журнал*. – 2011. – № 4. – С. 167-171.
- 119 Осипов Е.М. Гэмблинг как девиантное поведение: психологические и социальные корни // *Социология власти*. – 2009. – № 1. – С. 18-20
- 120 Всеволодский-Гернгросс В.Н. и др. *Игры народов СССР*. – О. Sagner, 1933. – С. 59-68
- 121 Ковалева Е.Б., Воронцова О.Г. *Профилактика, коррекция и реабилитация игровой зависимости. Методические рекомендации*. – 2015. – С. 97
- 122 Карпов А.А. *Социально-психологическое содержание отношения к игре у зависимых игроков: дис. – диссертация... кандидата психологических наук: 19.00. 05 /.* – 2011. – С. 234
- 123 Горлова Е.Г. *Патопсихологические особенности игроков, зависимых от психоактивных веществ, и актуальные аспекты их психологической реабилитации* // *Наркология*. – 2006. – Т. 5. – № 9. – С. 64-68
- 124 Дудко Т.Н. и др. *Клинические особенности игромании* // *Наркология*. – 2006. – Т. 5. – № 10. – С. 43-48